

«Қалдықыз қана» бөбекжай- балабақшасы ЖШС

БЕКІТІЛДІ

Педагогикалық кеңеспен

«24» тамыз 2021 ж

№ 1 хаттама

«Қалдықыз ана» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі

_____ М.Б.Усербаева



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағдарламасының
мазмұнын іске асыруда «Бейнелеу өнері» тақырыбы бойынша
«Балдәурен» орта тобының вариативтік компонент жоспары**

2021-2022 ж

**Балдәурен ортаңғы тобы 2021-2022 жылдар
«Бейнелеу өнері» вариативтік жоспар**

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағаты
1	Түрлі-түсті сызықтар	Ақ парақ бетіне түсті қаламдарды таңдай отырып сызықтар сызады.	1
2	«Менің достарым жануарларым»	Салынған жануарды түсін тауып бояйды.	1
3	«Добым,добым дөңгелек»	Дөңгелек пішіннен түрлі түсті доптарды салады.	1
4	«Сиқырлы сандық»	Бейнеленген сандықты оралған мақта тамақшамен әшекейлейді	1
5	«Сиқырлы сандық»	Бейнеленген сандықты оралған мақта таяқшамен әшекейлейді.	1
6	Түрлі-түсті сызықтар	Ақ парақ бетіне түсті қаламдарды таңдай отырып сызықтар сызады.	1
7	Бағдаршам	Салынған бағдаршам көздерін, түсін таңдап бояйды.	1
8	«Жол белгілері, Бағдаршам»	Дөңгелек пішіннен түрлі-түсті бағдаршамды салады.	1
9	«Сиқырлы күз»	Сиқырлы күзді мақталы таяқшамен және бастырма тәсілімен өңдейді.	1
10	Менің денем	Ақ парақ бетіне түсті қағаздарды таңдай отырып, геометриялық пішіндермен дене бөліктерін сызады.	1
11	«Жемістер»	Өз қалаулары бойынша жемістерді салып, түстерін үйлестіріп бояйды.	1
12	Досыма арналған үй	Ақ парақ бетіне түсті қаламдарды таңдай отырып, геометриялық пішіндермен үйдің суретін салады.	1
13	«Жемістер»	Өз қалаулары бойынша жемістерді салып, түстерін үйлестіріп бояйды.	1
14	«Менің қалам»	Салынған суретті түсін таңдап бояйды.	1
15	«Бәйтерек»	Бастыра отырып сурет салып, әшекейлеу.	1
16	«Қоян суретін салу»	Дөңгелек пішіндер сызу арқылы қоян бейнесін салу.	1
17	«Суық торғай»	Сурет салу кезінде қылқаламды қолында еркін ұстай біледі.үлгіге қарап салады	1
18	«Қоян суретін салу»	Дөңгелек пішіндер сызу арқылы қоян бейнесін салу.	1
19	«Қыс көрінісі»	Дәстүрден тыс әдіс балауыз шамды	1

		қолдану арқылы салдыру.	
20	«Көлікті аяқта»	Салынған суретті, аяқтап түсін таңдап бояйды.	1
21	«Теледидар»	Салынған шамды, түсті таңдай отырып бояуды біледі.	1
22	«Тәрелке»	Қылқаламмен сурет сала алады.	1
23	«Гүл»	Дәстүрден тыс әдіс гүлді бастыру арқылы салу.	1
24	«Ою суретін салу»	Бастыру арқылы ою салу.	1
25	«Күн»	Дәстүрден тыс алақанмен сурет салу.	1
26	«Кілемше»	Кілемше бұрыштарына дәстүрден тыс сурет салу арқылы әрлеу саусақпен.	1
27	«Кілемше»	Кілемше бұрыштарына дәстүрден тыс сурет салу арқылы әрлеу саусақпен.	1
28	«Гүл»	Дәстүрден тыс әдіс гүлді губкамен бастыру арқылы салу.	1
29	«Бидай»	Сопакша пішінді бастыра отырып бидай суретін салдыру.	1
30	«Көбелек»	Балаларға көбелек туралы түсінік беру. Сурет салудың дәстүрден тыс әдіс – тәсілі баспа әдісін қолдана отырып, көбелек суретін сала білуге үйрету.	1
31	«Ағаш»	Қылқаламмен және бояудың көмегімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.	1
32	«Бидай»	Сопакша пішінді бастыра отырып бидай суретін салдыру.	1
33	«Бидай»	Сопакша пішінді бастыра отырып бидай суретін салдыру.	1
34	«Көбелек»	Балаларға көбелек туралы түсінік беру. Сурет салудың дәстүрден тыс әдіс – тәсілі баспа әдісін қолдана отырып, көбелек суретін сала білуге үйрету.	1
35	«Ағаш»	Қылқаламмен және бояудың көмегімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.	1
36	«Ағаш»	Қылқаламмен және бояудың көмегімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.	1

Барлығы 36 сағат.

«Қалдықыз ана» бөбекжай- балабақшасы ЖШС

БЕКІТІЛДІ

Педагогикалық кеңеспен

« 24 » тамыз 2021 ж

№ 1 хаттама

«Қалдықыз ана» бөбекжай

балабақшасының меңгерушісі

М.Б. Усербаева

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағдарламасының
мазмұнын іске асыруда «Тапқыштар әлемі» тақырыбы бойынша
«Балдырған» ересек тобының вариативтік компонент жоспары**

«Балдырған» ересек тобы 2021-2022оқу жылы

«Тапқыштар әлемі» (Вариативтік жоспар)

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

1	«Отбасы мүшелерін ата»	Отбасы мүшелерін атап,оларды ажырата білуге үйрету.Әке мен ананың,қыз бен ұлдың аттарын ойша ажырата отырып сызықтармен қоса білуге дағдыландыру.өз отбасына сүйіспеншілікпен қарауға,үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.	1
2	«Суретпен жұмыс»	Суреттегі заттарды салыстыру олардың айырмашылықтарын таба білу.	1
3	«Артық затты табу,бір сөзбен атау.	Ойша артық заттарды бөліп. Қалған заттарды бір сөзбен атай білуге үйрету.	1
4	«Заттарды санау»Туру және кері санау.»	Санауға үйрету ,есте сақтау қабілетін дамыту.	1
5	«Геометиялық пішіндерді ажырату,кеңістіктен таба білу»	Балаларға геометриялық пішіндер жайлы білім беру.Қолдарының моторикасын дамыту. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тәрбиелеу	1

6	«Тез есепте!»	0- ден 10- ға дейінгі сандар қатарын дұрыс айтуға дағдыландыру	1
7	«Кеңістіктіктегі заттарды орналастыру».	Балаларға кеңістіктегі заттарды орналастыру туралы мағұлмат беру. Заттардың орнын ажырата білуге дағдыландыру Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу	1
8	«Көңілді санамақтар»	Жылдам санау дағдыларын ұштау	1
9	«Кеңістікті бағдарлау»	Балаларға жоғары, төмен, алыс, жақын, оң жақ, сол жақ, алдында, артында ұғымдары жайлы білім беру.Өз айналасын бағдарлай білуге дағдыландыру.Тапсырмаға зейін қоя отырып, тапсырманы тиянақты орындай білуге тәрбиелеу.	1
10	«Ойлан, тап»	Заттардағы айырмашылықты аңғаруға білуге үйрету.Ойлау қабілеттерін арттыру. Тапсырманы зейін қойып орындай білуге тәрбиелеу.	1
11	«Сиқырлы қоржын»(Ойын)	Геометриялық фигураларды тани білу дағдыларын қалыптастыру.	1
12	«Қызықты текше»	Сандардың ретін меңгерту.	1
13	«Заттардың арасындағы айырмашылығын анықтау».	Заттардың айырмашылығын ажырата білуге үйрету.Белгілерді үлгі бойынша үйрету. Тапсырмаға зейін қоя отырып, тапсырманы тиянақты орындай білуге тәрбиелеу.	1
14	«Сәулетші» ойыны	Геометриялық фигуралардан түрлі заттар құрастыру.	1

15	«Жануарлардың орнын анықтау»	Жасырын тұрған жануарларды табу. Мағанасына қарай сөздерді табу Тапсырманы тиянақты орындай білуге тәрбиелеу.	1
16	«Бізнесеуміз?»	Санауға үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту	1
17	«Зейін қою»	Бала бойында зейін қабілеттерін қалыптастыру. Ортақ белгілерді таба білуге дағдыландыру. Шапшаңдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
18	«Суретпен жұмыс»	Суреттегі заттарды салыстыру, олардың айырмашылықтарын таба білу.	1
19	«Таныс фигураларды ата»	Балалардың көз зердесін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	1
20	«Ойлан, тап»	Заттардағы айырмашылықты аңғаруға білуге үйрету. Ойлау қабілеттерін арттыру. Тапсырманы зейін қойып орындай білуге тәрбиелеу.	1
21	«Көңілді санамақтар»	Жылдам санау дағдыларын ұштау.	1
22	«Жылдам ойлан!»	Ойын – тест арқылы қажетті жауапты таңдай білуге дағдыландыру.	1
23	«Тапқышбектің тапсырмасын орындайық»	Берілген тапсырманы толық орындату. Сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру. Тапсырманы тиянақты орындай білуге тәрбиелеу.	1
24	«Бүтін және бөлік»	Бүтін заттың бірнеше бөліктен тұратынын түсіндіру.	1
25	«Заттардың орналасуы»	Заттарды түр – түсіне қарай ажыратуға, санауға үйрету, ретімен орналастыру.	1
26	«Бағыттарды ажырату, оң мен солды айыру».	Бағыттарды ажырата білуге үйрету, оң мен солды айыруға үйрету. Бой ерекшелерін салыстыру. Таза лақа, шапшаңдыққа үйрету.	1

27	«Сәйкестікті ажырата білу»	Өз жұмысын түсіндіре отырып, тапсырманы тиянақты орындай білуге тәрбиелеу. Сұрақтарға ойланып жауап бере білуге дағдыландыру. Тазалаққа, шапшаңдыққа үйрету.	1
28	«Артық затты анықта»	Жұмысты тиянақты орындай білуге үйрету. Өз жасаған жұмысын бағалау алуға тәрбиелеу. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	1
29	«Оң мен солды ажырату».	Жұмысты тиянақты орындай білуге үйрету. Өз жасаған жұмысын бағалау алуға тәрбиелеу. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	1
30	«Ойын «Кім тапқыр?»	Сандар қатарының қасиеті жайындағы білімін пысықтай түсу	1
31	«Заттардың ұқсастығын табу».	Заттардың айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Қолдарының моторикасын дамыту. Достық сезімге тәрбиелеу.	1
32	«10-ға дейінгі сандарды санауға үйрету». «Сандардың орнын тап» ойын.	10-ға дейінгі сандарды ауызша және жазбаша санауға дағдыландыру.	1
33	«Бастаған жұмысты аяқта»	Жұмысты аяқсыз қалдырмауға үйрету.	1
34	«Ойнай отырып, ойла»	Көзбен көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту.	1
35	«Жолды анықта. Құрлыс ретін көрсету».	Жұмысты тиянақты орындау білуге үйрету. Өз жұмысын бағалау. Тазалаққа, шапшаңдыққа үйрету.	1
36	«Математикалық эстафета»	Балалардың алған білімін тексеру, бекіту.	1
Барлығы			36

«Қалдықыз ана» бөбекжай- балабақшасы ЖШС

БЕКІТІЛДІ

Педагогикалық кеңеспен

« 24 » тамыз 2021 ж

№ 1 хаттама

«Қалдықыз ана» бөбекжай
балабақшасының меңгерушіс

М.Б.Усербаева



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағдарламасының
мазмұнын іске асыруда «Өнерлі екен он саусақ» тақырыбы
бойынша «Балдырған» ересек тобының вариативтік
компонент жоспары**

2021-2022 оқу жылы

Вариативтік компонент

«Өнерлі екен он саусақ» оқу іс-әрекетінің перспективтік жоспары

«Балдырған» ересек тобы 2021-2022

	Тақырыбы	Бағдарламаның мазмұны	Қолданылатын көрнекіліктер	Сағат саны
1	Ұшақтар бүктеу	Қағаздың түрлерімен таныстыру қағаздан бүктеу әдісін түсіндіріп дайындау.	Ұшақтың суретісалынған плакаттар,қағаздар. Түрлі түсті бояулар	1
2	Аққулар қол еңбегі	Қағаздың түрлерімен таныстыру ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру	Аққудың суреті,картон қағаз,қайшы ,желім, түрлі түсті бояулар	1
3	Сиыр сурет салу	.Сурет салуға қызығушылығын арттыру,қарындашты оң қолыменұстауға үйрету,жаттықтыру	Сиырдың суреті,түрлі –түсті бояулар,ақ қағаздар	1
4	Паровоз мүсіндеу	Мүсіндеу барысында шағын көлемді кесек есу әдіс-тәсілдерін түсіндіру	Сюжетті суреттер,ермексаз	1
5	Әтеш бақа жапсыру	.Балаларға түрлі-түсті қағаздарды таныстырып отырып,үлгілерінбастырып қою Қағазбен жұмыс жасау іскерлік дағдыларын қалыптастыру	Желім .қайшы қағаздар үлгілер, траферат	1
6	Алтын балық қол еңбегі	Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру,дайын болғанжұмыстарын әшекейлеуге үйрету.		1
7	Қайық	Бүктеп жасай білуге үйрету	.Қағаз,қайықтың суреті	1

8	Қашқаргүл (астра) мүсіндеу	Балаларды гүлдермен таныстыруды жалғастыру. Мүсіндеу арқылы балалардың қол икемділіктерін арттыру.	Қашқаргүлдің суреті, ермексаз	1
9	Арыстан жапсыру	Түрлі қағаздардан арыстан бейнесін бастырып жапсыру.	Сюжетті сурет, түрлі түсті қағаздар, желім,	1

			қайшы	
10	Аққала қол еңбегі	Өз қолымен бұйым жасауға қызығушылығын арттыру. Қиып алынған бөлшектерді әдемі орналастырып бекіту.	«Қазақстан табиғаты» тақырыптық суреттер	1
11	Үйрек мүсіндеу	Тұзды қамырды ұқыпты пайдалану. Қол икемділіктерін арттыру.	Тақырыптық суреттер	1
12	Түймедақ бүктеу	Бүктеу әдіс - тәсілдерді түсіндіру.	Тақырыптық суреттер	1
13	Қысқы киім . қол еңбегі	Матаның сапасымен, тігіншілер еңбегімен таныстырып, еңбек туралы мақал - мәтелдер жаттату	Қысқы киімдердің суреттері, әртүрлі мата, қайшы, желім.	1
14	Тасбақаның суретін салып үйренеміз сурет салу	Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыпты бояуға жетелеу.	Тақырыптық суреттер	1
15	Досыма сыйлық мүсіндеу	Мүсіндеу барысында шағын көлемді кесек есу әдіс - тәсілдерін көрсету.	Сюжетті сурет, ермексаз.	1
16	Қалампыр қол еңбегі	Қағазбен әртүрлі жұмыс дағдыларын жетілдіру.	Қалампыр гүлінің суреті. Түрлі-түсті қағаз, қайшы, желім.	1
17	Тату жанұя (мүсіндеу)	Балаларға отбасы туралы әңгімелер оқып беріп, тақпақтар, нақыл сөздер жаттау. Отбасы туралы мүсіндеу.	Сюжетті суреттер	1
18	Қоңыраугүл сурет	Сурет салуға қызығушылығын арттыру, қарындашты оң қолымен ұстауға үйретіп жаттықтыру.	Қоңыраугүл салынған суреттер	1
19	Қояндар бүктеу.	Түрлі бүктеу әдіс - тәсілдерін үйрету.	Қоянның суреті, түрлі түсті қағаздар	1
20	Молшылық, береке түрлі материалдар	Түрлі материалдармен жұмыс жасауға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру.	«Күз» туралы суреттер	1
21	Бақа бүктеу	Қағаздарды бүктеу тәсілдерін жасап жаттығу.	Тақырыптық суреттер	1
22	Қаздың балапаны	Балаларды ине - жіппен жұмыс жасауға жаттықтыру.	Әңгіме желісі бойынша	1

	қол еңбегі		суреттер	
23	Бақ - бақ қол еңбегі	Балалардың ынта - ықыласын арттыру, көтеріңкі көңіл - күй туындату.	Тақырыптық суреттер	1
24	Балықтар. мүсіндеу	Саусақ икемділіктерін әрі қарай жаттықтыру. Түрлі пішіндерді мүсіндеу.	Сюжетті суреттер	1
25	Анамызға сыйлық (қол еңбегі)	Түсті қағаздардан гүл құрастыру. Аналарына сыйлық дайындау.	Тақырыптық суреттер	1
26	Гүлдер әлемі сурет	Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылығын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу	Сюжетті суреттер, бояулар, ақ қағаз.	1
27	Орманда қол еңбегі	Балаларға гүлдердің түрлері туралы ертегі оқып беріп, мазмұндау. Балаларды бояумен сурет салғызуға қызығушылығын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу.	Сюжетті суреттер	1
28	Көлде жүзген аққу мүсіндеу	Тұзды қамырды ұқыпты бояу. Қол икемділіктерін арттыру.	Тақырыптық суреттер	1
29	Қайықша. бүктеу	Қайықшаны түрлі қағазбен бүктеу тәсілдерін жасауға жаттықтыру.	Қайықшаның суреті	1
30	Қонжық (қол еңбегі)	Аюдың аюдың баласы туралы ертегі оқып беру, мазмұндау. Өртүрлі материалдарды біріктіріп, аюлар бейнесін жасауға үйрету. Дене бөліктерін біріктіріп, желімдеу, балалардың ой-қиялын дамыту.	Қонжықтың суреті.	1
31	«Алқаптағы гүлдер» жапсыру	«Көктем» мезгілінде өсетін гүлдер туралы тақпақ жаттау. Көктем гүлдерін жинақтап, кептіріп жапсырмалау.	Алқаптағы гүлдердің суреттері	
32	Құстар (сурет салу)	Балаларға «Құстар» туралы ертегі оқып беру. Тақпақ жаттау. Балаларды табиғаттағы құстарды аялап, баптап, күте білуге үйрету. Құстарға деген қамқорлық көзқарастарын тереңдету. Құстардың суретін салу. Сурет салуға қызығушылықтарын	Құстардың суреттері.	1

		арттыру.		
33	Жаңбыр (саусақпен сурет салу)	Шығарманы оқып беру, мазмұнын түсіндіру. Балалардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. Үлкендерді құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. Жаңбырдың суретін саусақ арқылы салу.	Көрнекі суреттер	1
34	Шалғын шөптер (жапсыру)	Балаларға шөптер туралы әңгіме оқып беру арқылы, білгендерін жетілдіру. Шөпті ақ қағазға жұлмалау әдісі арқылы жапсыру.	Сюжетті суреттер.	1
35	Жайлауда (қол еңбегі)	Балаларға «Жайлау» туралы әңгімелеп, мазмұндау. Жайлаудың бейнесін әртүрлі заттардан бейнелеп жасау.	Сюжетті суреттер.	1
36	Көрме ұйымдастыру	Ата-аналармен көрме ұйымдастыру		1
Барлығы				36

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Ұшақ

Мақсаты: Балаларға ұшақ туралы әңгімелей отырып, «Ұшақ» туралы тақпақ жаттату. Ұшақтың бейнесін қағаздан бүктеу әдісі арқылы жасауға үйрету.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, жұмбақ, түсіндіру, бекіту.

Билингвалды компонент: ұшақ-самолет

Сөздік жұмыс: ұшақ

Көрнекіліктер: ұшақтың суреті салынған плакаттар, қағаздар, түрлі түсті бояулар

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Тақырыптық сурет бойынша жұмыс жүргізу.	Балалардың қызығушылығы оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Аспан түрді түндігін Жерге сәуле жайылды. Неткен ашық күн бүгін, Қайырлы таң, қайырлы! Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Жұмбақ: Ақ сұңқар құсым келеді. Жолына бояу жағып келеді. (Ұшақ) -Қандай көлік түрлерін білесіңдер? - Балалар сендер ұшаққа отырып көрдіңдер ме? -Ұшақ қандай көлік түрлеріне жатады?	Балалар шеңбер жасап тұрып қайталайды. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді. Балалардың жауаптары тыңдалады.

	Балалар көлік бара алмайтын жерге ұшақ барады. Алыс айшылық жерлерге жылдам уақытта ұшақ ұшып барады. Балалар бүгін біз ұшақтың бейнесін қағаздан бүктеу әдісі арқылы жасаймыз. Сергіту сәті: Инелік-ау, инелік, Инелікке тимелік, Тік ұшақты жасадық, Иналіктен үйреніп. Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін.	Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды. Қимылмен көрсетеді. Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу іс-әрекетті қорыту: Балалардың жасаған жұмыстарынан кішігірім көрме ұйымдастыру.	Салған суреттеріне қызыға қарайды..

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: жұмыстың орындалу ретін білу керек;

Нені игерді: композиция құра білуге дағдылану;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Аққулар

Мақсаты: Балаларға «Аққу» құсымен таныстырып, тақпақтар жаттату.

Аққудың бейнесін картон қағазға ұсақ қағаздардан желімдеу арқылы жасау.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру, жұмбақ, бекіту.

Билингвалды компонент: аққу-лебедь

Сөздік жұмыс: аққу.

Көрнекіліктер: Аққудың суреті.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Тақырыптық сурет бойынша жұмыс жүргізу.	Балалардың қызығушылығы оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Аспан түрді түндігін Жерге сәуле жайылды. Неткен ашық күн бүгін, Қайырлы таң, қайырлы! Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Жұмбақ: Садақша мойнын иілтіп, Көрген жанды сүйінтіп, Жүзгенде көлдің сәні өзі, Судағы құстың нәні өзі. Жердегі құстың серкесі; Көктегі құстың еркесі. (Аққу) -Қандай құстың түрлерін білесіңдер? -Аққу қандай құсқа жатады?	Балалар шеңбер жасап тұрып қайталайды. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді. Шешуін табу, есте сақтау.

	-Аққу қайда мекендейді? Балалар аққу өте қасиетті құс. Құстардың ішіндегі ең сұлу құс аққу. Аққуды атуға болмайды. Мақал: Аққуды атпа, Досыңды сатпа. Бүгін біз осы аққудың бейнесін өз қолымызбен еңбек етіп жасайық. Жасалу долымен түсіндіріп өтейін. -Картон қағазды алып аққудың бейнесін саламыз, сосын барып қиамыз. Ұсақ ақ қағазды жырту әдісін пайдаланып, аққудың қауырсынын жапсырамыз. Сергіту сәті: Бір екі, үш, Жинап алып күш. Біз ұшамыз кептерше Қолымыз жерге жеткенше. Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін.	Мақалды жатқа айту. Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды. Қимылмен көрсетеді. Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу іс-әрекетті қорыту: Балалардың жасаған жұмыстарынан кішігірім көрме ұйымдастыру.	Салған суреттеріне қызыға қарайды..

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: жұмыстың орындалу ретін білу керек;

Нені игерді: композиция құра білуге дағдылану;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Паравоз.

Мақсаты: Паравоз туралы өлең оқып беру. Балалардың тіл байлықтарын молайту. Паравоздың суретін ермексازдан мүсіндеу. .

Әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру, жұмбақ, бекіту.

Билингвалды компонент: паравоз-паравоз

Сөздік жұмыс: паравоз.

Көрнекіліктер: Тақырыптық суреттер, ермексаз, тақтайша, сүлгі.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Тақырыптық сурет бойынша жұмыс жүргізу.	Балалардың қызығушылығы оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Күндей жылы, Алмадай тәтті, Доптай көңілді, Жүзіктей әдемі бол! Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Кіріспе әңгіме Жұмбақ: Күндіз-түні күрсінеді, Жүрген жері сілкінеді. (Пойыз) Адамдар алыс сапарларға жол көліктерімен, яғни автобустармен, әуе көлігі – ұшақпен, темір жол көлігі – пойызбен, су көлігі – кемемен жол жүреді. Балалар сендер алыс жолдарға шыққан кезде қандай	Балалардың бір-біріне деген жақсы тілектері. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді. Шешуін табу, есте сақтау.

	көлік түрлерімен барғанды ұнатасыңдар. Бүгін біз ермексаздан паравоздың бейнесін мүсіндейміз. Жұмыстың орындалу барысын түсінідіріп өтейін. -Түрлі түсті ермексаздан тіктөртбұрыш жасап алып, паравоздың бейнесін мүсіндейміз. -Ақ ермексаздан паравоздың терезесін мүсіндейміз. . Сергіту сәті: Бір екі, үш, Жинап алып күш. Біз ұшамыз кептерше Қолымыз жерге жеткенше. Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін.	Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды. Қимылмен көрсетеді. Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу іс-әрекетті қорыту: Балалардың жасаған жұмыстарынан кішігірім көрме ұйымдастыру.	Салған суреттеріне қызыға қарайды..

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: жұмыстың орындалу ретін білу керек;

Нені игерді: композиция құра білуге дағдылану;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Алтын балық

Мақсаты: Балаларды ертегі оқып беріп, түсінгендерін әңгімелету. Тіл байлықтарын жетілдіру. Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру. Әшекейлік арқылы көркемдік тәрбие беру.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру, жұмбақ, бекіту.

Билингвалды компонент: Алтын балық-золотая рыба

Сөздік жұмыс: жарлы.

Көрнекіліктер: Тақырыптық суреттер, ермексаз, тақтайша, сүлгі.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Тақырыптық сурет бойынша жұмыс жүргізу.	Балалардың қызығушылығы оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Күндей жылы, Алмадай тәтті, Доптай көңілді, Жүзіктей әдемі бол! Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Кіріспе әңгіме Балалар мен сендерге алдымен «Алтын балық» ертегісін оқып берейін. Мұқият тыңдаңдар. Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап: -Шал қайда барды? -Өзенге не үшін барды? -Шалдың қармағына не ілінді?	Балалардың бір-біріне деген жақсы тілектері. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді.

	-Балық шалдың қандай арманын орындады? Жұмыстың орындалу барысын түсіндіріп өтейін. Бүгін біз алтын балықтың бейнесін картонға салып алып, оны қиып аламыз. Дайын болған балықтың желбезегін түрлі түсті моншақтармен безендіреміз. Жұмысты бастамас бұрын бойымызды сергітіп алайық. Сергіту сәті: Бір екі, үш, Жинап алып күш. Біз ұшамыз кептерше Қолымыз жерге жеткенше. Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін.	Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды. Қимылмен көрсетеді. Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу іс-әрекетті қорыту: Балалардың жасаған жұмыстарын талдау. Жақсы жасалған жұмыстардан кішігірім көрме ұйымдастырады.	Балалар жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: «Алтын балық» ертегісін;

Нені игерді: әртүрлі моншақтан балықтың желбезегін безендіруді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Арыстан

Мақсаты: Балаларға арыстан туралы ертегі әңгімелеп беру, арыстанның жабайы аң екенін ұғындыру. Ертегінің мазмұнын білуге үйрету. Түрлі қағаздардан арыстан бейнесін жапсыру арқылы бейнелеу.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру, жұмбақ, бекіту.

Билингвалды компонент: арыстан-лев

Сөздік жұмыс: патшасы

Көрнекіліктер: Арыстанның суреті, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Арыстан мен түлкі» ертегісін оқып беремін, сендер мұқият тыңдаңдар.	Балалардың қызығушылығы оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Күндей жылы, Алмадай тәтті, Доптай көңілді, Жүзіктей әдемі бол! Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Кіріспе әңгіме -Қандай жабайы аңдарды білесіңдер? -Аңдар қайда мекен етеді? -Аң патшасын айтыңдаршы. -Түлкі қандай аң? -Қоян ше? Дұрыс айтасыңдар, аңның патшасы арыстан. Үлгіге қарап, арыстанның	Балалардың бір-біріне деген жақсы тілектері. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді. Балалардың жауаптары тыңдалады.

	бейнесін қалай жапсыру керектігіне назар аударыңдар. Жұмыстың орындалу барысын түсіндіріп өтемін, сендер мұқият тыңдаңдар. - Алдымен қоңыр түсті қағаз аламыз. - Арыстанның басын қиып аламыз. Басының пішіні домалақ. - Денесі сопақша. - Құйрығы ұзын келеді. - Аяқтарын қиып аламыз. Осы қиындыларды енді ақ қағазға жапсырамыз. Сергіту сәті: Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық, Қалтамызға салайық. Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін.	Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды. Қимылмен көрсетеді. Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу іс-әрекетті қорыту: Балалар жұмыстарынан көрме ұйымдастырып, қортындылауына мүмкіндік беру.	Балалар жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: «Арыстан мен түлкі» ертегісінің мағынасын;

Нені игерді: жұмыстың орындалу барысын;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Аққала

Мақсаты: екі еселеп бүктелген шаршылардан дөңгелектер қию тәсілін жетілдіру; әртүрлі өлшемдегі дөңгелектерден құұала бейнесін құрастыруды үйрету; қолдарының икемділіктерін арттыру.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, жапсыру, бекіту.

Билингвалды компонент: аққала-снеговик

Сөздік жұмыс: аққала, таяқ, сыпырғыш.

Көрнекіліктер: аққала бейнеленген суреттер, түрлі түсті қағаздар, қайшы желім, қолорамал.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Алдын ала балаларға жұмбақ жасырып, жұмбақтың дұрыс шешуінен кейін аққаланың суретімен жұмыс жасату.	Қызығушылықтар ы артады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Сурет бойынша жұмыс: Өте дұрыс. Балалар ауладан қардан домалатып, Аққаланы барлығы бірігіп, бір-біріне көмектесіп жатыр. Аққала жасағанда қардан домалатып әртүрлі көлемде үш домалақ жасап алып, оларды бір-бірінің үстіне үлкенінен бастап орналастырып қойып алады. Сосын басына шелек кигізіп, бет-әлпетін жасайды. Қолдарын жасап, қолына таяқ немесе сыпырғыш іледі. Бүгін біз осы Аққаланы қағаздан қиып, жапсырып жасаймыз. Мен сендерге үлгі ретінде жұмысты орындап көрсетемін, мұқият тыңдаңдар. Тіктөртбұрыш пішінді дайындаманы көгілдір түсті	Бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. Қойылған сұрақтарға толық жауап береді. Зейін салып тыңдайды.

	қағаздан қиып аламыз. Оны екі еселеп бүктеп, жай қарындашпен шеңбердің ширек бөлігін сызамыз. Контур сызық бойымен дөңгелектерді қиып аламыз. Түрлі түсті қағазға Аққаланың қалған бөлшектерін (қолы, шелегі, сыпырғышы, сәбіз-мұрны) сызып, сызық бойымен қиып аламыз. Негізгі бетке аппликацияның бөлшектерін реттеп орналастырып аламыз. Аппликацияның барлық бөлшектерін негізгі бетке ретімен жапсыру. Аққаланың көзі мен аузын қара фломастермен сызып аламыз. Серіту сәті: Қыздырайық денені, Кел, балалар, кел бері. Қыздырайық денені Орнымыздан тұрып-ақ. Балалар істеріңе сәттілік тілеймін.	Өлең мазмұнына қарай қимыл – қозғалыстар жасайды, көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу іс – әрекетін қорыту: Жұмыстың орындалу сапасына назар аудару. Жақсы жасалған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру. Балалар жұмыстарын бағалау, мадақтау.	Жасаған жұмыстарына қызыға қарайды.

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: Аққала туралы тақпақтар, жұмбақтар жатқа біледі;

Нені игерді: әртүрлі өлшемдегі дөңгелектерден аққала бейнесін құрастыруды игерді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете алады.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Түймедағы

Мақсаты: Балаларға «түймедақ» гүлі туралы оның адам денсаулығын пайдасы туралы әңгімелеп беру. Бүктеу әдіс-тәсілдерін түсіндіру.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, жапсыру, бекіту.

Билингвалды компонент: түймедағы-ромашка

Сөздік жұмыс: түймедақ

Қолданылатын көрнекілік: түймедақ гүлі, дайын жұмыстың үлгісі, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім, қарындаш, қолорамал.

Іс- әрекет Кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Қазақстанда өсетін гүлдер туралы әңгімелесу.	Балалардың зейіні артады.
Ұйымдастырушылық- ізденістік	Шаттық шеңберін құру. Табиғатқа қамқор боп, Байлығынбіз қорғайық. Әдепті де, тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық. Табиғат күн тізбесімен жұмыс жүргізу. Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Кіріспе әңгіме Гүлді әдемілік үшін өсіреді. Гүлдер бақшада, тауда, далада, бөлмеде өсіріледі. - Бөлме гүлдерін қалай күту керек, және оны кімдерге сыйлайды? -Түймедақ гүлі бақшада, тауда, далада өседі. Тауда және далада өсетін түймедақ гүлі жабайы түріне жатады. Ал бақшада өсетін түймедақ гүлі жабайы түймедақ гүлінен айырмашылығы өте көп.	Балалар дөңгелене тұрып өлең жолдарын қайталайды. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді. Гүлдер туралы әңгімелейді.

	Енді осы гүлді бүктеу әдісі арқылы жасаймыз. Үлгіге қарап жұмыстың орындалу ретімен танысайық. Жапырақтар мен гүл күлтелеріне арналғандайындамаларды қабаттап бүктеу. Қарындашпен жапырақтар мен гүл күлтелерінің суретін салу. Бөлшектерді белгі бойымен қию. Гүлдің ортасын қиып алып тіліктер жасау. Тіліктерді ұқыппен шашақтау. Гүл күлтелері мен жапырақтарының ұшын қарындаштың көмегімен сәл иіп көтеру. Негізгі қағаз бетіне бөлшектерді үйлестіріп орналастыру. Барлық бөлшектерді ретімен жапсыру. Жұмыстың орындалуын, әр баланың өз міндетін дұрыс атқаруын қадағалау. Сергіту сәті: Дала гүлін сыйлық үшін жинаймыз, Кейде оны жұлға да қимаймыз. Бұл гүлдерді қуанышты сәттерде, Шын жүректен аналарға сыйлаймыз.	Жұмыстың орындалу ретімен танысады. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу іс-әрекетін қортындылау. Дайын жұмысты бөлме қабырғасына іліп қоюға немесе сыйлауға болады.	Балалар жасаған жұмыстарын керегеге іліп қояды.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: көлемді түймедақ гүлін жасау тәсілімен танысты.

Нені игерді: бүктеу әдіс-тәсілдерімен таныстыру.

Нені біледі: гүлдер туралы өлең, тақпақтарды жатқа айтады.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Тасбақаның суретін салып үйренеміз

Мақсаты: «Тасбақа» туралы ертегі оқып беру. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыпты бояуға жетелеу.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, бекіту.

Билингвалды компонент: тасбақа-черепаха

Сөздік жұмыс: тасбақа.

Көрнекіліктер: тасбақа бейнеленген суреттер.

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Тасбақа» туралы ертегі оқып беру.	Балалардың қызығушылықтары оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: - Кәне, балалар дөңгелене тұрып, бір – бірімізге жылы лебіздерімізді білдірейік. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу: Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Кіріспе әңгіме Балалар мен оқу іс – әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр. Жұмбақ жасыру: Аяғы бар басы бар, Арқалаған тасы бар. (Тасбақа) -Тасбақа қайда өмір сүреді? -Не үшін тасбақа дейміз? Жарайсыңдар балалар. Тасбақа өте баяу жүреді және ол құрғақ, шөлді, сонымен қатар суда да мекендейді. Өзін қорғайтын кезде аяқ – қолын,	-Жүрегімдегі жылуымды саған ыстық алақаным арқылы жіберемін. Қойылған сұрақтарға толық жауап береді. Шешуін табу, есте сақтау. Тасбақаның суретін салуға кіріседі.

	басын жинап, бұғына қалады. - Демек,балалар тасбақаның суретін саламыз. Үлгіге қарап жұмыстың орындалу барысымен таныстыру. - Қоңыр немесе сұр түстерді қолданамыз. Сергіту сәті: Бақа, бақа балпақ, Басың неге жалпақ. Бұтың неге талтақ, Көзің неге тостақ, Темір телпек көп киіп Басым содан жалпақ. Су ішінде көп жүзіп , Бұтым содан талтақ. Көрінгенге көп қарап Көзім содан тостақ.	Сергіту сәтін тәрбиешімен бірге жасайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу іс – әрекетін қорытындылау: Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастыру, балалар жұмысын бағалау.	Балалар жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Әр түрлі тәсілдерді пайдалана отырып тасбақаның бейнесін жасай алады;

Нені игерді: тасбақаның бейнесін ұқсатып жасауға дағдыланды;

Нені біледі: тасбақа туралы өлең – тақпақтарды жатқа біледі.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Досыма сыйлық

Мақсаты: Балаларға «Достық» туралы әңгіме оқып, сұрақ-жауап арқылы білгендерін жетілдіру. Достық туралы мақал-мәтел жаттау. Мүсіндеу барысында шағын көлемді, кесек есу әдіс-тәсілдерін көрсету.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, бекіту.

Билингвалды компонент: сыйлық-подарок

Сөздік жұмыс: сыйлық

Көрнекіліктер: сыйлықтың суреттері, ермексаз, тақтайша, орамал.

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Достық» жайында мақал-мәтелдер жарысын өткізу.	Балалардың қызығушылықтары оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: - Кәне, балалар дөңгелене тұрып, бір – бірімізге жылы лебіздерімізді білдірейік. Кел балалар ортаға! Қайырлы таң достарым! Достарымды көргенде! Қуана қарсы аламын! Қолымыздан ұстасып, Жылулықты алайық. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу: Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Кіріспе әңгіме Мақал-мәтелдер: Досы көпті жау алмайды, Ақылы көпті дау алмайды. Жүз теңгең болғанша, жүз досың болсын.	-Жүрегімдегі жылуымды саған ыстық алақаным арқылы жіберемін. Мақалды жатқа айтқызу.

	Дос жылатып айтады, Дұшпан күлдіріп айтады. -Бұл мақалдың мағынасын қалай түсінесіңдер? -Балалар жан дос дегенді қалай түсінесіңдер? -Балалар сендердің достарың бар ма? -Достарыңа қандай сыйлық жасағанды ұнатасындар? Онда өздеріңе ұнаған сыйлықты ермексаздан мүсіндеп жасап, достарыңа сыйлаңдар. Сергіту сәті: Достарды біз қолдаймыз, Қиын шақта қорғаймыз, Біздің топта ұл-қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз.	Балалардың жауаптары. Балалар өздеріне ұнаған сыйлықтарды ермексаздан мүсіндеп жасайды. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу іс – әрекетін қорытындылау: Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастыру, балалар жұмысын бағалау.	Балалар жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: «Достық» туралы мақал-мәтелдерді;

Нені игерді: ермексазбен әр түрлі сыйлықтарды жасауды игерді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусак

Тақырыбы: Қояндар

Мақсаты: Балаларға қоян туралы тақпақ . жаттатып, қоянның суретін көрсету арқылы қағаздан бүктеу әдісі арқылы жасау. Түрлі бүктеу әдіс-тәсілдерін үйрету.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, бекіту.

Билингвалды компонент: қоян-заяц

Сөздік жұмыс: көжек

Көрнекіліктер: Қоянның суреті, түрлі қағаздар.

[illegible]

	жануарлар түрлерін білесіңдер? -Аңдар қайда мекен етеді? - Қоян туралы кім тақпақ біледі? - Қоянның төлінің атауы қандай? Демек балалар ақ және сұр түсті қағаздардан бүктеу әдісі арқылы қоянды жасаймыз. Үлгіге қарап жұмыстың орындалу барысымен таныстырып өтейін, мұқият тыңдаңдар. Сергіту сәті: Тұра, тұра суықта, Қоян жаурап торықты. Алайын деп жылынып, Әрлі-берлі жорытты. Секең-секең, секең-секең, Секіріп жылынатын қоян екен, Үркітті де бір ноян, Зытып берді бір қоян. Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.	Балалар қоян туралы тақпақтар айтады. Жұмыстың орындалу барысымен танысады. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу іс – әрекетін қорытындылау: Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастыру, балалар жұмысын бағалау.	Балалар жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: қоян туралы тақпақ, жұмбақтар;

Нені игерді: ермексازдан қоянды мүсіндеуді;

Нені біледі: жұмыстың орындалу барысын.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Бақа

Мақсаты: Бақа туралы тақпақтар жаттау және ертегі оқып беру. Бақаның түрлерімен таныстыру. Қағаздарды бүктеу тәсілдерін жасап жаттығу.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, бекіту.

Билингвалды компонент: бақа-лягушка

Сөздік жұмыс: бақа

Көрнекіліктер: Бақаның суреті, түрлі қағаздар.

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Өтеш пен Бақа» туралы ертегі оқып беру.	Балалардың қызығушылықтары оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Отырған аппақ бір қоян, Неткен сапсақ бұл қоян. Құлақтары делеңде, Әр дыбысқа елеңдеп. Қоян жаурап суықта, Отырсың не күзетіп, Аяқтарың сіресіп, Табаныңнан сыз өтіп Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу: Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр. Жұмбақ: Таңдайлары тақылдап, Шулайтын кім шалшықта. Бірін-бірі мақұлдап. (Бақа) -Бақа туралы кім тақпақ біледі? - Бақаның қандай түрлерін	Өлең жолдарын қимыл-қозғалыс арқылы көрсетеді. Шешуін табу, есте сақтау.

	білесіндер? - Бақа қайда мекен етеді? -Бақаның түсі қандай? -Пішіні қандай? Бүктеу әдіс-тәсілі арқылы жасыл қағаздан бақаны жасаймыз. Үшбұрыш пішінге келтіріп бүктеп алыңдар. Басы, көзін домалақ пішінге келтіріңдер. і Үлгіге қарап жұмыстың орындалу барысымен таныстырып өтейін, мұқият тыңдаңдар. Сергіту сәті: Бақа, бақа, балпақ Басың неге жалпақ. Темір телпеккөп киіп, Басым содан жалпақ. Бақа, бақа, балпақ Көзің неге тостақ, Көрінгенге көп қарап, Көзім содан тостақ. Бақа, бақа балпақ, Бұтың неге талтақ, Су ішінде көп жүзіп Бұтым содан талтақ. Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.	Балалардың жауаптары тыңдалады. Жұмыстың орындалу барысымен танысады. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу іс – әрекетін қорытындылау: Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастыру, балалар жұмысын бағалау.	Балалар жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: бақа туралы тақпақ, жұмбақтар;

Нені игерді: бүктеу әдіс-тәсілдерін қолдана отырып бақаны жасауды;

Нені біледі: жұмыстың орындалу барысын.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Қаздың балапаны

Мақсаты: 1. Үй құстары туралы өлеңдер жаттау.

2. Қаздың балапаны туралы әңгіме айту.

3. Балаларды ине-жіппен жұмыс жасауға жаттықтыру.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, бекіту.

Билингвалды компонент: қаз-гусь, балапан-цыпленок

Сөздік жұмыс: қаздың балапаны

Көрнекіліктер: әңгіме желісі туралы сурет.

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Алдын ала сурет арқылы жұмыс жүргізу.	Балалардың зейіні оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	1.Шаттық шеңбері: Біздің топта үд қыздар, Тату тәтті ойнаймыз. Әлемдегі бар балаға, Тек жақсылық тілейміз. 1.Кіріспе әңгіме Үй құстарына тауық, үйрек, қаз, күрке тауық жатады. Олардың адам баласына тигізер пайдасы мол. Мамығынан көрпе, жастық жасайды, етін, жұмыртқасын азық-түлік ретінде пайдаланамыз. Құстардың балапандары әр түрлі болады. 2. Сұрақтар мен тапсырмалар: 3. Үй құстарын ата. 4. Мына құстардың суретінен үй құстарын табыңдар. Қолдарыңдағы ақ түсті матадан қаздың балапанын өлшейміз, сосын қайшымен ұқыптап қиып аламыз да оны ине-жіппен тігеміз.	Өлең жолдарымен қимыл әрекет жасайды. Тәрбиешінің әңгімесін тыңдайды, сұрақтар қояды. Үй құстары туралы әңгімелейді. Тапсырмаларды орныдайды. Жұмыстың орындалу ретін мұқият

	Инемен жұмыс жасағанда өте мұқият болыңдар. Ине бір жерлеріңе кіріп кетуі мүмкін. Алдымен үлгіге қарап жұмыстың орындалу ретімен таныстырып өтейін, мұқият тыңдаңдар. Сергіту сәті: Сырға, сырға сырғалар, Құлағыңда ырғалар Оң қолымда білезік Сол қолымда білезік Қолға қалам аламын. Әдемі сурет саламын. Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.	тыңдайды. Сергіту сәтін қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Жасалған жұмыстарға тәрбиеші балаларды қатыстырып, талдау жұмысын жүргізеді.	Балалар жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.

Күтілетін нәтиже: үй құстарының пайдасы туралы түсініктерін жетілдіру;

Нені білу керек: қаздың балапан

Нені игерді: бүктеу әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы қаздың балапанын жасауды;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Балықтар

Мақсаты: кесек ермексайдан созу арқылы мүсіндеу дағдыларын жетілдіру; Өртүрлі әдіс-тәсілдермен балықтың сыртын безендіру; мүсіндеу дағдыларын жетілдіру; бейненің сипатын аша білуге бағыт беру; ұқыпты жұмыс істеуге дағдыларын қалыптастыру.

Әдіс-тәсілдер: Сұрақ-жауап, әңгімелеу, көрсету.

Билингвалды компонент: балық-рыба

Сөздік жұмыс: сазан, бекіре, кит, дельфин, акула.

Керекті құралдар мен материалдар: Аквариумдағы балықтар, өртүрлі балықтардың суреттері, ермексайд, тақтайша, таяқша, қолорамал т.б.

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Сюжеттік суреттер, үлестірмелі материалдармен жұмыс жасату.	Балалардың қызығушылықтары оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Күндей жылы Доптай көңілді Жүзіктей әдемі Алмадай тәтті бол! Жыл мезгілдеріне тоқталып өту. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райына бақылау. Балалар мен оқу іс – әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр. - Балықтар қайда өмір сүреді? - Олар су түбінде немен қоректенеді? - Балықтың қандай түрлерін білесіңдер? Балалар барлығың келіңдерші аквариумдағы балықтардың қасына. Енді дене құрылысындағы ерекшеліктерге назар аударайық. Сендер балықтың қандай түрін мүсіндегілерің келеді? Мен сендерге жұмыстың орындалу ретін түсіндіріп өтемін, мұқият тыңдаңдар.	Сәлемдеседі. . Қойылған сұрақтарға толық жауап береді? Білетін балық түрлерін айтады. Балалар балықтың қандай түрін мүсіндегісі

	. Созу тәсілімен балықтың жүзбеқанаттары мен құйрығын қалай шығарып алуға болатынын айту. Көк түсті ермексаз кесегін жұмсартып аламыз. Ермексазды домалақтап алып, аздап жаншып, жалпайтамыз. Созу тәсілін пайдаланып, жіңішке ширатпалар мен домалақтар жасап аламыз. Балықтың дене бөлігін шиыртпалар және домалақтармен әшекейлейміз. Көздерін мүсіндеп алып, бас бөлігіне бекітеміз. Таяқшаның көмегімен аузын белгілейміз. Сергіту сәті: Көлдің беті кілегей, Жер сап-сары бірегей. Тырау-тырау тырналар Түстікке бетті бұрды олар. Қара суық жел есті, Күннің көзі көмескі. Ал, енді әдемі балықтарды мүсіндейміз. Істеріңе сәттілік тілеймін.	келетінін өздері анықтайды. Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды. Өлең жолдарын пайдаланып, сергіту жаттығуын орындайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	Қорытындылау: Балалардың жасаған жұмыстарын бірге талқылау және шағын көрме ұйымдастыру.	Бірге талқылайды, шағын көрме ұйымдастырады..

Күтілетін нәтиже: Балықты мүсіндеу;

Нені білу керек: балықты мүсіндеудің орындалу тәсілін;

Нені игерді: ұқсатып жасауға дағдыландыру;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Анамызға сыйлық

Мақсаты: Балаларға «Ана» өлеңін оқып беріп, мазмұндау. Балалардың ананы сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу. Түсті қағаздардан гүл құрастыру. Аналарына сыйлық дайындау.

Әдіс-тәсілдер: жаттау, көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, ойын, қорыту.

Билингвалды компонент: сыйлық-подарок

Сөздік жұмыс: 8-наурыз, халықаралық, күннің нұры, сәбидің күлкісі, ананың ақ сүті.

Қолданылатын көрнекіліктер: аналар мерекесі туралы суреттер, қайшы, желім, түрлі-түсті қағаздар, желім.

Іс- әрекет Кезеңдері	Тәр иешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Аналар мерекесі бейнеленген сурет арқылы көктемнің алғашқы мерекесі – халықаралық әйелдер мерекесі туралы түсінік беру.	Балалардың қызығушылығы оянады.
Ұйымдастырушылық- ізденістік	1.Шаттық шеңбері: Балалар дөңгелене тұрып, әр бала өзінің сүйікті аналары туралы ойлап, аналарының өздерін қала еркелетінін айтады. Енді сендер аналарыңа жақсы тілектеріңді білдіріңдер. . 2.Кіріспе бөлімі: а) Сурет бойынша жұмыс. Дәптердегі аналар мерекесін бейнеленген сурет арқылы түсінік беру. Көктемнің алғашқы мерекесі 8-наурыз – халықаралық әйелдер мерекесі. Бұл сендер сияқты бүлдіршін қыздарымыздың, әпкелеріңнің, ақ жаулықты аналарыңның, әжелердің мерекесі. - Өмірде үш қадірлі зат бар, ол – күннің нұры, сәбидің күлкісі,	Мені анам: «айым, күнім, боташым, ақылдым», - дейді. -Ана – не деген мейірімді, не деген қасиетті жан! -Ана деген болашағы өмірдің! -Ана деген қуанышы көңілдің! Сұрақтарға жауап береді. Балалар зейін қойып тыңдайды.

	ананың ақ сүті. - Мерекеде аналарыңа не сыйлағылырың келеді? Ендеше балалар анамызға арнап сыйлық дайындайық. -Алдымен гүлдің сабағын қоңыр түсті қағаздан қиып аламыз. -Жасыл түсті қағаздан жапырақтарын дайындап аламыз. -Түрлі түсті қағаздан алуан түрлі гүл күлтелерін қиып аламыз. -Соңында дайын болған қиындыларды картонға ретімен жапсырамыз. в) Д/о: «Кімнің дауысы, табайық!» Шарты: балалар диктофон немесе таспаға алдын ала жазылған аналарының, әжелерінің сөздерін тыңдап, даусын танып айтады. Сергіту сәті: Дала гүлін сыйлық үшін жинаймыз, Кейде оны жұлуға да қимаймыз. Бұл гүлдерді қуанышты сәттерде, Шын жүректен аналарға сыйлаймыз.	Аналарына сыйлайтын гүлдерді қиып жапсырады. . Балалар әжелері мен аналарының дауыстарын ажыратады. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Қорытынды: - Үйде аналарыңа көмектесесіңдер ме? - Аналарыңа қандай сыйлық жасайсыңдар?	Балалардың жауаптары тыңдалады. .

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: 8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесі екенін білу керек;

Нені игерді: өмірде үш қадірлі зат бар екенін түсінді;

Нені біледі: аналарға қандай сыйлық сыйлау керектігін

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы
Білім саласы: «Вариативтік компонент»
Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ
Тақырыбы: Гүлдер әлемі
Мақсаты: Балаларға гүлдердің түрлері туралы ертегі оқып беріп, мазмұндау. Балаларды бояумен сурет салуға қызығушылығын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу.
Әдіс-тәсілдер: көрсету, сұрақ-жауап, түсіндіру.
Билингвалды компонент: гүлдер-цветы
Сөздік жұмыс: бәйшешек, қызғалдақ, қыр.
Көрнекіліктер: көктемнің алғашқы гүлдері салынған сурет, акварель бояулар, қарындаштар, су, қылқалам, қолорамал.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Көктемнің алғашқы гүлдерінің суретін көрсетіп, балалардан олардың аттарын сұрау	Балалардың қызығушылығы оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Жаңбыр, жаңбыр жауасың, Жанымызға дауасың. Біз ойнайтын ауланың Тазартасың ауасын. Мен сендерге оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр. Өзі сондай нәзік Су құйсаң кетеді, Алақанын жазып. (Гүл) Гүлдер әсем де, әдем және алуан түрлі болады. - Гүлдер қайда өседі? Дұрыс айтасыңдар. Далада өсетін гүлді дала гүлі дейміз. - Ал қырда, далада және тауда өсетін гүлді қалай атайсыңдар? - Гүл жер бетіне көрік беріп тұрады. Ал адамдарға болса қуаныш, көңіл сыйлайды.	Балалар тәрбиешімен бірге өлеңді қайталайды. Шешуін табу, есте сақтау -Далада, тауда, қырда. -Қыр гүлі, дала және тау гүлі деп атаймыз.

	Суретке назар аудару. - Суреттен не көріп тұрсыңдар? - Мына гүлдердің аттары қандай? -Қызғалдақ пен бәйшешек көктемнің алғашқы гүлі. Гүлдердің әдемілігіне қарай иістері де хош иісті болады. Мен сендерге суреттің салу реттілігін түсіндіріп өтейін. -Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу. Сергіту сәті: Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұксап дем алам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам.	-Гүлдер -Қызғалдақ, бәйшешек. . Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Қорытынды: Балалардан салған суреттерін бір-біріне көрсетіп, талдауларын және достарының еңбектерін бағалап, жақсы салынған суреттерді үлгі етіп тақтаға өздерінің ілулерін сұрау. Барлық балаларды мақтау сөздерін айтып қуанту.	.Балалар салған суреттеріне талдау жасайды, жақсы салынған суреттерді тақтаға үлгі ретінде іледі.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: көктемнің алғашқы гүлдерінің атауын біледі;

Нені игерді: гүлдердің әдемілігіне қарай олардың иістері де хош иісті болып келетінін түсінді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете алады.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Көлде жүзген аққу

Мақсаты: Балаларға көлде жүзетін құстар туралы әңгіме оқып беру. Тұзды қамырды ұқыпты бояу. Қол икемділіктерін арттыру.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру, жұмбақ, бекіту.

Билингвалды компонент: көл-озеро, аққу-лебедь

Сөздік жұмыс: аққу.

Көрнекіліктер: Аққудың суреті.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Тақырыптық сурет бойынша жұмыс жүргізу.	Балалардың қызығушылығы оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Аспан түрді түндігін Жерге сәуле жайылды. Неткен ашық күн бүгін, Қайырлы таң, қайырлы! Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Жұмбақ: Садақша мойнын иілтіп, Көрген жанды сүйінтіп, Жүзгенде көлдің сәні өзі, Судағы құстың нәні өзі. Жердегі құстың серкесі; Көктегі құстың еркесі. (Аққу) Аққу атына заты сай. Өте аппақ	Балалар шеңбер жасап тұрып қайталайды. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді. Шешуін табу, есте сақтау.

	құс болғандықтан, бұл құсты аққу дейміз. Балалар аққу өте қасиетті құс. Құстардың ішіндегі ең сұлу құс аққу. Бұл құс көлде жүзеді. Аққуды атуға болмайды. Мақал: Аққуды атпа, Досыңды сатпа. Қазір біз осы көлде жүзген аққу құсын ермексازдан мүсіндейміз. Алдымен бізге ақ түсті ермексаз керек. Ал, көлге көк түсті ермексазды қолданамыз. Жұмыстың орындалу реті түсіндіріледі. Сергіту сәті: Бір екі, үш, Жинап алып күш. Біз ұшамыз кептерше Қолымыз жерге жеткенше. Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін.	Мақалды жатқа айтқызу. Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды. Қимылмен көрсетеді. Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу іс-әрекетті қорыту: Балалардың жасаған жұмыстарынан кішігірім көрме ұйымдастыру.	Салған суреттеріне қызыға қарайды..

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: жұмыстың орындалу ретін білу керек;

Нені игерді:

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Алқаптағы гүлдер

Мақсаты: «Көктем» мезгілінде өсетін гүлдер туралы тақпақ жаттау. Көктем гүлдерін жинақтап, кептіріп жапсыру.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, сұрақ-жауап, түсіндіру.

Билингвалды компонент: алқап-поляна

Сөздік жұмыс: бәйшешек, қызғалдақ, қыр.

Көрнекіліктер: көктемнің алғашқы гүлдері жапсырылған суреттер.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Көктемнің алғашқы гүлдерінің суретін көрсетіп, балалардан олардың аттарын сұрау	Балалардың қызығушылығы оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Жаңбыр, жаңбыр жауасың, Жанымызға дауасың. Біз ойнайтын ауланың Тазартасың ауасын. Мен сендерге оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр. Өзі сондай нәзік Су құйсаң кетеді, Алақанын жазып. (Гүл) Гүлдер әсем де, әдем және алуан түрлі болады. - Гүлдер қайда өседі? Дұрыс айтасындар. Далада өсетін гүлді дала гүлі дейміз. - Ал қырда, далада және тауда өсетін гүлді қалай атайсындар? - Гүл жер бетіне көрік беріп тұрады. Ал адамдарға болса қуаныш, көңіл сыйлайды. Суретке назар аудару. - Суреттен не көріп тұрсындар?	Балалар тәрбиешімен бірге өленді кайталайды. Шешуін табу, есте сақтау -Далада, тауда, қырда. -Қыр гүлі, дала және тау гүлі деп атаймыз.

	- Мына гүлдердің аттары қандай? -Қызғалдақ пен бәйшешек көктемнің алғашқы гүлі. Гүлдердің әдемілігіне қарай иістері де хош иісті болады. Сергіту сәті: Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап дем алам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам. Демек біз алдымыздағы кеуіп тұрған гүлдерді ақ қағазға жапсырамыз. Міне, алқаптағы гүлдер де жапсырылып дайын болды.	-Гүлдер -Қызғалдақ, бәйшешек. . Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Қорытынды: Балалардан жасаған жұмыстарын бір-біріне көрсетіп, талдауларын және достарының еңбектерін бағалап, жақсы жапсырылған суреттерді үлгі етіп тақтаға өздерінің ілулерін сұрау. Барлық балаларды мақтау сөздерін айтып қуанту.	.Балалар салған суреттеріне талдау жасайды, жақсы салынған суреттерді тақтаға үлгі ретінде іледі.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: көктемнің алғашқы гүлдерінің атауын біледі;

Нені игерді: кептірілген гүлдерден жұмыс жасауды;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете алады.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Қонжық

Мақсаты: Аюдық баласы туралы ертегі оқып беру, мазмұндау. Әртүрлі материалдарды біріктіріп, аюлар бейнесін жасауға үйрету. Дене бөліктерін біріктіріп, желімдеу, балалардың ой-қиялын дамыту.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, сұрақ-жауап, түсіндіру.

Билингвалды компонент: қонжық-медвежонок

Сөздік жұмыс: қонжық

Көрнекіліктер: әңгіме желісіне сай суреттер.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Аюдық баласы туралы ертегі оқып беру.	Балалардың қызығушылығы оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Кел балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады» Күліп өмір сүрейік! Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі: Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Мен сендерге оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр. Тәтті көрсе бас салар, Айнымайды баладан. (Аю) Балалар үйде өмір сүретін жануарлар үй дануарлары, орманда, далада өз бетімен өмір сүретін	Балалар тәрбиешімен бірге өлеңді қайталайды. Шешуін табу, есте сақтау Тыңдайды. Түсінбегендерін сұрайды. .

	жануарлар жабайы аңдар. Аю да жабайы аңдарға жататынын бәріміз білеміз. Аюдың баласын қалай атаймыз? Демек біз қазір аюдың баласы қонжықты әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, қоңыр түсті матамен қонжықтың бейнесін жасаймыз. -қайшы алып қонжықтың бейнесін пішіп, кесіп аламыз. -ақ қағаз бетіне желіммен жапсырамыз. Сергіту сәті: Аю-маң-маң басады, Түлкі бұлаң қағады, Қасқыр ылаң салады, Қоян үркіп қашады, Күн сәулесі төгілді, Орман іші көңілді	Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Қорытынды: Балалардан жасаған жұмыстарын бір-біріне көрсетіп, талдауларын және достарының еңбектерін бағалап, жақсы дайындалған жұмыстарды үлгі етіп тақтаға өздерінің ілулерін сұрау. Барлық балаларды мақтау сөздерін айтып қуанту.	.Балалар жақсы жасалған жұмыстарын тақтаға үлгі ретінде іледі.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: жұмыстың орындалу барысын;

Нені игерді: қонжықты пішіп, өлшеп, кесуді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете алады.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Құстар

Мақсаты: Балаларға «Құстар» туралы ертегі әңгімелер оқып беру. Тақпақ жаттау. Балаларды табиғаттағы құстарды аялап, баптап, күте білуге үйрету. Құстарға деген қамқорлық көзқарастарын тереңдету. Құстардың суретін салу. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру.

Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру, бекіту.

Билингвалды компонент: құстар-птицы

Көрнекіліктер: құстар бейнеленген суреттер, қағаз, гуашь, қылқалам, қарындаштар, су, қолорамалдар.

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Алдын ала құстар бейнеленген сурет арқылы жұмыс жүргізу.	Балалардың қызығушылықтары артады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық. Әдепті де, тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық. - Өз жерімізде қандай құстар кездеседі? - Қандай құстардың түрлерін білесіңдер? Олар табиғатты неден қорғайды? Өте дұрыс айттыңдар. Құстар да табиғаттың бір бөлігі. Құстардың дене құрылысына сипаттама берейік. - Қане, құстар туралы қайсың өлең білесіңдер. Бүгін біз құстардың суретін саламыз. Жұмыс дәптеріндегі құстардың суретін салу ретін таныстырып өтейін. Дөңгелек және сопақша пішіндердің	Өлең жолдарымен қимыл көрсетеді. Балалардың Жауаптары тыңдалады. Білетін өлеңдерін айтады.

	көмегімен сурет салу тәсілін еске түсіру. Жай қарындашпен сопақша денесін саламыз. Сопақшаның бір жағына дөңгелек басын, екінші жағына үшбұрыштың құйрықтың нобайын саламыз. Қанатын сопақша пішінде келтіреміз. Аяғы, тұмсығы, көзін саламыз. Құстың суретін бояймыз. Өз қалауларың бойынша суретті ары қарай салуларыңа болады. Жеке жұмыс кезінде балалардың сурет салу кезінде пропорцияны дұрыс сақтауына, қылқаламмен жұмыс жасау тәсілдеріне көңіл бөліп, қадағалау керек. Жай қарындашпен сопақша денесін саламыз. Сопақшаның бір жағына дөңгелек басын, екінші жағына үшбұрыштың құйрықтың нобайын саламыз. Қанатын сопақша пішінде келтіреміз. Аяғы, тұмсығы, көзін саламыз. Құстың суретін бояймыз. Өз қалауларың бойынша суретті ары қарай салуларыңа болады. Жеке жұмыс кезінде балалардың сурет салу кезінде пропорцияны дұрыс сақтауына, қылқаламмен жұмыс жасау тәсілдеріне көңіл бөліп, қадағалау керек. Сергіту сәті: Қане қанат қағайық, қарлығаш боп ұшайық, Ұшып-ұшып алайық, орнымызға	Құстардың суретін салу ретімен танысады.
--	---	---

	қонайық. Қарлығаш боп ұшайық, торғай болып қонайық, Сауысқан боп секіріп, тоқылдақ боп шоқиық.	Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық- түзетушілік	Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударып, сипаттама беру.	Балалар салған суреттеріне сипаттама береді.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: құстарды бейнелеп салуды біледі;

Нені игерді: сюжетті композиция құрастыруды игерді;

Нені біледі: құстар туралы жұмбақтар, өлеңдерді жатқа біледі.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Жаңбыр

Мақсаты: Шығарманы оқып беру, мазмұнын түсіндіру. Балаларды кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. Үлкендерді құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. «Жаңбырдың» суретін саусақ арқылы салу.

Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру.

Билингвалды компонент: жаңбыр-дождь

Көрнекіліктер: жаңбыр бейнеленген суреттер, қағаз, гуашь, қылқалам, қарындаштар, су, қолорамалдар.

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Алдын ала құстар бейнеленген сурет арқылы жұмыс жүргізу.	Балалардың қызығушылықтары артады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбер: Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық. Әдепті де, тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі: Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Жылдың үш мезгілінде де жаңбыр жауады. Өздерінде білесіндер көктем мен күзде жаңбыр жиі-жиі жауады. Жаңбырдың мынандай түрлері болады, ақжауын, нөсер жауын, өткінші жауын. Ақжауын	Өлең жолдарымен қимыл көрсетеді. Балалардың жауаптары тыңдалады.

	тоқтаусыз жауатын жаңбыр. Нөсер жауын құйып жауады. Өткінші жауын күн шығып тұрады, соның өзінде жауын жауып өтеді. Бүгін біз жаңбыр тамшысының суретін көк түсті гуашь бояуымен саламыз. Ең алдымен бояуға саусағымызды малып, қағаз бетіне бастырамыз. Сергіту сәті: Боран соқты гу-гу, Найзағай жарқылдады топ-топ, Жаңбыр жауды тырс-тырс, Күн ашылды. Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.	Жаңбырдың суретін салу ретімен танысады. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударып, сипаттама беру.	Балалар салған суреттеріне сипаттама береді.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: жаңбырды бейнелеп салуды біледі;

Нені игерді: сюжетті композиция құрастыруды игерді;

Нені біледі: жаңбыр туралы жұмбақтар, өлеңдерді жатқа біледі.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Шалғын шөптер

Мақсаты: Балаларға шөптер туралы әңгіме оқып беру арқылы, білгендерін жетілдіру. Шөпті ақ қағазға жұлмалау әдісі арқылы жапсыру.

Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру.

Билингвалды компонент: шөп-трава

Сөздік жұмыс: шалғын

Көрнекіліктер: шалғын шөп бейнеленген суреттер, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Алдын ала тақырыптық сурет арқылы жұмыс жүргізу.	Балалардың қызығушылықтары артады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбер: Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық. Әдепті де, тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі: Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Балалар келіндер терезенің тұсына, айналаға көз жүгіртіндерші. Айнала жап-жасыл шалғын шөптерімен жайқалып тұр. Шалғын шөптердің пайдасы жерден шаң көтерілгенде өздеріне шаңды жұтып, ауаны	Өлең жолдарымен кимыл көрсетеді. Балалардың жауаптары тыңдалады. Балалар терезеден қарап, айналаға көз жүгіртеді.

	тазартып тұрады. Қане, балалар енді біз «Шалғын шөптердің» суретін саламыз. Шөпті ақ қағазға жасыл түсті қағаздан жұлмалау әдісі арқылы желіммен жапсырамыз. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай балалар, Үп-үлкен болып өседі. Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.	Жасыл түсті қағазды жырту әдісі арқылы ақ қағазға шалған шөптің бейнесін жапсырамыз. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударып, сипаттама беру.	Балалар салған суреттеріне сипаттама береді.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: шалғын шөпті бейнелеп салуды біледі;

Нені игерді: сюжетті композиция құрастыруды игерді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Жайлауда

Мақсаты: Балаларға «Жайлау» туралы әңгімелеп, мазмұндау. Жайлаудың бейнесін әр түрлі заттардан бейнелеп жасау.

Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру.

Билингвалды компонент: жайлау-джайлау

Сөздік жұмыс: шалғын

Көрнекіліктер: жайлау бейнеленген сурет.

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Алдын ала тақырыптық сурет арқылы жұмыс жүргізу.	Балалардың қызығушылықтары артады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбер: Жайқалып жапырақ, Құлпырып қызғалдақ, Тұратын көз тартып, Жаз келді күн шуақ. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі: Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Жұмбақ: Күндер ысып, шөп пісіп, Ел пішенін орады. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? (Жазда) Жаз мезгілі ең қызықты кезең. Жазда күн ыстық болады. Балалар жазғы демалысқа шығады, суға	Өлең жолдарымен кимыл көрсетеді. Балалардың жауаптары тыңдалады. Шешуін табу, есте сақтау.

	шомылып, демалатын орындарға барады, кейбір балалар жайлауға ата-әжелеріне барады. Жайлаудың шөбі шалғын, ауасы өте таза және салқын болады. Бүгін жайлауды қол еңбегі арқылы әртүрлі табиғи және керексіз және түрлі түсті картонмен бейнелеп жасаймыз. Жұмыстың орындалу ретімен таныстырып өтемін, мұқият тыңдаңдар. Сергіту сәті: Жаз келіпті дегенше, Алма пісті дегейсің. Бағымызда ендеше Алма тарту көбейсін. Жаз келіпті дегенше, Қарбыз пісті дегейсің, Бақшамызда ендеше Қарбыз жинау көбейсін. Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.	Балалар жұмысқа кірісіп кетеді. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударып, сипаттама беру.	Балалар салған суреттеріне сипаттама береді.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: жайлауды бейнелеп салуды біледі;

Нені игерді: сюжетті композиция құрастыруды игерді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Көрме ұйымдастыру

Мақсаты: Жыл бойы жақсы жасалған жұмыстардан ата-аналарға арнап көрме ұйымдастыру.

Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру.:

Көрнекіліктер: жайлау бейнеленген сурет.

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Алдын ала тақырыптық сурет арқылы жұмыс жүргізу.	Балалардың қызығушылықтары артады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбер: Жайқалып жапырақ, Құлпырып қызғалдақ, Тұратын көз тартып, Жаз келді күн шуақ. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі: Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Жыл бойы қандай қол еңбегін жасадық? Ең бірінші «Ұшақ», «Аққулар», «Сиыр», «Паравоз», «Әтеш пен бақа», «Алтын балық», «Қайық», «Қашқаргүл», «Арыстан», «Аққала», «Үйрек», «Түймедақ», «Қысқы киім», «Тасбақаның суретін саламыз», «Досыма сыйлық», «Қалампыр», «Тату жанұя», «Қоңырау гүлдер», «Молшылық, береке», «Бақа», «Қаздың балапаны», «Бақ-бақ»,	Өлең жолдарымен қимыл көрсетеді. Балалардың жауаптары тыңдалады. Шешуін табу, есте сақтау.

	«Балықтар», «Анамызға сыйлық», «Гүлдер әлемі», «Орманда», «Көлде жүзгенаққу», «Қайықша», «Қонжық», «Алқаптағы гүлдер» «Құстар», «Жаңбыр», «Шалғын шөптер». Осы жасаған жұмыстарымыздан ата-аналарға көрме ұйымдастырамыз. Сергіту сәті: Жаз келіпті дегенше, Алма пісті дегейсің. Бағымызда ендеше Алма тарту көбейсін. Жаз келіпті дегенше, Қарбыз пісті дегейсің, Бақшамызда ендеше Қарбыз жинау көбейсін. Балалардың жұмыстарының ордалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.	Балалар жұмысқа кірісіп кетеді. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударып, сипаттама беру.	Балалар салған суреттеріне сипаттама береді.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: жайлауды бейнелеп салуды біледі;

Нені игерді: сюжетті композиция құрастыруды игерді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Бірге ойнайық!

Тақырыбы: Заттарды топта

Мақсаты: Суретке қарап ойлау қабілетін дамыту. Заттарды топтауға үйрету.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын, бекіту.

Билингвалды компонент: ұяшық – ячейка

Сөздік жұмыс: топтау, ұяшық.

Көрнекіліктер: үлестірмелі материалдар

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар тақтадағы суретке назар аударайық. Кестені толтыру үшін жапсырма қағаз таңдап алу керек.	Суретке көңіл бөлу
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Ауадан қуат алайық, Алақанға салайық. Жерден нәр алайық Алақанға салайық. Күннен қуат алайық Алақанға салайық. Күш шуағын , Апайларға сыйлайық. Балалар, олай берілген тапсырманы мұқият тыңдаймыз. Балалар қай үстелде ойнап отыр, қай үстелде цифрлармен жұмыс істеп отыр? -Олар нешеу, қайсылары көп? -Неше орындық? -Неше парта? Келесі тапсырма кестені толтыру, -алдымен ұяшықта неше нүкте барын анықта. Содан кейін суреттен заттардың осынша санын тап. Бір, екі, үш және адамы бар суретті таңда. Енді ұяшыққа орналыстыр. «Ненің қайда орналасқанын тап» тапсырмасын орындайық. Балалар өздеріңнің алдында, артында, оң және сол жағында, жоғарыда, төменде не	Шаттық шеңберін қимыл іс-әрекетпен орындайды. Мұқият тыңдап, тапсырмаларды орындауда

	орналасқанын анықтайды. «Кім қайда тұрғанын тап» ойыны. Менің қасыма 3 бала келіндер, мені айнала қоршап тұрады. Қалған балалар әркімнің тұрған орнын анықтайды. «Не өзгереді?» тапсырмасы. Үстел үстінде бірнеше зат жатыр, балалар заттарға қарап естеріне сақтап қалу керек, содан кейін көздерін жұмады, педагог заттардың орнын ауыстырып қояды. Балалар көздерін ашқаннан кейін қай заттың орны ауысқанын анықтайды. Сергіту сәті. Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп – кішкентай балалар, Үп – үлкен боп өседі.	Қызығушылықпен ойнайды Сергіту сәтін орындайды
Рефлексиялық-түзетушілік	Заттар тобын санау жаттығуларының сан туралы түсіндірме ғой. Бұдан былай санау бірлігі ретінде жеке деген заттармен қатар заттар тобы қолданылады. Осылайша бірлік жекеден оқшауланады.	Тапсырмаларын аяқтауда

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: заттарды салыстыру арқылы тапсырманы орындай білу керек;

Нені игерді: тапсырманы орынадау арқылы;

Нені біледі: санау арқылы қанша, неше? Деген сұрақ қоя отырып, дамытты.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінің технологиялық картасы
Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Сиыр

Мақсаты: Балаларға сиыр және оның адам өміріндегі пайдасы туралы әңгімелеп,

тақпақ жаттату. Сиырдың суретін қарап салу. Балаларды көргенін өз беттерімен

суреттеуге үйрету.

Әдіс – тәсілдер:Түсіндіру, көрсету, бекіту.

Билингвальды компонент: сиыр – корова, тері – шкура, сүт – молоко, қаймақ - сметана

Сөздік жұмыс: Төрт түлік мал, ірі – қара мал.

Қолданатын көрнекі құралдар: Сиырдың суреті, түрлі – түсті бояулар мен ақ қағаз.

Іс-әрекет кезеңдері:	Педагогтің іс-әрекеті:	Балалардың іс-әрекеті.
Мотивациялық қозғаушылық	Балалардың назарын тақтадағы суретке аудару.	
Ұйымдастырушылық кезеңі	Шаттық шеңбері Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Балаларға төрт түлік малдың өзіне тән ерекшеліктерін айтады. Соның ішінде ірі қара малдың бірі сиырды таныстырады. Сиыр өте момын және адамдарға пайдасы өте көп. Сиырдың сүтін ішеміз, етін жейміз, қаймағы мен майын жейміз. Терісінен былғары аяқ киімде, қыстық жылы киімдер тігіледі. Балалар жұмыстың орындалу	Балалар қимыл іс – әрекетпен орындайды. Балалар жауап береді. Балалар назар аударып тыңдайды.

	барысын түсіндіріп өтейін. Мұқият тыңдаңдар! 1. Ақ қағазға сиырдың бейнесін жай қарындашпен саламыз. 2. Салған суретті акварель бояумен баяймыз. 3. Жұмысты таза орындап, аяқтаймыз. 4. Жұмыс орнын жинаймыз. Ал балалар сендерге сәттілік тілеймін! Сиырдың бейнесін тақтадағы суретке қарап ақ қағазға бейнесін саламыз. Сергіту сәті Орнымыздан тұрайық, Қолды белге қояйық. Бір отырып, Бір тұрып. Сәл тынығып алайық.	Балалар қызығып орындайды. Балалар қимыл іс – әрекетпен орындайды
Рефлексиялық түзетушілік	Балалар салған суреттерін көрмеге іледі. Балалардан сиырдың қасиетін сұрайды. Сиырдың пайдасын сұрайды.	Балалар жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Төрт түлік малдың атауларын!

Нені игерді: Сиырдың суретін салуды.

Нені біледі: Ұқыпты таза сурет салуды.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс әрекеті: Өнерлі екен он саусақ.

Тақырыбы: Әтеш пен Бақа

Мақсаты: Балаларға қазақ ертегілерін оқып беру. Сол ертегілер арқылы батыр, шыншыл, ел қамын ойлайтын ақылды болып өсуге талаптандыру.

Әдіс – тәсілдер: Ертегі оқу, түсіндіру, сұрақ – жауап, бекіту.

Сөздік жұмыс: Айдары

Билингвальды компонент: әтеш –петух, бақа – лягушка, айдары - гребешок .

Қолданатын көрнекі құралдар: Әтеш пен бақаның суреттері, түрлі – түсті қағаз, қайшы, желім, қарындаш, орамал.

Іс-әрекет кезеңдері:	Педагогтің іс-әрекеті:	Балалардың іс-әрекеті.
Мотивациялық қозғаушылық	Алдын – ала әтеш пен Бақаның суретімен жұмыс жүргізу.	Балалардың зейіні оянады.
Ұйымдастырушылық кезеңі	Шаттық шеңбер Аспан түрді түндігін, Жерге сәуле жайылды. Неткен ашық күн бүгін Қайырлы таң, қайырлы! Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Жұмбақ: Қызылдан киген киім, басқа қалпақ Саусағы төртеу болған емес жалпақ. Үстіне неше түрлі тон жамылып, Басады мас адамша талтаң – талтаң. (Әтеш) Балаларға әтеш пен Бақа туралы ертегі оқып беру. Ертегідегі батырлық, шыншылдық, ақылдылық туралы балаларға түсіндірді. Әтеш үй құстарына жатады. Түсі әр – түрлі болады. Әтештің тауықтан	Балалар іс – қимылдармен орындайды. Балалар жауап береді. Шешуін табады. Ертегіні мұқият отырып тыңдайды.

	айырмашылығы маңдайында қызыл айдары бар. Бақаның түсі жасыл, көзі үлкен, ол сулы аймақтарда өмір сүреді. Осы ертегідегі әтеш пен бақаның бейнесін қағаз бетіне жапсырайық. Мен сендерге үлгі ретінде жасалу жолын көрсетіп, жапсыру жұмысын тиянақты орындау керек. Балаларға жабыстыру жолын көрсетеді. Сергіту сәті Дөңгелене тұрамыз Керегені құрамыз. Уықтар болып иіліп, Шаңыраққа киіліп, Достық үйін құрамыз.	Балалар қимыл іс – әрекеттермен орындайды.
Рефлексиялық түзетушілік	Дайын болған жұмыстарды талдау, және кішігірім көрме ұйымдастыру, қорытындылау.	Жасаған жұмыстарын көрмеге іледі.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Әтеш пен Бақа жайлы ертегіні

Нені игерді: Әтеш пен Бақаның түр – түсін игерді.

Нені біледі: Айқын түстермен Әтеш пен Бақаның суретін салуды.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Қашқаргүл

Мақсаты: Қашқаргүл туралы тақпақ оқып жаттату. Мүсіндеу арқылы балалардың қол икемділіктерін жетілдіру.

Әдіс – тәсілдер: Тақпақ жаттату, түсіндіру, орындату, бекіту.

Сөздік жұмыс: Қашқаргүл

Билингвальды компонент: қашқаргүл – астра, гүл – цветы, бақша гүлі – садовые цветы

Қолданатын көрнекі құралдар: қашқаргүлдің суреті, ермексаз, тақтайша, орамал.

Іс-әрекет кезеңдері:	Педагогтің іс-әрекеті:	Балалардың іс-әрекеті.
Мотивациялық қозғаушылық	Алдын ала тақырыптық сурет арқылы әңгімелесу.	Балалардың қызығшылығы болады.
Ұйымдастырушылық кезеңі	Шаттық шеңбер Кел балалар күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабак түйген не керек, Көңілді болып жүрейік. Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Мен оқу іс – әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр. Жұмбақ Өз қандай нәзік, Су құйсаң кетеді. Алақанын жазып. (Гүл) Гүлдер нәзік әдемі алуан түрлі болады. Сонымен қатар жер бетіне көрік беріп тұрады. Гүлдер нәзік болғандықтан оны үзіп алғаннан кейін, өте ұзақ тұрмайды. -Гүлдердің қандай түрлерін білесіңдер? -Гүлдер адамдарға не сыйлайды?	Бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. Балалардың жауабы. Жұмбақтың шешуін табады, есте сақтайды. Сұрақтарға толық жауап береді.

	-Гүлді кімдерге сыйлауға болады? -Гүлдер қайда өседі? -Мысалы далада өсетін гүлді дала гүлі дейміз,қырда өсетін гүлді қыр гүлі дейміз,бақта өсетін гүлді бақша гүлі дейміз.Соның ішінде бақша гүлінің бірі қашқаргүлмен танысамыз. Тәрбиеші балаларға қашқаргүлдің суретін көрсетіп, таныстырады. -Ал,балалар қашқаргүлмен таныстық,енді осы гүлді ермексаздың көмегімен мүсіндейік. Тәрбиеші балаларға бағыт-бағдар беріп,ермексазбен қашқаргүлдің жасалу жолдарын көрсетеді.	Балалар суретке назар аударады, қашқаргүлмен танысады. Балалар тәрбиешінің көмегімен қашқаргүлді мүсіндейді.
Рефлексиялық түзетушілік	Орындаған жұмыстарын қарап, талдау жасайды. Балалардың жұмыстарынан көрме ұйымдастырып, балалар өздері жасаған қашқаргүлдің жақсы жасалғанын, дұрыс орындалғанын атап өтеді. Балаларды мақтап, мадақтап жұлдызша сыйлайды.	Өздері жіберген кемшіліктерін өздері анықтайды.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Қашқаргүлдің бақша гүлі екендігін және түрлерін.

Нені игерді: Ермексаздың көмегімен қашқаргүлді мүсіндеуді.

Нені біледі: Жасаған жұмыстарын көрсете білуді.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінің технологиялық картасы
Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Үйрек

Мақсаты:балаларды үйрекпен таныстыру, тұзды қамырды пайдалану арқылы

үйректі жасауды үйрету, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру.

Әдіс – тәсілдер: көрсету, түсіндіру, бекіту.

Сөздік жұмыс: үйрек, тұзды қамыр.

Билингвальды компонент: үйрек – утка, үй құсы – домашняя птица.

Қолданатын көрнекі құралдар: тұзды қамыр, акварель бояуы, тақтайша, орамал.

Іс-әрекет кезеңдері:	Педагогтің іс-әрекеті:	Балалардың іс-әрекеті.
Мотивациялық қозғаушылық	Алдын – ала суретпен жұмыс	Балалар зейін қойып көреді
Ұйымдастырушылық кезеңі	Шаттық шеңбері Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Қайырлы таң, Қайырлы күн. Күліп шықты күн бүгін! Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Балаларды үй құстарымен таныстыру Үй құстарының аттарымен олардың пайдасын түсіндіру. Үй құстарының бірі үйрекпен ерекше таныстыру. Үйректің біз етін жейміз, оның беретін пайдасы көп. Енді көп үйректі тұзды қамырмен илеп мүсіндейміз. Жасалу ретін түсіндіріп айтады. 1. Қамырды алып үйректің бейнесін мүсіндейміз 2. Үйректің басын, көзін жасайды. 3. Үйректің мүсінін жасап, болғасын	Балалар іс – әрекетпен орындайды. Балалар жауап береді. Мұқият тыңдайды. Балалар жұмыс жасауға қызығушылықпен кіріседі.

	кептіріп акварель бояуымен үстін бояймыз. Сергіту сәті Орнымыздан тұрамыз Қолды белге қоямыз Бір отырып, бір тұрып, Сәл тынығып аламыз. Тәрбиеші жұмыстарын қадағалап, бағыт бағдар беріп мүсіндеуді аяқтатады. Дидактикалық ойын: Не артық?	Қимыл іс – әрекетпен орындайды. Қызыға ойнайды.
Рефлексиялық түзетушілік	Тәрбиеші балалардың жұмысына талдау жасайды. Жақсы жасалған жұмыстардан көрме ұйымдастырылады. Балаларды мақтап, мадақтайды.	Жасалған жұмыстарын көрмеге қояды.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Ұй құстарын ажырата білу керек.

Нені игерді: Тұзды қамырмен жұмыс жасауды

Нені біледі: Ұқыпты жұмыс жасауды.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Қысқы киімдер

Мақсаты: Балаларға киім, киім түрлері, қысқы киімдер туралы түсініктер беру. Қысқы киімдерді ажырата білуге үйрету. Әр мезгілде киетін киімдерді атай білуге, ойлау қабілеттерін дамыту. Киімді ұқыпты, таза киюге тәрбиелеу.

Әдіс – тәсілдер: Сұрақ – жауап, әңгімелеу, көрсету, ойын, бекіту.

Сөздік жұмыс: малақай, құлақшын.

Билингвальды компонент: Шуба – тон, шарф – мойынорағыш, сапоги – етік

Қолданатын көрнекі құралдар: суреттер, қысқы киім киген қуыршақ, желім, қайшы, ақ қағаз, мата түрлері.

Іс-әрекет кезеңдері:	Педагогтің іс-әрекеті:	Балалардың іс-әрекеті.
Мотивациялық қозғаушылық	Қыс мезгілі бейнеленген суреттер арқылы әңгіме құрау.	Балалардың қызығушылығын ояту.
Ұйымдастырушылық кезеңі	Шаттық шеңбері Достарды біз қолдаймыз, Қиын жақта қорғаймыз, Біздің топта ұл – қыздар, Тату – тәтті ойнаймыз. Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Тәрбиеші балалардың назарын тақтадағы қысқы киімдердің суретіне аудартады. - Балалар қыс мезгілінде біз қалай киінеміз? - Мына суреттегі балалардың үстіндегі киімдерді ата? - Балалар жыл мезгілінің қайсысына сай киінген? Олай болса балалар бүгінгі оқу іс – әрекетіміздің тақырыбы «Қысқы киімдер» - деп аталады. Балаларға киімдер бейнеленген суреттер таратылады. Мысалы: малақай – құлағы бар жылы бас киім, құлақшын. Сөздік жұмысын жүргізу Ыс – ыс – ыс келді қыс, Ақ – ақ – ақ біз тебеміз сырғанақ.	Балалар қимыл іс – әрекетпен орындайды. Балалар жауап береді. Суретке назар аударады. Сұрақтарға жауап береді. Балалар киімдерге сипаттама береді. Бірге қосылып

	Тәрбиеші балаларға әр түрлі мата түрлерін көрсетіп, таныстырады. Сол мата түрлерін пайдаланып, қысқы киімдерді жапсыруды тапсырады. - Ал, енді балалар осы мата түрлерін мен сендерге пішіп беремін, пішілген матаны, қайшымен қиып, шыққан қысқы киімді қағаз бетіне жапсырамыз. Сергіту сәті Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан. Қолыңа қолғап кимесең, Суық өтер жан - жақтан. Балалардың қайшыны дұрыс ұстауына көмектеседі. Қиылған қысқы киімдерді ақ қағазға дұрыс жапсыруға бағыт – бағдар береді.	қайталайды. Пішілген маталарды қайшының көмегімен қиып, қағаз бетіне жапсырады. Қимыл іс – әрекетпен орындайды.
Рефлексиялық түзетушілік	Дидактикалық ойын «Қуыршақты киіндір» - Біз бүгін немен таныстық? - Қысқы киімдерді кім айтады? - Не қиын болды?	Балалар қызыға ойнайды Балалардың жауабы.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Әр мезгілде киетін киімдерді атай білуі керек.

Нені игерді: Дайын пішілген матаны қиып киім құрастыруды.

Нені біледі: Ойын арқылы қысқы киімдерді ажыратуды.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Қоңыраугүл

Мақсаты: «Қоңыраугүл» туралы тақпақ жаттау. Сурет салуға қызығушылығын арттыру, қарындашты оң қолмен ұстауға үйретіп, жаттықтыру.

Әдіс – тәсілдер: түсіндіру, көрсету, таныстыру, бекіту.

Сөздік жұмыс: Қоңыраугүл

Билингвальды компонент: Қоңыраугүл – колокольчик, дала гүлдері – полевые птицы, қыр гүлі – горные цветы.

Қолданатын көрнекі құралдар: гүлдердің суреттері, акварель бояу, ақ қағаз.

Іс-әрекет кезеңдері:	Педагогтің іс-әрекеті:	Балалардың іс-әрекеті.
Мотивациялық қозғаушылық	(Сурет) Алдын – ала сурет арқылы жұмыс жүргізу.	Балалар қызығушылығын арттыру
Ұйымдастырушылық кезеңі	Шаттық шеңбер Балалар жиналды бір топқа Сен менің, мен сенің досыңмын Қане, қолды бер досым, Бірге ойнайық қуана. Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Балаларды тақтадағы суретке назарын аудартады. Суреттегі гүлдердің түрлерімен таныстырады. Гүлдер неше түрлі болып бөлінеді: дала гүлі, қыргүлі, бақшагүлі болып бөлінеді. Дала гүлдері – далада өсетін гүлдерді айтады. Қыр гүлдері – қырда өсетін гүлдерді айтады. Бақша гүлдері деп – бақшада адамның күтіп баптауымен өсетін гүлді айтады	Шеңберде тұрып жасайды Балалар жауап береді. Балалар назарын аударады. Сұрақ – жауап арқылы балалар түсінеді.

	Осы гүлдердің бірі қоңырау гүлді бүгін біз суретін саламыз. Қоңырау гүл деп қоңырауға ұқсайтын болғандықтан қоңыраугүл деп атаймыз. Енді осы гүлді салуға кірісейік. Ал қағаз бетіне бірінші жәй қаламмен гүлдің бейнесін салып алайық. Сосын артынан акварельмен бояймыз. Сергіту сәті. Күндей болып күлеміз Гүлдей болып өсеміз Құсатар болып ұшамыз, Көбелектей қонамыз Ал ары қарай суретімізді аяқтайық.	Сурет салуға кіріседі. Қимылмен жасайды. Суреттерін аяқтайды.
Рефлексиялық түзетушілік	- Қандай гүл атауларын білесің - Гүлдер қаншаға бөлінеді екен - Әді салынған гүлдерді көрмеге апарып қояйық!	Балалар сұраққа жауап береді, көрме жасайды.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Гүлдердің атауын

Нені игерді: Гүлдің бөліктерін

Нені біледі: Ұқыпты етіп сурет салуды.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Молшылық береке

Мақсаты: Балаларға молшылық, береке туралы ұғым беріп, нақыл сөздер

үйрету. Жеміс – жидектерді әр түрлі материалдардан жасау. Түрлі материалдардан жұмыс жасауға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру.

Әдіс – тәсілдер: Молшылық – берекені түсіндіру, көрсету, жасату, бекіту

Сөздік жұмыс: Молшылық – береке, ырыс.

Билингвальды компонент: молшылық – достаток, береке – изобилие, себет - корзина.

Қолданатын көрнекі құралдар: табиғи материалдар, түрлі – түсті қағаздар, ермексаз, күздің суреті.

Іс-әрекет кезеңдері:	Педагогтің іс-әрекеті:	Балалардың іс-әрекеті.
Мотивациялық қозғаушылық	Алдын – ала суретпен жұмыс жүргізу.	Балалар назарын аударады.
Ұйымдастырушылық кезеңі	Шаттық шеңбер Армысың, көк Аспан! Армысың, Жер Ана! Армысың, жан досым! Міне, қолым бос, Жылуыма жылу қос. Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Балаларды күздің келбеті бейнеленген суретті көрсетіп таныстырады. Күз туралы түсінік береді. Күздің бізге, берер ырысын, молшылығын, берекесін айтып түсіндіреді. Ырыс алды – береке деген мақалға мән бергізіп түсіндіреді. Күздің берер жемістерін, көкөністерін айтып, олардың атауларын ататып айтады. Дидактикалық ойын «Көкөністер мен жемістер» Ойын шарты: Күздің берген	Қимылдармен орындайды. Жауап береді. Балалар мұқият тыңдайды. Қызығушылықпен жасайды.

	байлықтары көкөніспен, жемістерді шашады, балалар соларды екі себетке ажыратып салу тиіс. Ал, енді алдымызда әр түрлі материалдар бар, солардан біз, әркім өзі қалаған жемісін немесе көкөністерін жасаймыз. Сергіту сәті Бұғының үйі үлкен, Терезеден қарады ол Қолы жүгіріп келеді Достым, достым есік аш Орман толы аңшы қаш Достым, достым үйге кір Менімен бірге өмір сүр	Балалар аяқтайды. Қимылмен жасайды.
Рефлексиялық түзетушілік	- Молшылық, береке деген сөзді қалай түсінеміз? - Күздің берер сыйы қандай? - Табиғи заттар ұнады ма? - Осы жасаған заттарыңды көрмеге қойыңдар!	Балалар сұраққа жауап береді. Көрме ұйымдастыру

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Күздің берер байлығын

Нені игерді: Молшылық – береке туралы игерді.

Нені біледі: табиғи материалдармен жұмыс жасауды.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Орманда

Мақсаты: Балаларға орман туралы әңгімелеу балалардың ынта – ықыласын

арттыру, көтеріңкі көңіл – күй туындату.

Әдіс – тәсілдер: түсіндіру, көрсету, бекіту.

Сөздік жұмыс: Орман

Билингвальды компонент: күз мезгілі – осенний сезон, жаз мезгілі – летний сезон көктем мезгілі – весенний сезон.

Қолданатын көрнекі құралдар: орман суреттері.желім, қайшы, қағаз.

Іс-әрекет кезеңдері:	Педагогтің іс-әрекеті:	Балалардың іс-әрекеті.
Мотивациялық қозғаушылық	Алдын ала суретпен жұмыс жүргізу.	Балалар назарын аударыды
Ұйымдастырушылық кезеңі	Шаттық шеңбері Амандасу үлкенге Тәрбиенің басы ғой Сәлем дейік үлкенге Қосылып бірге айту Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Балаларды орманның суреттерімен таныстыру. Орман жылдың 4 мезгілінде қалай өзгеріп тұрады? 1. Суретте орманның көктем мезгіліндегі уақыты 2. Суретте орманның жаз мезгіліндегі уақыты 3. Суретте орманның күз мезгіліндегі уақыты 4. Суретте орманның қыс мезгіліндегі уақыты. Осы орман суреттерінің айырмашылығын анықтап, түсіндіру. Жазда көк, көктемде көк, күзде сары түске, қыста аппақ түске айналатынын білдік.	Шеңберге тұрады Балалар жауап береді Балалар мұқият тыңдайды Суреттерге мұқият, зейін қойып қарайды. Тапсырманы қызығушылықпен

	Енді осы орманды қағазға түрлі – түсті қағаздармен орманның бейнесін жапсырамыз. Сергіту сәті Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп – теріп алайық, Қалтамызға салайық. Балалардың жапсырған суреттерін тәрбиеші мұқият қарап, көмек керектеріне, көмектесіп, басқа балаларды мадақтайды	орындайды Қимыл іс – әрекеттермен орындайды. Балалар қуануда
Рефлексиялық түзетушілік	- Орман дегенімізді қалай түсінеміз? - Төрт мезгілді атаңдар? - Жыл мезгілінде дала қандай түске бөленеді? - Осы жасаған заттарыңды көрмеге қойыңдар!	Балалар сұраққа жауап береді Көрме ұйымдастыру.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Жылдың төрт мезгілге бөлінетінін

Нені игерді: орман туралы ұғымды үйренді.

Нені біледі: 4 жылда орман төрт түске боялатынын

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Қайықша

Мақсаты: Балаларға қайық туралы әңгімелеп тақпақ жаттау. Қайықшаны түрлі қағазбен бүктеу тәсілдерін жасауға жаттықтыру..

Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру.

Билингвалды компонент: қайықша-катор

Сөздік жұмыс: қайықша

Көрнекіліктер: тақырыптық сурет

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Алдын ала тақырыптық сурет арқылы жұмыс жүргізу.	Балалардың қызығушылықтары артады.
Ұйымдастырушылық -ізденістік	Шаттық шеңбер: Жайқалып жапырақ, Құлпырып қызғалдақ, Тұратын көз тартып, Жаз келді күн шуақ. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі: Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Көліктер үш түрге бөлінеді. Олар: жер көлігі, әуе көлігі, су көлігі. Осы көліктердің ішінен бүгін біз су көлігінің бірі қайықшамен танысамыз. -Балалар көліктердің бір түрі су көліктерін атап өтейікші? -Қайық, кеме. Соның бірі қайықты жасап көрейік. Ал балалар, алдымыздағы қағаздардан бүктеу әдісі арқылы қайықша жасаймыз. Жұмыстың орындалу ретімен	Өлең жолдарымен қимыл көрсетеді. Балалардың жауаптары тыңдалады. Шешуін табу, есте сақтау. Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.

	таныстырып өтейін. Сергіту сәті: Жаз келіпті дегенше, Алма пісті дегейсің. Бағымызда ендеше Алма тарту көбейсін. Жаз келіпті дегенше, Қарбыз пісті дегейсің, Бақшамызда ендеше Қарбыз жинау көбейсін. Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.	Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық- түзетушілік	Балалардың жұмыстарына талдау жасау. Жақсы жасалған жұмыстардан көрме ұйымдастыру. .	Балалар салған суреттеріне сипаттама береді.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: қайықшаны бүктеу әдісі арқылы жасауды;

Нені игерді: сюжетті композиция құрастыруды игерді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Технологиялық картаны толтырған:

Технологиялық картаны тексерген:

Түсіндірме хат

Дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салу, мүсіндеу, қол еңбегі бүлдіршіндердің ең сүйікті ісі де болады. Өйткені, бояу әлеміне ену, оны қолмен ұстап, сезіну арқылы салынған дүние – балалардың танымдық деңгейін ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаға деген қызығушылығын да арттырады.

Сондықтан болар, дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу:

- баланың психикасына (эмоционалдық жағдайына);
- логикалық ойлау қабілетіне;
- саусақ моторикасының дамуына;
- қағаз бетіне бағдарлай білуді;
- көзбен көріп, мөлшерлей білуді;
- эстетикалық талғамының қалыптасуына зор ықпал етеді.

Жалпы, мектепке дейінгі мекемелердегі бейнелеу өнерінің, мүсіндеудің, табиғи материалдармен жұмыс жасаудың шығармашылық қабілеттерін шыңдауда балалар үшін маңызы зор. Өз түсінгенін бұқпасыз, боямасыз жеткізетін жеткіншектің бояу арқылы бағдарлауында тәрбиешінің орны ерекше. Сондықтан да, өзімнің шығармашылық жұмысымның арқауы ретінде осы дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуды, мүсіндеуді, қол еңбегін алуды жөн көрдік. Аптасына бір рет өткізілетін бұл іс-әрекеттер балалардың қиялын, ой-өрісін дамытады, шығармашылыққа жетелейді.

Шығармашылық жұмысымның өзектілігіне келер болсақ: Бала қиялына ерік беру арқылы оның ішкі сезімін, жан дүниесін бағдарлау, нәтижеге жетер жолдағы тиянақтылық пен іскерлік дағдысын дамыту.

Ерте кезде-ақ философтар шығармашылық феноменды аңғаруға және адам дамуына ықпалы қаншалықты екенін анықтауға ұмтылды (Платон, Аристотель, Ф. Аквинский, И.Кант). Орыс философиясында шығармашылық зор түсініктердің бірі екендігін мойындайды (В.С.Соловьев, В.Н.Лосский, И.А.Беряев).

Бейнелеу өнері шығармаларын жақсы дәрежеде қабылдау үшін, бала өнердің өзінің бейнелеу тілін түсінетін дамыған қабілет болу қажет. Өнер қабылдау балада арнайы үйренуді қажет етеді.

«Өнерлі екен он саусақ» үйірмесі балаларды дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, табиғи материалдарды қолданып өз шығармашылық қабілеттерін дамытып, жасаған жұмыстары туралы әңгімелей білуге үйретеді.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау қабілетін, мәдениетін дамыту. Шығармашылық іскерліктері мен эстетикалық талғамын қалыптастыру.

Міндеттері:

Балалардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап, бір затты әр қырынан көре білулеріне, жасаған жұмыстарын талдауға, өз ойларын жеткізе білулеріне машықтандыру.

Бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгерту.

Саусақ моторикасының дамуына, эстетикалық талғамының қалыптасуына ықпал ету.

Сурет өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру.

Бастаған істі аяғына жеткізуге, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелей отырып, рухани – адамгершілік қасиетін дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

Дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу техникасын меңгеріп, өз беттерінше жұмыс жасайды.

Шығармашылық қабілеттері шыңдалады.

Жасаған жұмысы туралы айтып бере алады.

ЖШС «Қалдықыз ана» бөбекжай балабақшасы

БЕКІТІЛДІ

Педагогикалық кеңеспен

« 24 » тамыз 2021 ж

№ 1 хаттама

«Қалдықыз ана» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі

М.Б. Усербаева



Вариативтік компонент

Менталды арифметика

Мектепалды даярлық «Ақкөгершін» тобы

2021-2022 оқу жылы

Тәрбиеші :

А.Ағайдарова

Вариативтік компонент «Менталды арифметика»

Ай аттары	Тақырыбы	Сағат саны
Қыркүйек	1.Менталды арифметика дегеніміз не ?	1
	2.Логикалық тапсырмалар	1
	3.Жылдамдыққа жаздыру. (0-5, 5-0)	1
	4.Абакуспен таныстыру	1
Қазан	1.Ұзын және қысқа тазартулар	1
	2.Флэш-картамен жұмыс (1-5 дейінгі карталарды көрсету).	1
	3.Жылдамдыққа жаздыру (0-9, 9-0 сандар).	1
	4.Логикалық тапсырмалар.	1
Қараша	1.Абакусте техниканы жаттықтыру.	1
	2.1-4-Даярлық жаттығуы	1
	3.Флеш картамен жұмыс (1-9 дейінгі карталарды көрсету)	1
	4.1-5 дейінгі тастарды қосу және азайту	1
Желтоқсан	1.Іргелі жаттығулар	1
	2.Есту жаттығулары	1
	3.Логикалық тапсырмалар	1
	4.Менталды есептеу (1-5 дейінгі сандар)	1
Қаңтар	1.Жылдамдыққа жаздыру (1 3 5 7 9 тақ сандар)	1
	2.Бір мезетте 6-9 дейінгі тастарды қосу азайту	1
	3.Логикалық тапсырмалар	1
	4.Кішкентай көмекшілер тұжырымдамасы	1
Ақпан	1.Жылдамдыққа жаздыру (2 4 6 8 жұп сандар) 2.Флеш картамен жұмыс (1-15 дейінгі карталарды көрсету)	1
	3.Логикалық тапсырмалар	1
	4.Флеш картамен жұмыс (1-20 дейінгі карталарды көрсету)	1
		1
Наурыз	1.Жылдамдыққа жаздыру жаттығуы (1-9,9-1 сандар)	1
	2.Менталды есептеу (1 ден-10 ға дейін)	1
	3.Логикалық тапсырмалар	1
	4.Екі таңбалы сандарды қосу және азайту	1
Сәуір	1.Флеш картамен жұмыс (1-30 дейінгі карталарды көрсету)	1
	2.Ойын: «Ұқсасын тап»	1
	3.Бір мезеттегі жоғарғы және төменгі тастардың жай жағдайы.	1
	4. Флеш-картамен жұмыс (1-40 дейінгі карталарды көрсету)	1
Мамыр	1. Екі таңбалы сандар 11-55. Сол қолмен жұмыс істеу.	1
	2. Флеш картамен жұмыс (1-50 дейінгі карталарды көрсету)	1
	3. Логикалық тапсырмалар	1
	4. Флеш-картамен жұмыс (1-100 дейінгі карталарды көрсету)	1

Барлығы	36
---------	----

01.09.2021 ж

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Ментальды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: МА дегеніміз не?

Мақсаты: Балалардың математикаға деген қызығушылығын арттыру. «Ментальды арифметика» туралы түсінік беру.

Көрнекі құралдар: абакус, ақ парақ, карандаш.

Әдіс-тәсілі: сұрақ-жауап, ойын.

Жаңа сөздер: абакус, ментальды арифметика.

Барысы: Балаларға бірнеше сұрақтар қою арқылы танысу және балаларды бір-бірімен ойын арқылы таныстыру.

Балалар МА дегеніміз не? МА не үшін керек және болашақта оның маңызы қандай? Ментальды арифметиканы үйренсеңдер логикалық ойлау мен есте сақтау қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді. Сондай-ақ, есепке жүйрік әрі өз-өзіне сенімді болуға үйретеді. Балалар, ойша кез келген арифметикалық есептерді калькулятордан бұрын дұрыс есептей алады. Ол үшін біз 0-9 ға дейінгі сандарды ретімен жазуды үйренуіміз керек. Алдарындағы ақ параққа 0-9-ға дейінгі сандарды ретімен жазыңдар. (Балалар 0-ден 9-ға дейінгі сандарды ретімен жазады). Нұрділет сенің жасың нешеде? Дұрыс айтасың 5 санын дөңгелектеп қоршап қой. Меруерт сенің жасың нешеде? Сен де 5 санын дөңгелектеп қоршап қой. Жарайсыңдар балалар сендер 0-9-ға дейінгі сандарды ретімен жаза біледі екенсіңдер. Біз сендермен осы 0-9ға дейінгі сандарды келесі сабақтарда жылдамдыққа жазуды үйренеміз.

Түйе, түйе маң басқан

Төрт аяғын тең басқан

Шұнақ құлақ бес ешкі

Қос қозылы, екі қой.

Бәрі нешеу айта ғой? (10)

Жарайсыңдар балалар сендер тапқыр, алғыр екенсіңдер. Сау болыңдар.

08.09.2021ж

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Ментальды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Логикалық тапсырмалар

Мақсаты: Балаларды логикалық есептерді ойша, әрі тез есептей білуге дағдыландыру. Логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып оқыту.

Көрнекі құралдар: тақта, суреттер. Логикалық тапсырмалар

Кел балалар, ойнайық! Ойнайық та ойлайық

Қандай есеп болса да,

Шешпей оны қоймайық. Қанекей балалар ойын ойнайық!

1)Далада тұр екі ешкі

Қорада тұр екі ешкі.

Екі ешкі мен екі ешкі

Болады екен неше ешкі? (4)

2)Табақта 5 алма

Мерей алды 3 алма

Сонда қалды неше алма? (2)

3)Үйге келді Мадияр

Оған қоса Алдияр

- Кейін келді Айдана
Қанша болды бар бала? (3)
4) Көлден ұшып алты қаз.
Қайтып келді екі қаз.
Қонбай кетті қанша қаз?
Шешуін кім табады тез? (4)

15.09. 2021 ж

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Ментальды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Жылдамдыққа жаздыру. (0-5, 5-0)

Мақсаты: Балаларды жылдамдық пен шапшаңдыққа баулып, тез жазу жаттағуы арқылы қабілеттерін дамыту.

Көрнекі құралдар: тақта, сандар.

Әдіс-тәсілі: жаттықтыру.

Жаңа сөздер: тұжырымдама.

Барысы: Балалар бүгін біз сендермен жылдамдыққа жаздыру жаттығуын орындаймыз.

Тақтаға қараңдаршы не көріп тұрсыңдар? Қане, санайықшы. Балалар 0 1 2 3 4 5 деп санайды. Ал енді осы тұжырымдаманы тақтаға жазамын: 0 1 2 3 4 5

-Балалар, осы сандарды өздеріңнің №1, тез жазуға арналған дәптерлеріне жазып алыңдар. Әр сан өз тор көзінде, бір тор көзіне екі сан жазуға болмайды. Сандардың арасында бос тор көз қалдырмаймыз. Жазып алдыңдар ма? Өте жақсы. Енді мен секундомер аламын, мен «Бастаймыз» деген кезде, сендер былай жазыңдар: 0 1 2 3 4 5

0 1 2 3 4 5

0 1 2 3 4 5

-Әр санның астына дәл сол сан жазылу керек, жанына кетіп қалуға болмайды. Көп сан жазуға тырысыңдар! Содан соң көреміз, бір минут ішінде қанша сан жаздыңдар, жарайды ма? (команда береміз)

- Енді біз қалай санаймыз? Бірінші жолды біз санамаймыз, себебі біз оны уақыттан тыс жаздық. Келесі жолдарды санаймыз (сол кезде балаларға ескертулер айтамыз, дұрыс, әдемі жаз деп немесе арасынан жол тастамаймыз деп т.с.с).

22.09. 2021ж

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Абакуспен таныстыру

Мақсаты: Балаларды абакуспен таныстыру, зейіндерін шоғырландыру және ақпаратты тез қабылдау қасиеттерін дамыту.

Көрнекі құралдар: абакус, тақта, маркер.

Әдіс-тәсілі: қосу, азайту.

Жаңа сөздер: абакус, көлденең сызық.

Барысы: Балалар Абакус келесі бөліктерден тұрады: тіктөртбұрышты жиектеме: көлденең сызық абакусты жоғарғы және төменгі бөлікке бөледі. Мынау шилер. Онда жылжымалы тастар орналасқан. Біз есепті абакустың оң жағындағы бірінші санақ нүктесінен бастаймыз. Мұнда бірліктер, яғни 1-ден 9-ға дейінгі сандар орналасқан. Төменгі бөлігіндегі әр тас 1-ге тең. Төменгі тастарды көлденең сызыққа оң қолдың бас бармағымен қосамыз « + » және абакустың жиегіне қарай оң қолдың сұқ саусағымен азайтамыз « - ».

Абакустың жоғарғы бөлігіндегі барлық тастар ерекше. Бір тас болғанмен, ол 5-ке тең, сондықтан өзіне ерекше қарауды талап етеді. «5» санын оң қолдың сұқ саусағымен көлденең сызыққа қосамыз және сұқ саусақпен жиегіне қарай азайтамыз.

6, 7, 8, 9 сандары да осы шиде орналасқан. Көлденең сызыққа қарай оң қолдың бас бармағы және сұқ саусағымен бір мезетте қосамыз « + » және абакустың жиегіне қарай оң қолдың бас бармағы мен сұқ саусағымен бір мезетте азайтамыз « - ».

06.10. 2021 ж

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Менталды арифметика логикалық ойындар.

Тақырыбы: Ұзын және қысқа тазартулар

Мақсаты: Балаларды абакуспен жұмыс жасауға жаттықтыру. Ұсақ қол моторикасын дамыту.

Көрнекі құралдар: абакус, қарындаш.

Әдіс-тәсілі: жаттықтыру, тазарту.

Жаңа сөздер: ұзын және қысқа тазарту.

Барысы: Абакуспен жұмыс жасау алдында оны тазартады. Тазартуды сатылап өткізеді.

Ұзын тазарту фундаменталды жаттығулар және арнайы жаттығулар орындау алдында жүргізіледі.

Ұзын тазарту командалары:

Көтеріміз-барлық тастарды төменге қарай «түсіру» үшін жоғарғы тастарды көлденең сызыққа, төменгі тастарды абакустың жиегіне қарай, абакустың жоғарғы жағын партаның бетінен көтеріміз.

Түсіреміз- барлық тастар төменде (жоғарғы тастар көлденең сызықтың, төменгі тастар абакустың жиегінің бойында қалатындай абакусты бастапқы қалыпқа келтіреміз.

Тазарту – барлық жоғарғы тастар («5» цифрлары) абакустың жоғарғы жиегіне көтерілу үшін оң қолдың сұқ саусағымен көлденең сызық бойымен солдан оңға қарай өткіземіз.

Қысқа тазарту есептеу барысында жүргізіледі, яғни бірнеше шиде жұмыс жасағанда.

Қысқа тазарту командалары:

Дайындаламыз немесе тазарту – барлық жұмысшы тастар бастапқы қалыпқа келтіру үшін оң қолдың қабыстырылған бас бармақ және сұқ саусақтарымен көлденең сызық бойымен оңнан солға қарай өткіземіз.

13.10.2021ж

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Флэш-картамен жұмыс (1-5 дейінгі карталарды көрсету). Бірдей таңбалар

Мақсаты: Балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып, зейіндерін шоғырландыру.

Көрнекі құралдар: Флэш-карта.

Әдіс-тәсілі: көрсету

Жаңа сөздер: флэш-карта.

Барысы: Флэш- картамен жұмыс. Флэш- карта ойыны балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып, зейіндерін шоғырландыруға септігін тигізеді. Ал, балалар қазір мен сендерге карточкаларды көрсетемін, ал сендер маған бұл қандай сандар екенін айтасындар (15 дейінгі сандар).

Бірдей таңбалар.

Балалар енді мұқият тыңдаңдар! Бүгін біз өте – өте маңызды ережемен танысамыз және бұл ереже сендермен осы жыл бойы қатар жүреді. Бұл ереже – «Бірдей таңбалар» ережесі деп аталады.

Таңба дегеніміз не? Таңба- мәтінді қысқартуға арналған арнайы символ. Қандай арифметикалық таңбаларды біз білеміз? +, -, =. Мысалдар 1, 3, -1: 2, 1, -2: 3, 1, -2.

Маңызды: нұсқаушы бекітуге арналған мысалды демонстрациялық абакуста көрсеткен кезде балалар нұсқаушының артынан ментальды түрде қайталау керек, даярлық абакустарды тиіспейді. Балалар «Бірдей таңбалар» ережесін мен оқимын, сендер өздеріңнің даярлық абакустарында орындайсындар, тек қана бір шиде. Жауаптарды жазбайсындар, барлығың бір мезетте айтасындар.

20.10.2021ж

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Жылдамдыққа жаздыру(0-9, 9-0 сандар).

Мақсаты:Балаларды жылдамдық пен шапшаңдыққа баулып, сандарды ретімен жазуға үйрету.

Көрнекі құралдар: дәптерлер,қарындаштар,секундомер.

Әдіс-тәсілі: жаттықтыру.

Жаңа сөздер: тез жазу,секундомер.

Барысы: Жылдамдыққа жаздыру, жаздыру жаттығуын орындау. Тақтаға 0-9 және 9-0 сандарын жазу.

Балалар тақтадағы сандарды ретімен атаңдаршы.Балалар сандарды рет-ретімен айтады. -Балалар, осы сандарды өздеріңнің №1 тез жазуға арналған дәптерлеріңе жазып алыңдар.Әр сан өз тор көзінде,бір тор көзіне екі сан жазуға болмайды. Сандардың арасында тор көз қалдырмаймыз.Жазып алдыңдар ма?Өте жақсы.Енді мен секундомер аламын,мен «Бастаймыз» деген кезде,сендер былай жазыңдар:

0 1 2 3 4 5 6 7 8 9

9 8 7 6 5 4 3 2 1 0

0 1 2 3 4 5 6 7 8 9

9 8 7 6 5 4 3 2 1 0

-Әр санның астына дәл сол сан жазылу керек,жанына кетіп қалуға болмайды.Көп сан жазуға тырысыңдар! Содан соң көреміз,бір минут ішінде қанша сан жаздыңдар.Жарайды ма?(Команда береміз).

-Енді біз қалай санаймыз? Бірінші жолды біз санамаймыз,себебі біз оны уақыттан тыс жаздық. Келесі жолдарды санаймыз:10,20,30... Жарайсыңдар балалар!

27.10. 2021 ж

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Логикалық тапсырмалар.

Мақсаты: Балалардың логикалық ойлау,есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып,өз-өзіне деген сенімділіктерін арттыру.

Көрнекіліктер: тақта

Әдіс-тәсілі: оқу, сұрақ-жауап.

Жаңа сөздер: шұнақ құлақ, қабын алды.

Барысы:

Қонжық екеу, табаны нешеу?(8)

Кірпі ертең той жасамақ
Болғандықтан шақырмақ
Екі қонжық, үш көжек
Бес тиінді ертерек
Айтшы бәрін қостағы
Қанша кірпі достары (10)

Түйе, түйе маң басқан
Төрт аяғын тең басқан
Шұнақ құлақ бес
ешкі Қос қозы, екі
қой Бәрі нешеу айта
ғой?

Дүкеннен сабын алды
Оның және қабын алдым.
Екі дәптер, бір қарындаш
Тіс ысқышты тағы алдым
Есептеші сонда бәрін
Қанша болады қолда барым?

03.11. 2021ж

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Менталды арифметика логикалық ойындар.

Тақырыбы: Абакусте техниканы жаттықтыру.

Мақсаты: Балаларды абакуспен жұмыс істеу және оны қолданудың ережелерімен таныстыру.

Көрнекіліктер: абакус, қарындаш.

Әдіс-тәсілі: жаттықтыру.

Жаңа сөздер: абакус, жантайып.

Барысы: Балалар барынша зейін қойып абакуспен жұмыс істеу үшін оны қолданудың бірнеше ережелері бар:

1. Орындықтың шетіне отыру(жантайып отырмау), арқаны түзу ұстау (партаға жатпау), екі аяқты да еденге қою (аяқты айқастырмау) керек.
2. Абакусты партаның шетінен алақанның жалпақтығындай арақашықтықта орналастыру қажет.
3. Орталық шидегі нүкте мұрынға қарама-қарсы орналасу керек.
4. Қарындашты ұшталған жағын сыртқа қаратып, оң(сол қолымен жазатындарға -сол) қолға алу керек. Ол есеп жауабын жазып алуға дайын болу үшін қажет.

Түсіндіру (оң қолмен жазатындар үшін):

Оң қолдың алақанын ашамыз және қарындаштың ұшын сыртқа қаратып, оны ортаңғы саусақпен, атаусыз(безымянный) саусақпен және шынашақпен ұстаймыз.

(сол қолмен жазатындар үшін):

Сол қолдың алақанын ашамыз, бас бармақ пен шынашақты бір-біріне қосамыз, қарындаштың ұшын сыртқа қаратып бас бармақ пен шынашақты ашамыз.

5. Абакусты сол қолдың үш саусағымен ұстау қажет: бас бармақ, атаусыз(безымянный) және шынашақпен, ортаңғы және сұқ саусақтар бос болу керек.

10.11. 2021ж

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Менталды арифметика логикалық ойындар.

Тақырыбы: 1-4- Даярлық жаттығулары.

Мақсаты: Балалардың ұсақ моторикасын дамыту және абакуста жұмыс істеу техникасын қалыптастыру.

Көрнекілігі: абакус.

Әдіс-тәсілі: жаттықтыру.

Жаңа сөздер: ұзын, қысқа тазарту, ши.

Барысы: Даярлық жаттығуларын орындау барысында нұсқаушы әр баланың есеп шығаруға дайындығын қадағалау керек.

Әр даярлық жаттығуы командамен басталады және аяқталады.

Жаттығуларды нұсқаушы командалары бойынша нақты орындау керек.

Командалар:

1. Дайындаламыз (ұзын тазарту) 2.

1 (2,3,4) даярлық жаттығуы

3. Бастаймыз.

4. 1 (2,3,4) даярлық жаттығуы аяқталды

1- даярлық жаттығуын орындау

Абакустың әр шиінде солдан оңға қарай оң қолдың бас бармағымен «1» санын қосу керек. Түсіндіру: оң қолдың бас бармағымен «1» санын әр шиде солдан оңға қарай көлденең сызыққа қарай қосамыз. Тағы «1» саны бар ма? Оң қолдың бас бармағымен әр шиде солдан оңға қарай «1» санын қосамыз.

«1» санын қосып болған соң, оны оң қолдың сұқ саусағымен солдан оңға қарай азайту керек. Түсіндіру: оң қолдың сұқ саусағымен әр шиде солдан оңға қарай «1» санын абакустың жиегіне қарай азайтамыз. Тағы «1» саны бар ма? Оң қолдың сұқ саусағымен әр шиде солдан оңға қарай «1» санын азайтамыз.

Кері байланыс: баланың материалды түсінуін анықтау үшін үнемі сұрақ қою қажет. Мысалы, «1» санын бас бармақпен азайтуға бола ма? Даярлық жаттығуларын солдан оңға қарай орындауға бола ма?

Дәл осылай 2,3 және 4- даярлық жаттығулары орындалады.

17.11. 2021 ж

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Флэш-картамен жұмыс (1-9 дейінгі карталарды көрсету).

Мақсаты: Балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып, зейіндерін шоғырландыру. Жылдамдық пен шапшаңдыққа баулу.

Көрнекі құралдар: Флэш-карта

Әдіс-тәсілі: көрсету, ойын

Жаңа сөздер: флэш-карта

Барысы: Флэш-картамен жұмыс. Флэш-карта ойыны балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып, зейіндерін шоғырландыруға септігін тигізеді. Ал, балалар қазір мен сендерге карточкаларды көрсетемін, ал сендер маған бұл қандай сандар екенін айтасындар. (1-9 дейінгі сандар).

Кері байланыс: абакуста біртаңбалы сандарды көрсетіп, әр баладан «Бұл қандай сан?» деп сұрау қажет. Барлығы да жаңа материалды түсініп алғанына көз жеткізу керек.

24.11. 2021ж

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: 1-5 дейінгі тастарды қосу және азайту

Мақсаты: Балалардың математикаға деген қызығушылығын арттыру. Абакуспен жұмыс істеу техникасын жаттықтыру. **Көрнекі құралдар:** абакус, тақта

Әдіс-тәсілі: жаттықтыру

Жаңа сөздер: абакус, бас бармақ, сұқ саусақ

Барысы: Балалар есеп 1-ші шиден басталады. Бұл шиде 1-ден 9-ға дейінгі сандар орналасқан.

Абакустың төменгі бөлігіндегі әр тас 1-ге (бірлік) тең. Төменгі тастарды көлденең сызыққа оң қолдың бас бармағымен қосамыз «+» және абакустың жиегіне қарай оң қолдың сұқ саусағымен азайтамыз «-».

Абакустың жоғарғы бөлігіндегі тастар ерекше. Бір тас болғанмен, ол 5-ке (бес) тең, сондықтан өзіне ерекше қарауды талап етеді «5» санын оң сұқ саусағымен көлденең сызыққа қосамыз «+» және абакустың жиегіне қарай азайтамыз.

08.12. 2021 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Іргелі жаттығулар.

Мақсаты: Балаларды жылдамдық пен шапшаңдыққа баулып, есте сақтау қабілеттерін арттырып, зейіндерін шоғырландыру.

Көрнекі құралдар: абакус, дәптер.

Әдіс-тәсілі: жаттықтыру.

Жаңа сөздер: іргелі жаттығу.

Барысы: Іргелі жаттығулар – бұл өткен тақырыпты бекітуге және ұсақ моториканы жетілдіруге арналған арнайы жаттығулар. Жаттығулар абакустың бүкіл шилерінде орындалады және таңбалар әрқашан айтылады.

Мысалы:

Ежіктеу:

3

Әр шиге 3-ті теріңіз,

-1

әр шиден 1-ді

азайтыңыз, 5

әр шиге 5-

ті қосыңыз.

Жауап: 7

Ежіктеу:

1

Әр шиге 1-ді теріңіз,

3

әр шиге 3-ті қосыңыз,

1

әр шиге 1-ді қосыңыз

Жауап: 5

Ежіктеу:

4

Әр шиге 4-ті

теріңіз, -2

әр шиден 2-ні

азайтыңыз, 1

әр шиге 1-ді

қосыңыз.

Жауап: 3

15.12.2021ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Есту жаттығулары

Мақсаты: Балалардың математикаға деген қызығушылығын арттырып, есептеу қабілеттерін дамыту.

Көрнекі құралдар: абакус, дәптер, қарындаш

Әдіс-тәсілі: жаттықтыру, шешу

Жаңа сөздер: есту жаттығулары, жоғары, төмен

Барысы: Есту жаттығуларын орындаған кезде, балалар жауаптарды арнайы дәптерлерге (есту жаттығуларына арналған) жазулары керек. Ыңғайлы болу үшін, бұндай дәптерлердегі торлар кәдімгілердікінен үлкенірек болып жасалынған. Сызықтарды сызу:

Бірінші баған - 2 тор

Атауы: №

Толтырылуы: бағандағы нумерация 1-ден 20-ға дейін

Екінші және қалған бағандар - 4 тор

Атауы: жауап және нәтиже

Нәтижелер сызық арқылы бөлініп, жоғарыдан төмен қарай жазылады: жоғарыда дұрыс жауаптар саны, төменде барлық есептер саны.

Мысалдар шешіліп болған соң, жауаптардың астына формула жазылады: D- таңбалар саны (бір таңбалы сандар, екі таңбалы сандар)

R- мысалдағы қатарлар саны

- мысал нақты абакуста шешілген болса * -

мысал менталды абакуста шешілген болса

Мысалы:

Біртаңбалы сандардан құралған құралған есеп -1D

Төрт қатардан тұрады – 4R Жай жағдай Ж.Ж.

Нақты абакустың көмегімен шешілген - #

22.12.2021 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Логикалық тапсырмалар

Мақсаты: Балаларды арифметикалық және логикалық есептерді ойша, әрі тез есептей білуге дағдыландыру. Логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып оқыту.

Көрнекі құралдар: тақта

Әдіс-тәсілі: оқу, сұрақ-жауап

Жаңа сөздер: сараң, руль, доңғалақ

Барысы: Кел, балалар, ойнайық!

Ойнайық та ойлайық

Қандай есеп болса да,

Шешпей оны қоймайық

Қанекей балалар ойын ойнайық.

Алты кәмпит көп еді,

Сараңдығым жоқ еді.

Бір кәмпитім атаға,

Бір кәмпитім апаға,

Екі кәмпиті мамаға

Бірін берсем көкеге Өзіме

де жете ме?

Үш қой қосу екі қой,

Жалпы саны ...неше ғой.

Екі қой-қайта алғаным,

Айтшы қанша қалғанын.

Әкесі мен екі баласы велосипед теуіп жүр. Анасы рульдер мен доңғалақтарды санағысы келді. Рульдер-2, ал доңғалақтар-5 болды. Велосипед нешеу және олар қандай?

29.12. 2021ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Менталды есептеу (1-5 дейінгі сандар)

Мақсаты: Балаларды арифметикалық және логикалық есептерді ойша, әрі тез есептей білуге дағдыландыру. Өз-өздеріне деген сенімділіктерін арттырып, ақпаратты тез қабылдау қасиеттерін дамыту.

Көрнекі құралдар: тақта, абакус

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, ойлау

Жаңа сөздер: менталды

Барысы: Менталды есептеу барысында балаларға барлық абакусты елестету қажет емес. Оларға тек пайдаланылатын тастарды елестету жеткілікті. Бала тастарды елестету мен қатар сезінгені дұрыс.

Ескерту: балалар саусақтарымен дұрыс жасап жатқанына назар аударыңыздар. Дұрыс менталды есептеу үшін барлық балалар сандарды дұрыс қосып және азайта білу керек. Менталды есептеуге арналған мысалдар, есту жаттығулары секілді орындалады.

05.01. 2022 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Жылдамдыққа жаздыру(1 3 5 7 9 тақ сандар)

Мақсаты: Балаларды жылдамдық пен шапшаңдыққа баулып,сандарды ретімен жазуға үйрету.

Көрнекі құралдар: дәптерлер,қарындаштар,секундомер

Әдіс-тәсілі: жаттықтыру

Жаңа сөздер: секундомер

Барысы: Тақтаға 1 3 5 7 9 сандарын жазу.Балалар тақтадағы сандарды ретімен атаңдаршы. - Балалар,осы сандарды 1, тез жазуға арналған дәптерлеріңе жазып алыңдар.Әр сан өз тор көзінде,бір тор көзіне екі сан жазуға болмайды.Сандардың арасында тор көз қалдырмаймыз. Жазып алдыңдар ма?Енді мен секундомер аламын, мен бастаймыз деген кезде, сендер былай жазыңдар:

1 3 5 7 9

1 3 5 7 9

1 3 5 7 9

Әр санның астына дәл сол сан жазылу керек, жанына кетіп қалуға болмайды.Көп сан жазуға тырысыңдар!Содан соң көреміз, бір минут ішінде қанша сан жаздыңдар.Жарайды ма? (Команда береміз)

Енді біз санаймыз. 5,10,15,20. Жарайсыңдар балалар.

12.01. 2022ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы:Бір мезетте 6-9 дейінгі тастарды қосу және азайту.

Мақсаты: Балалардың математикаға деген қызығушылығын арттыру.Абакуспен жұмыс істеу техникасын жаттықтыру. **Көрнекі құралдар:** абакус, тақта

Әдіс-тәсілі: жаттықтыру

Жаңа сөздер: абакус, бас бармақ, сұқ саусақ.

Барысы:Балалар есеп 1-ші шиден басталады. Бұл шиде 1-ден 9-ға дейінгі сандар орналасқан.

Абакустың төменгі бөлігіндегі әр тас 1-ге(бірлік)тең.Төменгі тастарды көлденең сызыққа оң қолдың бас бармағымен қосамыз.«+» және абакустың жиегіне қарай оң қолдың сұқ саусағымен азайтамыз «-».

Абакустың жоғарғы бөлігіндегі барлық тастар ерекше. Бір тас болғанмен, ол 5-ке (бес) тең,сондықтан өзіне ерекше қарауды талап етеді.«5» санын оң қолдың сұқ саусағымен көлденең сызыққа қосамыз .«+» және абакустың жиегіне қарай азайтамыз «-».

6,7,8 және 9 сандары да орталық шиде орналасқан.Көлденең сызыққа қарай оң қолдың бас бармағы және сұқ саусағымен Бір мезетте қосамыз «+» және абакустың жиегіне қарай оң қолдың бас бармағы және сұқ саусағымен бір мезетте азайтамыз «-».

19.01. 2022 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Логикалық тапсырмалар

Мақсаты:Балалардың логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып,өз-өзіне деген сенімділіктерін арттыру. **Көрнекі құралдар:** тақта,сурет

Әдіс-тәсілі:оқу, сұрақ-жауап

Жаңа сөздер:себет, еңбекшіл

Барысы: Кел, балалар,ойнайық!

Ойнайық та ойлайық

Қандай есеп болса да,

Шешпей оны қоймайық

Сатып алып бір сәбіз,

Қойды үйрек себетке

Тағы сонша қосса оған,
Нешеу болмақ әдетте?

Үш алманы бақтағы,
Кірпі барып жинады
Ең әдемі тәттісін,
Ақ тиінге сыйлады
Ыдыстағы алманың
Санап көрші қалғанын!

Құмырсқалар еңбекшіл,
Ұйымшыл және ол көпшіл
Екеуі жүр дән тасып,
Екеуі шөпке жармасып
Сонда шырша түбінде
Нешеу болды, санап шық?

26.01. 2022 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Кішкентай көмекшілер тұжырымдамасы

Мақсаты: Балалардың логикалық ойлауын арттырып, кез-келген күрделі жағдайдан шығудың жолдарын үйрету.

Көрнекі құралдар: тақта, маркер, дәптерлер, қарындаштар

Әдіс-тәсілі: түсіндіру

Жаңа сөздер: кішкентай көмекші

Барысы: Тұжырымдаманы тақтаға жазамыз: 1 4 2 3 4 1 3 2 1 4

-Балалар, қалай ойлайсындар, бұл қандай сандар? Неге тек қана осы сандарды жаздық? Бұл жай сандар емес, бұл кішкентай көмекшілер (К.К.) деп қиын жағдай кезінде бір-біріне көмекке келетін сандарды атайды, олардың сомасы 5-ке тең болады. Қарандар, 1 мен 4 бірге 5 болады, 2 және 3 бірге 5 болады, 4 пен 1 бірге 5 болады, 3 пен 2 бірге 5 болады.

-Ал неге біз 1 мен 4-ті қайталадық? Жай бізге қанша сан жазғанамызды санау ыңғайлырақ болу үшін бір жұпты қайталап жаздық. К.К. біз басқа ретпен де жаза аламыз. Бірақ ол маңызды емес! Бірбірінің қасында тұрған сандардың қосындысы 5-ке тең болғаны маңызды. Ал неге 5? Неге 6 емес, 7 немесе 8 емес? Себебі 5 саны - менталдық арифметикада ерекше сан. Ол несімен ерекшеленеді? Себебі ол 1 тас, бірақ 5-ке тең. 5 саны-кішкентай көмекшілердің ерекше саны. К.К.-ді қалай тезірек есте сақтасақ болады? Алақанымызды ашайық, 1 саусағымызды жұмайық, қанша саусақ қалды? 4, дұрыс! Яғни, 1 санының К.К.-сі 4 саны. Балалар, мұқият болындар, алақанымызды ашайық, 2 саусағымызды жұмайық, қанша саусақ қалды? 3, дұрыс! Яғни, 2 санының К.К.-сі 3 саны! (Дәл осылай басқа кішкентай көмекшілерді түсіндіреміз).

02.02. 2022ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Жылдамдыққа жаздыру (2 4 6 8 жұп сандар)

Мақсаты: Балаларды жылдамдықпен шапшаңдыққа баулып, жұп сандарды ретімен жазуға үйрету.

Көрнекі құралдар: дәптерлер, қарындаштар, сандар.

Әдіс-тәсілі: жаттықтыру.

Жаңа сөздер: жұп сандар.

Барысы: Балалар бүгін біз сендермен жылдамдыққа жаздыру жаттығуын орындаймыз. Тақтаға қарандаршы қандай сандарды көріп тұрсыңдар? Қане санайықшы 2 4 6 8. Ал енді осы тұжырымдаманы тақтаға жазамын 2 4 6 8.

-Балалар, осы сандарды өздеріңнің тез жазуға арналған №1 дәптерлеріңе жазып алыңдар. Әр сан өз тор көзінде, бір тор көзіне екі сан жазуға болмайды. Сандардың арасында бос тор көз қалдырмаймыз. Жазып алдыңдар ма? Өте жақсы. Енді мен секундомер аламын. «Бастаймыз» деген кезде, сендер былай жазыңдар. 2 4 6 8

2 4 6 8

-Әр санның астына дәл сол сан жазылу керек. Көп сан жазуға тырысыңдар!

-Енді біз қалай санаймыз? Бірінші жолды біз санамаймыз, себебі біз оны уақыттан тыс жаздық. Келесі жолдарды санаймыз. (сол кезде балаларға ескертулер айтамыз, дұрыс әдемі жаз деп немесе арасынан жол тастамаймыз деп т.с.с.)

09.02. 2022 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы:Флеш-картамен жұмыс.(1-15 дейінгі карталарды көрсету)

Мақсаты: Балаларды жылдамдық пен шапшаңдыққа баулып, фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттыру.

Көрнекі құралдар: тақта, сандар.

Әдіс-тәсілі:

Жаңа сөздер:флеш-карта.

Барысы: Флеш-карта ойыны балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып, зейіндерін шоғырландыруға септігін тигізеді. Ал, балалар қазір мен сендерге карточкаларды көрсетемін, сендер маған бұл қандай сандар екенін айтасыңдар. (1-15 дейінгі сандар) **Кері байланыс:** абакуста екі таңбалы әр түрлі сандарды көрсетіп, әр баладан «Бұл қандай сан?» деп сұрау қажет. Барлығы да жаңа материалды түсініп алғанына көз жеткізу керек.

16.02. 2022 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Логикалық тапсырмалар.

Мақсаты: Балалардың логикалық есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып өз-өзіне деген сенімділіктерін арттыру. **Көрнекі құралдар:** тақта

Әдіс-тәсілі: оқу, сұрақ-жауап

Жаңа сөздер: акробат

Барысы:Кел балалар, ойнайық!

Ойнайық та ойлайық

Қандай есеп болса да,

Шешпей оны қоймайық.

Қанекей балалар ойын ойнайық!

Табыңдаршы қиналмай, Акробат

цифр бұл қандай? Үшке кеміп

қалады, Төбесімен тұрғанда.

«Бестікке» қара, енді,

Көзіңді байлай жөнелді.

Айналып кетіп алдында,

«Екілік шыға келеді»

Шомылып жүр үшеуі,
Жағалауда алтауы.
Балалардың барлығын, Санап
берші, сен тауып?

23.02. 2022 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Флеш картамен жұмыс (1-20 дейінгі карталарды көрсету)

Мақсаты: Балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып, зейіндерін шоғырландыру. Жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу.

Көрнекі құралдар: флеш-карта.

Әдіс-тәсілі: көрсету, ойын.

Жаңа сөздер: флеш карта.

Барысы: Флеш картамен жұмыс. Флеш карта ойыны балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып, зейіндерін шоғырландыруға септігін тигізеді.

Ал, балалар қазір мен сендерге карточкаларды көрсетемін, ал сендер бұл қандай сандар екенін айтасындар. (1-20 дейінгі сандар)

Кері байланыс: абакуста бір таңбалы сандарды көрсетіп, әр баладан «Бұл қандай сан?» деп сұрау қажет. Барлығы да жаңа материалды түсініп алғанына көз жеткізу керек.

02.03. 2022 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Жылдамдыққа жаздыру жаттығуы. (1-9, 9-1 сандар)

Мақсаты: Балаларды жылдамдық пен шапшаңдыққа баулып, сандарды ретімен жазуға үйрету.

Көрнекі құралдар: тақта, сандар, дәптерлер, қарындаштар.

Әдіс-тәсілі: жаттықтыру.

Жаңа сөздер: жылдамдық.

Барысы: Тақтаға 0-9, 9-0 сандарды жазу.

-Балалар, осы сандарды өздеріңнің тез жазуға арналған №1 дәптерлеріңе жазып алыңдар. Әр сан өз тор көзінде, бір тор көзіне екі сан жазуға болмайды. Сандардың арасында бос тор көз қалдырмаймыз. Жазып алдыңдар ма? Өте жақсы. Енді мен секундомер аламын. «Бастаймыз» деген кезде, сендер былай жазыңдар: 0 1 2 3 4 5 6 7 8 9

0 1 2 3 4 5 6 7 8 9

0 1 2 3 4 5 6 7 8 9

-Әр санның астына дәл сол сан жазылу керек. Көп сан жазуға тырысыңдар!

Содан соң көреміз бір минут ішінде қанша сан жаздыңдар. (Команда береміз)

-Енді біз қалай санаймыз? Бірінші жолды біз санамаймыз, себебін білесіңдер иә балалар. Келесі жолдарды санаймыз. (сол кезде балаларға ескертулер айтамыз, дұрыс әдемі жаз деп немесе арасынан жол тастамаймыз деп т.с.с.)

09.03. 2022 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Ментальды есептеу (1-ден-10-ға дейінгі сандар)

Мақсаты: Балалардың өз-өздеріне деген сенімділіктерін арттырып, арифметикалық есептерді ойша есептеуге үйрету.

Көрнекі құралдар: абакус.

Әдіс-тәсілі: оқу, сұрақ-жауап.

Жаңа сөздер: ментальды есептеу

Барысы: Ментальды есептеу. Ментальды есептеу барысында балаларға барлық абакусты елестету қажет емес. Оларға тек пайдаланылатын тастарды елестету жеткілікті.

Бала тастарды елестетумен қатар сезінгені дұрыс.

Ескерту: балалар саусақтарымен дұрыс жасап жатқанына назар аударыңыздар. Дұрыс ментальды есептеу үшін барлық балалар сандарды дұрыс қосыпайта білу керек. Ментальды есептеуге арналған мысалдар, есту жаттығулары секілді орындалады.

16.03. 2022 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Логикалық тапсырмалар

Мақсаты: Балалардың логикалық есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып өз-өзіне деген сенімділіктерін арттыру.

Көрнекі құралдар: тақта, суреттер.

Әдіс-тәсілі: оқу, сұрақ-жауап.

Жаңа сөздер: талпынба, мәнді.

Барысы:

Доңғалақ сынды күлшеге,
Мүйізше қойдым мен неге?
Жеп қоям деп талпынба,
«Алтылық» тұр ғой көрдің бе?
Бұл санға да ал үлгі,
Қар адамы кәдімгі.
Қыс түссе болды аулада,
Келтіріп тұрар сәнінді.
Бір ғана саған тапсырма
Үшінші «басты» жапсырма!
Мәнділеу менің тұрағым,
Үш «үшті» алып жығамын.
Басымды төмен қаратсам,
«Алтылық» болып шығамын.
«О» деген әріп пішінде,
Нем бар оның ішінде.
«Бірлікті» қойсақ қасына,
Он саусақ болар расында
Жетпейді бұған қалғаны,
Аз емес, «онның салмағы»

30.03. 2022 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Ментальды есептеу (1-ден-10-ға дейінгі сандар)

Мақсаты: Балалардың өз-өздеріне деген сенімділіктерін арттырып, арифметикалық есептерді ойша есептеуге үйрету.

Көрнекі құралдар: абакус.

Әдіс-тәсілі: оқу, сұрақ-жауап.

Жаңа сөздер: ментальды есептеу

Барысы: Ментальды есептеу. Ментальды есептеу барысында балаларға барлық абакусты елестету қажет емес. Оларға тек пайдаланылатын тастарды елестету жеткілікті.

Бала тастарды елестетумен қатар сезінгені дұрыс.

Ескерту: балалар саусақтарымен дұрыс жасап жатқанына назар аударыңыздар. Дұрыс ментальды есептеу үшін барлық балалар сандарды дұрыс қосыпайта білу керек. Ментальды есептеуге арналған мысалдар, есту жаттығулары секілді орындалады.

06.04. 2022 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Флеш-картамен жұмыс (1-30 дейінгі карталарды көрсету)

Мақсаты: Балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып, зейіндерін шоғырландыру. Жылдамдық пен шапшаңдыққа баулу.

Көрнекі құралдар: флеш-карта. **Әдіс-тәсілі:** көрсету, ойын.

Жаңа сөздер: флеш-карта **Барысы:** Флеш-картамен жұмыс.

Флеш карта ойыны балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып, зейіндерін шоғырландыруға септігін тигізеді.

Ал, балалар қазір мен сендерге карточкаларды көрсетемін, ал сендер бұл қандай сандар екенін айтасыңдар. (1-30 дейінгі сандар)

Кері байланыс: абакуста бір таңбалы сандарды көрсетіп, әр баладан «Бұл қандай сан?» деп сұрау қажет. Барлығы да жаңа материалды түсініп алғанына көз жеткізу керек.

13.04. 2022 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Ойын: «Ұқсасын тап»

Мақсаты: Балалардың ойын арқылы логикалық ойлау, зейіндерін шоғырландыру. Ойша есептеуге үйрету.

Көрнекі құралдар: түрлі кескінді суреттер, түрлі-түсті қарындаштар, тақта.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, ойлау, іздену.

Жаңа сөздер:

Барысы: Балалар, бүгін біз сендермен өте бір қызықты да қиын тапсырманы орындаймыз.

Қазір мен сендерге ақ парақты қағазды таратып беремін, онда неше түрлі суреттер бейнеленген. Ал сол суреттің сыртқы айналасында бірнеше майда суреттер бейнеленген. Сол майда суреттерді суреттің ішінен тауып түрлі-түсті қарындаштармен бояймыз.

20.04. 2022 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Бір мезеттегі жоғарғы және төменгі тастардың жай жағдайы.

Мақсаты: Балалардың математикаға деген қызығушылығын арттыру. Абакуспен жұмыс істеу техникасын жаттықтыру.

Көрнекі құралдар: тақта, абакус.

Әдіс-тәсілі: жаттықтыру.

Жаңа сөздер: абакус, сұқ саусақ.

Барысы: Тақтаға 1+6-5, 2+7-6 мысалдарын жазамыз.

Демонстрация (абакусте көрсету)

Түсіндіру: 1+6, бізде 1 тас бар, осыған енді тағы 6 қосу керек, яғни абакустың жоғарғы бөлігінен 5-ті, ал төменгі бөлігінен 1-ді оң қолдың сұқ саусағымен бас бармағымен бір мезетте көлденең сызыққа қарай қосамыз (Балалар осындай жағдайда тек қана 5-ті қосып қою мүмкін, сол себепті өте мұқият қарап толықтай түсіндіру керек). Алу 5 (оң қолдың сұқ саусағымен аламыз)

2+7 бізде 2 тас бар, осыған енді тағы 7 қосу керек, яғни абакустың жоғарғы бөлігінен 5-ті, ал төменгі бөлігінен 2-ні оң қолдың сұқ саусағы мен бас бармағымен бір мезетте көлденең сызыққа қарай қосамыз. (Балалар осындай жағдайда тек қана 5-ті қосып қою мүмкін, сол себепті өте мұқият қарап, толықтай түсіндіру керек). Алу 6, яғни көлденең сызықтан абакустың жоғарғы жиегіне қарай 1-ді оң қолдың сұқ саусағымен бас бармағымен бір мезетте алу керек.

27.04. 2022 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Флеш-картамен жұмыс (1-40 дейінгі карталарды көрсету)

Мақсаты: Балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып зейіндерін шоғырландыру. Жылдамдық пен шапшаңдыққа баулу. **Көрнекі құралдар:** флеш-карта **Әдіс-тәсілі:** көрсету, ойын.

Жаңа сөздер: флеш карта

Барысы: Флеш картамен жұмыс.

Флеш карта ойыны балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып, зейіндерін шоғырландыруға септігін тигізеді.

Ал, балалар қазір мен сендерге карточкаларды көрсетемін, ал сендер бұл қандай сандар екенін айтасыңдар екенін айтасыңдар. (1-40 дейінгі карталар).

Кері байланыс: абакуста бір таңбалы сандарды көрсетіп, әр баладан «Бұл қандай сан?» деп сұрау қажет. Барлығы да жаңа материалды түсініп алғанына көз жеткізу керек.

04.05. 2022 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Екі таңбалысандар 11-55. Сол қолмен жұмыс істеу.

Мақсаты: Балаларды жылдамдық пен шапшаңдыққа баулып, фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттыру.

Көрнекі құралдар: тақта, абакус **Әдіс-тәсілі:** көрсету, түсіндіру.

Жаңа сөздер:

Барысы: (Нұсқаушы демонстрациялық абакусте көрсетеді, ал балалар менталды түрде қайталайды)

Түсіндіру: Бірінші шиде 1 ден 9 ға дейінгі сандар орналасқан. 10, 20, 30, 40, 50, 60, 70, 80, 90 сандары ортаңғы шидің сол жағындағы көршілес шиде орналасқан.

Екі таңбалы әр түрлі сандарды қосу және азайту. Абакустың төменгі бөлігіндегі тастарды сол қолдың бас бармағымен қосамыз, сұқ саусақпен азайтамыз. Абакустың жоғарғы бөлігіндегі тасты сол қолдың сұқ саусағымен қосып және сұқ саусағымен азайтамыз. **Кері байланыс:** абакуста екі таңбалы әр түрлі сандарды көрсетіп, әр баладан «Бұл қандай сан?» деп сұрау қажет. Барлығы да жаңа материалды түсініп алғанына көз жеткізу керек.

11.05. 2022

Білім саласы: Таным

Ментальды арифметикалогикалық ойындар

Тақырыбы: Флеш-картамен жұмыс (1-50 дейінгі карталар)

Мақсаты: Балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып зейіндерін шоғырландыру. Жылдамдық пен шапшаңдыққа баулу. **Көрнекі**

құралдар: флеш-карта **Әдіс-тәсілі:** көрсету, ойын.

Жаңа сөздер: флеш карта

Барысы: Флеш картамен жұмыс.

Флеш карта ойыны балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып, зейіндерін шоғырландыруға септігін тигізеді.

Ал, балалар қазір мен сендерге карточкаларды көрсетемін, ал сендер бұл қандай сандар екенін айтасыңдар екенін айтасыңдар. (1-50 дейінгі карталар).

Кері байланыс: абакуста бір таңбалы сандарды көрсетіп, әр баладан «Бұл қандай сан?» деп сұрау қажет. Барлығы да жаңа материалды түсініп алғанына көз жеткізу керек.

18.05. 2021

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Логикалық тапсырмалар

Мақсаты: Балалардың логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып өз-өзіне деген сенімділіктерін арттыру. **Көрнекі құралдар:** тақта

Әдіс-тәсілі: оқу, сұрақ-жауап

Жаңа сөздер: шымда тұр, сүңгіп

Барысы:

Ішпейді екен көжені,

Қоянның қос көжегі.

Бұған тағы қосайық.

Дән шоқитын шөжені.

Екі көжек, балапан –

Бәрі қанша, балақан?

Қателессең байқамай,

Тағы қайта санатам

Үш алманы бақтағы,

Кірпі барып жинады.

Ең әдемі тәттісін,

Ақ тиінге сыйлады.

Ыдыстағы алманың,

Санап көрші қалғанын! (2)

Құмырскалар еңбекшіл,

Ұйымшыл және ол көпшіл

Екеуі жүр дән тасып,
Екеуі шөпке жармасып
Сонда шырша түбінде
Нешеу болды, санап шық?

Ішпейді екен көжені,
Қоянның қос көжегі.

Бұған тағы қосайық
Дән шоқитын шөжені.
Екі көжек, балапан –
Бәрі қанша, балақан?
Қателессең байқамай,
Тағы қайта санатам. ($2+1=3$)

Үш құрбақа батыр ма,
Үш ноянға татыр ма?
Қоян көріп жағадан,
Қашып бара жатыр ма?
Қоян қорқып құмда тұр.
Бұзау үркіп шымда тұр.
Сүңгіп кетсе екеуі,
Нешеу екен шын батыр? (Жауабы: $3-2=1$)

Кірпі ертең той жасамақ
Болғандықтан шақырмақ
Екі қонжық, үш көжек
Бес тиінді ертерек
Айтшы бәрін қостағы
Қанша кірпі достары. ($2+3+5=10$)
Дүкеннен сабын алдым
Оның және қабын алдым
Екі дәптер, бір қарындаш
Тіс ысқышты тағы алдым
Есептеші сонда бәрін
Қанша болады қолда барым? (6)

25.05. 2022 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Флеш-картамен жұмыс (1-100 дейінгі карталарды көрсету)

Мақсаты: Балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып зейіндерін шоғырландыру. Жылдамдық пен шапшаңдыққа баулу.

Көрнекі құралдар: флеш-карта

Әдіс-тәсілі: көрсету, ойын

Жаңа сөздер: флеш карта

Барысы: Флеш картамен жұмыс.

Флеш карта ойыны балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып, зейіндерін шоғырландыруға септігін тигізеді.

Ал, балалар қазір мен сендерге карточкаларды көрсетемін, ал сендер бұл қандай сандар екенін айтасыңдар екенін айтасыңдар. (1-100 дейінгі карталар).

Кері байланыс: абакуста бір таңбалы сандарды көрсетіп, әр баладан «Бұл қандай сан?» деп сұрау қажет. Барлығы да жаңа материалды түсініп алғанына көз жеткізу керек.

ЖШС «Қалдықыз ана» бөбекжай балабақшасы



Вариативтік компонент

Би билейік

Мектепалды даярлық «Ақкөгершін» тобы

2021-2022 оқу жылы

Сазгер

Күні: 03 – 10.09.2021ж

Тобы: Мад «Ақкөгершін» тобы

Білім саласы: Шығармашылық

Білім бөлімі: Би, билейік. Вариативтік компонент

Тақырыбы: Өзбек биі (1 ден – 13 ші тактіге дейін 5-жас)

Мақсаты: Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, жылдам, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау. Музыканы сезіне отырып, қимылдарды дұрыс билеу арқылы балалардың ойлау қабілеттері дамиды.

1. Әннің бас буынымен ұлдар шығып, залдың төріне тұрады. Оң аяқты нық ұрып, саусақтарын шыртылдатады, артынан ілесе қыздар секіріп келеді. Бәрі бір ырғақпен аяқ – қолдарын бірге қимылдатады.
2. Қыздар бастарын қосып шүйіркелеседі, ұлдар отырып, әрі қарай жалғастырады.
3. Сол аяқтың ұшын солға бұрылып артқа қарай тастап, сол қолды алға қарай созып, оң қолды құлақ шекесіне қойып, иықпен қимыл жасайды.
4. Оң аяқтың ұшын оңға бұрылып артқа тастап, оң қолды оңға қарай созып, сол қолын құлақ шекесіне қойып, иықпен қимыл жасайды.
5. Қайталап сол аяқтың ұшын солға бұрылып артқа қарай тастап, сол қолды алға қарай созып, оң қолды құлақ шекесіне қойып, иықпен қимыл жасайды.
6. Оң аяқтың ұшын оңға бұрылып артқа тастап, оң қолды оңға қарай созып, сол қолын құлақ шекесіне қойып, иықпен қимыл жасайды.
7. Аяқтың ұшына салмақ түсіріп алға еңкейеді, қолдарын алға айқастырады.
8. Қолдарын артқа шалқая ашып, иық, қол білезіктерін қимылдатады.
9. Шеңбермен айналып, секіріп келіп, қатарласа төрге тізерлеп, оң қабырғаға қарап отырады, қолдарын жоғары көтеріп, иықпен билейді.
10. Оң қолды құлақ шекелеріне қойып, сол қолды солға қарай созады, иықпен билейді (оңға -1), (солға -2), (оңға -3), (солға -4).
11. Енді оңға қарай жасайды. Сол қолды құлақ шекелеріне қойып, оң қолды оңға қарай созады, иықпен билейді (оңға -1), (солға -2), (оңға -3), (солға -4).
12. Оң тізелерін (көрермендерге қарай) алға қойып, қолдарын айқастырады (саусақ шыртылдайды) Бас, мойын қимылдайды.

- 13.** Тізерлеп отырады, артқа қарай шалқайып, екі қолын екі жанына ашып, иық буындарымен қимылдайды (алға-1, артқа -2), (алға -3, артқа -4).

Күні: 17 - 24.09.2021ж

Тобы: Мад «Ақкөгершін» тобы

Білім саласы: Шығармашылық

Білім бөлімі: Вариативтік компонент

Тақырыбы: Өзбек биі (14 ден – 27 ші тактіге дейін)

Мақсаты: Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, жылдам, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау. Музыканы сезіне отырып, қимылдарды дұрыс билеу арқылы балалардың ойлау қабілеттері дамиды.

- 14.** Қыздар орнынан тұрып, көрерменге қарап, оң аяқтың ұшын алға қойып, алақандарын көрсетеді.
- 15.** Көрермендерге арқасымен тұрып, төрдегі ұлдарға қарап, сол аяқтың ұшын алға қойып, қолдарын төбеге көтеріп, иық – бөксемен билейді (1 -2 алға), (3 -4 артқа). Достарын биге шақыру қимылы.
- 16-17-18-19.** Ұлдармен бірге жеңіл секіріп, ортаға келіп тұрады. Даңғыраның көңілді дүбіріне, біріне – бірі қарап, оң аяқтарын алға – артқа, иық, мойын, білезік, саусақ буындарын жеңіл қимылдата билейді.
- 20 -21.** Әннің соңғы шумағында ұлдар мен қыздар жұптасып, оңға – солға қарай, бірге би қимылдарын жасайды. Сол аяқтың ұшын солға бұрылып артқа қарай тастап, сол қолды алға қарай созып, оң қолды құлақ шекесіне қойып, иықпен қимыл жасайды.
- 22.** Бәрі бірге аяқтың ұшына салмақ түсіріп алға еңкейеді, қолдарын алға айқастырады.
- 23.** Қолдарын артқа шалқая ашып, иық, қол білезіктерін қимылдатады.
- 24.** Солға қарай, оң аяғын алға, сол аяғын артқа секіріп қойып, қолдарын көтеріп, мойын иықтарын қимылдатады.
- 25.** Солға қарай, сол аяғын алға, оң аяғын артқа секіріп қойып, қолдарын көтеріп, мойын иықтарын қимылдатады.

26. Ұлдар қыздардың белінен сол қолымен ұстап, оң қолдарын жоғары көтеріп шыртылдатады, ал қыздар екі қолдарымен оңға – солға сермеп, ілесе секіреді. Шеңбермен айналып келіп тұрады.

27. Әуеннің соңғы тактісіне келгенше, бір орнында тұрып ырғақпен қимыл жасайды. Ұлдар бас иіп отырады, қыздар оң қолын төсіне қойып, алақанды сыртқа ашы

, сол қолды солға қарай ашып, тізе бүгіп, бас иеді.

Күні: 01 – 08.10.2021ж

Тобы: Мад «Ақкөгершін»

Білім саласы: Шығармашылық

Білім бөлімі: Вареативтік компонент

Тақырыбы: Шығыс биі

Мақсаты: Музыка ырғағына сәйкес белді қимылдату. Музыканы сезініп, қимылға тән қолдарды иірім жасау.

1. Қыздар зал төрінде әуенге ырғалып, орындарында тұрады.

2. 1-қатар, 2-қатар, 3-қатар кезекпен шығып ортаға тұрады.

3. Қолдарын кеудесіне түйістіріп, аяқтарын түзу қояды.

4. Оң қолы мен кеудесін оңға қарай қимылдатады.

5. Қайтадан қолдарын кеудесіне түйістіріп, түзу тұрады.

6. Сол қолы мен кеудесін солға қарай қимылдатады.

7. Оң аяғының тізесін бүге алға шығарады, қолдарын түйістіреді.

8. Оң аяғын артқа қойып, қолдарын кеудесіне жоғары көтереді.

9 – 10. (7-ші мен 8-ші) тактіні қайталайды.

11. Тізе бүгіп отырып, оң қолдарын оңға қарай көтере созады.

12. Тізе бүгіп отырып, сол қолдарын солға қарай көтере созады.

13. Жартылай көтеріліп, тізерлеп тұрады да, алақандарын түйістіреді.

Күні: 01 – 08.10.2021ж

Тобы: Мад «Ақкөгершін» тобы

Білім саласы: Шығармашылық

Білім бөлімі: Вареативтік компонент

Тақырыбы: Шығыс биі

Мақсаты: Музыкалық ырғаққа сай дене қимылы мен қозғалыстары арқылы мың бұралған сан түрлі образдарды бейнелеуге болады.

14. Жартылай көтеріліп, тізерлеп тұрады да, қолдарын жоғары көтереді.

15. Тізе бүгіп отырып, алақандарын қайта түйістіреді.

16. Жартылай көтеріліп, тізерлеп тұрады да, қолдарын жоғары көтереді.

17 – 18. Оңға-солға бұрылып, оң қолдарын жоғары, сол қолдары төменге қозғалады, бөкселерімен билейді.

19 -20 -21 -22. Оңға-солға аяқтарын шығарып, бөкселерін қозғайды, қолдарын сермейді.

23. Шеңбермен екі қолдарын жоғары көтеріп, аяқ ұшымен, бөкселерін қимылдата жүреді, айналып келеді.

24. Шеңбермен екі қолдарын жоғары көтеріп, аяқ ұшымен, бөкселерін қимылдата жүреді, айналып келіп, бір қатарға тұрады.

25. Бір қатарға тұрып, қолдарын түйістіреді.

26. Қолдарын көтере қайшылас қимыл жасайды.

27 – 28. Оңға-солға қайталайды.

29 – 30 -31. Бір қатарға тұрып қолдарын түйістіреді, шеңберге тұрып аяқтарын алға-артқа тіземен көмектесіп, қол қимылы жоғары-төмен сермеледі.

32 . Бастарын жартылай еңкейте иіледі.

Күні: 05 - 12.11.2021ж

Тобы: Мад «Ақкөгершін» тобы

Білім саласы: Шығармашылық

Білім бөлімі: Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Гүлдер» вальсі (1 ден – 14 ші тактіге дейін)

Мақсаты: Музыканы тыңдау арқылы, қимылдарды дұрыс билеу.

Музыканың ырғағына қарай дұрыс тербелу. Вальс музыканы тыңдау арқылы, балалар ырғақты сезініп, жұптасып билеу арқылы гүлдің қимылын көрсету.

- 1.Музыканың басталуымен қыздар шеңбер бойымен айналып келіп тұрады,иіледі.
 - 2.Ұлдар шеңбер бойымен келіп көрермендерге қарап белгіленген орынға орналасады.
 - 3.Қыздар бірінің соңынан бірі еріп келіп, ұлдармен қарама- қарсы тұрады,иіледі.
 - 4.Ұлдар оң қолдарын ұсынады,қыздар сол қол ұшын ұсынады.
 - 5.Жұптар оң аяқпен алға бір адым жасайды.
 6. Оң аяқтарын жартылай бүге артқа айқастырады.
 7. Жұптар қарама –қарсы тұрады.Оң қолдарын түйістіреді.
 8. Жұптар қарама-қарсы адымдап келіп,иықпа-иық тұрады.
- Төрт рет қайталайды(орындарын айналып келіп ауыстыруға болады).
9. Жұптар артқа бір адым жасап тұрады.
 10. Қыздар залдың оң жағымен,ұлдар сол жағымен бірінің артынан бірі жүріп,залдың екі қабырғасына қарама-қарсы орналасады.
 11. Ұлдар қыздарға жақындап бас иіп,қайта иіледі.
 12. Қыздар иіледі.
 - 13 – 14. Көрермендерге қарап дайындалады.

Күні: 19 -26.11.2021ж

Тобы: Мад «Ақкөгершін» тобы

Білім саласы: Шығармашылық

Білім бөлімі: Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Гүлдер» вальсі (15 ден – 28 ші тактіге дейін)

Мақсаты: Музыканы тыңдау арқылы,гүлдің қимылын іс – қимылмен көрсету.

15. 1-қатар оңға, 2-қатар солға,3-қатар оңға,4-қатар солға зал шетімен айнала жүреді.
16. Залдың қақ ортасына төрден бұрылып келіп тұрады.

17. Ұлдар оңға қарай,қыздар солға қарай бірінің соңынан бірі айналады.
18. Келіп қосылып тұрады.
- 19-20-21-22-23. Жұптар соңынан бастап алдыңғы қатарға келіп ауысады,артқы қатарлар адымдап артқа қарай жылжиды.
- 24.Ұлдар артқа,қыздар алдына тұрып,қолдарын айқастырады.
- 25.Сол қол ұштарынан ұстап айналып,оң қолдарын көтереді.
- 26.Айналып келіп,қолдарын айқастырып ұстап ұлдардың алдына тұрады.
27. Айналып қайталайды.
- 28.Оң аяқтарын артқа айқастыра тізе бүгіп иіледі.

Күні: 03-10.12.2021ж

Тобы: Мад «Ақкөгершін» тобы

Білім саласы: Шығармашылық

Білім бөлімі: Вариативтік компонент

Тақырыбы: Түрік биі (1 ден – 28 ші тактіге дейін 5 жас)

Мақсаты: Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл,еркін және нақты ауыстыра отырып орындау,би бейнелерін беру.Биді жүрекпен сезініп билеу.

1. Музыка ырғағымен аяқ ұшымен жүгіріп келіп орналасады.
- 2-3. Сол аяқ ұшын солға созып, иектерін жоғары көтеру. Аяқ ұшын айқастыра әкеліп оңға қояды. 4.рет.
- 4-5. Оң аяқ ұшын оңға созады, айқастыра әкеліп солға қояды. 4 рет.
- 6-7. Оң аяқты алға-артқа қойып, тізе бүгіп еңкейіп, қолдарын төменге – жоғарыға сермейді.Артқа шалқая секіріп, қолды жоғары көтеру. 4 рет.
- 8-9. Солға қарай бұрылып, сол қимылдарды қайталайды.
- 10-11. Оңға қарай бұрылып,сол қимылдарды қайталайды.
12. Шеңбермен жеңіл адымдап, бір жанымен шеңберге тұрады.
- 13-14. Музыканың дыбысы бірте-бірте көтеріліп, ауыса бастағанда,аяқ ұштарын алға кезек-кезек шығарып, жеңіл секіріп көрсетеді.
- 15-16.«1-4» деп,алға-артқа адымдап,шеңберді кішірейтеді, үлкейтеді. Шеңбермен айналып келіп орындарына тұрады.Сол орнынан артқа қарай секіріп, бір қатарға жиналады.

Күні: 17 - 24.12.2021ж

Тобы: Мад «Ақкөгершін» тобы

Білім саласы: Шығармашылық

Білім бөлімі: Вариативтік компонент

Тақырыбы: Түрік биі (1 ден – 28 ші тактіге дейін 5 жас)

Мақсаты: Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл,еркін және нақты ауыстыра отырып орындау,би бейнелерін беру.Биді жүрекпен сезініп билеу.

17. Қолдарын ұстасып, көрермендерге карап тұрады. Арақашықтығы жақын болуы керек.

18. 1- такт.солға қарай денесімен бұрылады,оң аяқтың ұшын солға созады.Басы,мойны,иегі,денесі жоғарыға- алға көтеріліп тұрады.

19. Орнына қояды. 2-такт.4-такт.

20. Сол аяқты денемен бірге оңға қарай созып көтереді.

21-22. Оң аяқ алға, артқа, қол мен басты төменге иеді, аяқты артқа тастап, қолды көтереді.1-2-3-4 рет қайталанады. Жеңіл ырғақпен алғашқы орындарына секіріп келеді.

23. Оңға қарай 2-рет секіріп,оң аяқты артқа тастап, қолдарын жоғары көтеріп,2 рет шапалақ қағады.

24. Орындарында тұрады.

25.Солға қарай секіріп,сол аяқты артқа тастайды.

26. Орындарында тұрады.

27. Қолдарын жоғары көтеріп, білек қимылын жасайды.

28. Бастарын иеді (жеңіл секіріп шығып кетеді)

Күні: 07-14.01.2022ж

Тобы: Мад «Ақкөгершін» тобы

Білім саласы: Шығармашылық

Білім бөлімі: Вариативтік компонент

Тақырыбы: Ирландық полька биі (1 ден – 25 ші тактіге дейін 5 жас)

Мақсаты: Музыкаға секіртпе ырғағына сәйкес қозғалыс бағытын аяқпен дұрыс секіру. Әуеннің ырғағын сезіне отырып,басты дұрыс қимылдатып,қол мен аяқты бірдей қозғалту керек.

1. Музыка басталуымен қыздар бір қатарға тұрып, «секіртпе» ырғағымен зал төріне келіп қатарласып тұрады және ырғақпен оң аяқ пен сол аяқты кезек-кезек мықтап секіріп ауыстырып тұрады.
2. Ұлдар бір қатармен «секіртпе» ырғақпен келіп, қыздырдың алдына айнала өтіп, көрермендерге қарап тұрады. Музыканың басталуы – ұлдар мен қыздардың шығу және орнына тұруы.
- 3-4. Бәрі өз орындарына тұрып оң аяқ пен сол аяқты кезек-кезек нықтап ұрып секіріп тұрады.
- 5-6. Музыка өлеңмен басталғанда, оңға қарап аяқтың өкшесін және ұшын көрсетеді. 1-такты бойы 1-2-3-4 рет қайталайды.
- 7-8. Сол аяқ өкшесімен солға қарап ұшын көрсетеді. 1-2-3-4 рет қайталайық.
- 9-10-11-12. алға қарап аяқтың өкшесі мен ұшын 4 рет оң 4 рет сол аяқтың қимылын көрсетеді.
13. Ұлдар солға қарай зал бойымен шеңбермен айналып келеді.
- 14-15. Қыздардың қолынан ұстап, шеңбер бойымен секіріп келіп өз орындарына тұрады.
- 16-17-18. Бір-біріне қарама-қарсы тұрып, бір адым алға артқа секіреді.
- 19-20. Қыздар оң аяқтарын артқа айқастырып секіреді, ұлдар оң аяқтарын айқастырып секіреді. Бірінші – сол алақандарын түйістіреді, екінші – оң алақандарын түйістіреді. Әр тактіге секіру.
- 21-22. Жұптарын оң аяқтарын алға қойып еңкейеді, артқа қойып шалқаяды, қолдарымен ұстасып, төмен – жоғары түсіріп – көтеріп көмектеседі.
- 23-24. Осы қимылды залдың сол қанатына қарап қайталайды.
- 25-26. Осы қимылды залдың оң қанатына қарап қайталайды.
- 27-28. Бәрі бір орнында тұрып секіртпе қимылын, оң аяқпен және сол аяқпен қайталайды.

Күні: 21 - 28.01.2022ж

Тобы: Мад «Ақкөгершін» тобы

Білім саласы: Шығармашылық

Білім бөлімі: Вариативтік компонент

Тақырыбы: Ирландық полька биі (29 ден – 46 ші тактіге дейін 5 жас)

Мақсаты: Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын аяқты дұрыс басу арқылы, қолды темппен дұрыс шапалақтау арқылы балалардың санасын ояту.

29. Бәрінің иық қимылы бірдей болады. Қыздар иықпен алға қарай 1-23-4 деп жүреді. Ұлдар орнында тұрады.

30. Ұлдар алға қарай жүреді, қыздар артқа қарай жүреді. Аяқ тізесі жоғары көтерілуі керек.

31-32. Жұптар аяқтарын түйістіріп, оңға – солға секіріп «твис» ырғағын жасайды.

33. Жұптар қол ұстасып, шеңбермен айналып тұрады.

34. Ортаға қыздар иықтарын түйістіреді.

35. Ұлдар иықтарын түйістіреді.

36. Ортаға қыздар иықтарын түйістіреді.

37-38. Қыздар еңкейіп – шалқайып секіреді.

39. Қыздар ортадан өз жұптарын жақындап барады.

40. Жұптар иықтарыннан ұстасып, шеңбер бойымен айнала секіріп келеді.

41. Орындарына келіп тұрады.

42-43-44. Қыздар ұлдардың алдына тұрып, қолдарын айқастырады. Қолдарын айнала ашады.

45-46. Қыздар айналып келіп ұлдардың оң тізесіне отырады.

Күні: 04 - 11 .02.2022ж

Тобы: Мад «Ақкөгершін» тобы

Білім саласы: Шығармашылық

Білім бөлімі: Вариативтік компонент

Тақырыбы: Санта - Клаустар биі (1 ден – 12 ші тактіге дейін)

Мақсаты: Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау.

8 – ұл билейді.

- 1.Балалар бірінен соң бірі шығып,шеңбер бойымен айналып жүгіріп, бір сызық бойына тұрады.
- 2.Бір сызықтық бойынан жұп сандылар қолдарын белге қойып,алдыға секіріп шығады, ал қалғаны орындарында тұрып секіреді. Шығу барысында жұптар қол ұстаспай шығады.
- 3.Екі қолдың саусақтарын айқастырып,екі аяғын кезектестіріп бір аяқтап секіреді,сермейді.Бір жаққа екі реттен қайталайды.
- 4.Алдыңғы және артқы қатардағы балалар орындарын ауыстырады.
- 5.Бірінші қатарға 2- қатардың балалары тұрып, Екі қолдың саусақтарын айқастырып,екі аяғын кезектестіріп бір аяқтап секіреді,сермейді.Бір жаққа екі реттен қайталайды.
- 6.Бір –бірінің артынан секіріп,шеңбер бойымен жүгіреді.
- 7.Шеңбер бойымен секіре айналып жүреді. Шеңбер бойымен секіре айналып жүреді.Шеңбер бойымен бір рет айналымнан соң, балалар бір – бірінің белдерінен ұстап тіркесіп,шеңбер бойымен жүреді.
- 8.Бұл қимылды шеңбер бойымен қарама – қарсы бағытта жүріп қайталайды.
- 9.Шеңбер бойымен айналып жүрген соң, балалар екі қатарға бір – біріне жақын тұрады.
10. Оң аяқтың өкшесін жанға, екі қолды белге қояды.Әуен ырғағына ілестіріп басты оңға – солға қозғалтады.Қолдарындағы сағаттарына қарап, екі қолдарымен бастарын ұстайды.(кешігіп қалған адамның қимылы)
- 11.Шыршаның астында әдейі ертерек дайындалып қойған қызыл дорбаларын алып, орындарына екі қатарға тұрады.
- 12.Жерге отырып, дорбаларын алдына қояды. Екі қолдарын алдыға созып, бас бармақтарын көрсетеді.

Күні: 18 - 25.02.2022ж

Тобы: Мад «Ақкөгершін» тобы

Білім саласы: Шығармашылық

Білім бөлімі: Вариативтік компонент

Тақырыбы: Қазіргі би ырғағы (1 ден – 24 ші тактіге дейін 5 жас)

Мақсаты: Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын еркін және нақты ауыстыра отырып орындау, би бейнелерін беру. Биді жүрекпен сезініп билеу.

Қатысушы: (4 ұл, 4 қыз)

1. Денені жартылай оңға бұрып, 4 рет оң аяқтың тізесін серпінді бүгіп, жазады. Сол кезде сол аяқ тізеден жартылай бүгіліп, аяқтың ұшымен басып, оң аяқтың жанын да тұрады.

Қимыл 2/4 екі такті мөлшерінде орындалады. Қолдары шынтақпен бүгіліп, аяқпен бірге жоғары – төмен қозғалады. Келесі екі тактіде солға жартылай бұрылып, қимыл сол аяқпен орындалады. Оң аяқ тізеден бүгіліп, сол аяқпен қатар ұшымен басылады. Бұл қимылдарды екі аяқпен кезек – кезек тағы бір рет орындауға болады

2. Бір тактіде аяқтың ұшымен жарты бұрылысты оңға, солға екі ирек қадам жасалады. Тізесі бүгіліңкі болады. Осы ирек қадамдармен балалар ілгері жүреді.

3. Орнында тұрып, 8 рет екі аяқтың тізесін бүгіп жазып серпіледі. Жарты шеңбер жасап, қарсы бағытта қарап тұрады.

4. Балалар орындарында тұрып, екі аяқпен бірінші қимылды 4 рет орындайды.

5. Балалар екінші қимылды отырып, алға қарай жүреді.

6. Балалар бөлменің алдыңғы жағында тұрып, үшінші қимылды орындайды, содан соң шеңберден кейін беттерін бөлменің төріне беріп тұрады.

7. Балалар бөлменің төріне қарай жүріп барлық қимылдарды орындап, шеңберден кейін алдыңғы жаққа қарап тұрады.

8. Содан соң биді басынан қайта бастауға болады.

Күні: 05 – 12.03.22ж

Тобы: Мад «Ақкөгершін» тобы

Білім саласы: Шығармашылық

Білім бөлімі: Вариативтік компонент

Тақырыбы: Қара жорға биі (1 ден – 7 ші тактіге дейін)

Мақсаты: Музыканың ырғағына сай буындарды жаттықтыру. Қазақтың ұлттық биін нағышына келтіріп билеу.

Қатысушылар: 8 жұп ұл-қыз.

1-2. Бас буынында ұлдар адымдап, буындарын былқылдата, залдың ортасына келіп тұрады. Қыздар залдың төрінде тұрып, барлық қимылды бірге жасайды.

3. Иықпен, оң ақ қимылын бырге қозғап, нық басып көрсету.

4. Оңға қарай, бір жанымен, иық буындарын білектерін майстыра көрермендерге қарап тұрып билейді.

5. Солға қарай осы қимылдарды қайталау.

6-7. Дене мүшелері алға қарап, артқа қарап, тізелерін жартылай бүгіп, иық, мойын, қол, бел, аяқ буындарымен еркін былқылдата билеу. Буын қимылдарын қайталайды.

Күні: 18 – 25.03.22ж

Тобы: Мад «Ақкөгершін» тобы

Білім саласы: Шығармашылық

Білім бөлімі: Вариативтік компонент

Тақырыбы: Қара жорға биі (8 ден – 20 ші тактіге дейін)

Мақсаты: Музыканың ырғағына сай буындарды жаттықтыру. Қазақтың ұлттық биін нағышына келтіріп билеу.

8. Әннің негізгі бөлімі. Негізгі буын элементтері. Оң аяқты сол жаққа айқастырып, екі қолды төменге еңкейе түсіріп, кеуде мен иық қимылы көмегімен билеу.

9. Оң аяқты артқа айқастыра дене мүшелерімен бұрылып, қолдарын оңға көтеріп, иықтарын қимылдата билеу. (2 рет қайталау)

10. Сол аяқты тікесінен оңға айқастыра, аяқ ұшын, иығын, сол жанымен тұрып қимылдата билеу.

11. Оң аяқты тікесінен оңға айқастыра, аяқ ұшын соза қойып, иық қимылын жасау.

12. Оң аяқты алға қойып, тізені жартылай бүгу арқылы, иық буынын қол білегі көмегімен қимылдату, алға қарай еңкею.

13-14-15-16. Оң аяқты алға артқа тастап, оң қол және сол қол қолды иық көмегімен төменнен жоғарыға бірте-бірте көтеру.

17-18-19-20. Оң аяқты алға артқа тастап, оң қол және сол қол қолды иық көмегімен төменнен жоғарыға бірте-бірте көтеру.

Күні: 19 -26.03.2022ж

Тобы: Мад «Ақкөгершін» тобы

Білім саласы: Шығармашылық

Білім бөлімі: Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Батырлар биі» (1 ден – 33 ші тактіге дейін)

Мақсаты: Музыканы тыңдау арқылы,би элементтерін дұрыс көрсете білу керек. Батырлардың биін үйрену арқылы балаларды жігерлендіруге,патриоттық сезімін оятуға үйрету.

1-2. Қойылым басталуында батырлардың шығуы, орындарына орналасуы, ханның келуі.

3. Залдың төрінде шабандоздар тұрады. Екі қолдарын бүйіріне қойып, иықтарын алға қарай жұлқып, оң аяқтың тізесін жоғары көтеріп, нықтап басып, музыка ырғағына серпіліп, алдарында тұрған батырларға жігер беріп тұрады. Ал батырлар оң қолындағы қылышты оң аяғымен бірге жоғары – төмен күшпен нықтап ырғақпен ұру.

4-5-6-7. Сол орындарыннан солға қарай тізе бүгіп отырып қалады. Қылышты төмен қарай ұшын жерге қадап, бастрын төмен иеді. Орындарыннан тік тұрады. Оңға қарай осы қимылды қайталайды.

8-9-10-11. Оң қолыммен қылышты солға – оңға сермеп, денесімен солға – оңға бұрылады.

12-13-14. Қылышты жау төсіне суырып алғандай оң жағна көтеріп тік тұра қалып, иық буынның қимылдатады.

15-16. 1) Батырлар жұптаса қылыштарын айқастырады, 2) Қалқандарын түйістіреді.

17-18. Орындарына тұрып оң аяқтарын алға – артқа нық қойып, қылыштарына жігерлене көрсетеді.

19-20-21. Батырлар артқа түйістіреді, алға – артқа аяқтарын нық басып адымдап жүреді.

22-23-24. Батырлар ортаға қылыштарымен ортаға тағзым жасап, орындарынан тұрып, жан – жағына қылышты жоғары көтеріп, оң аяқтарын бір жанына ашады.

25-26. Орындарыннан тұрып, зал бойымен шауып, кезекті шабандоздарға береді, зал төріне орналасады.

27-28-29. Шабандоздар жігерлене иық пен буын биіне басады. Оң аяқпен оңға еңкейе, артқа шалқая денелерін еркін қимылдатады.

30-31. Алға қарай буын қимылын жігерлене жасайды, артқа қарай жасайды.

32-33. Қолдарын бүйіріне қойып, сол аяқты айқаstraды. Аяқтың ұшы кезек – кезек оңға – солға ауыстырып отырады. Оң аяқты айқастырады және аяқ қшымен өкшені кезек – кезек жоғары – төмен ауыстырады.

34. Оң аяқты алға тізе бүгіп шығарады, оң қолдарын төменнен жоғарыға бірте-бірте көтереді.

35. Оң аяқ артқа, сол қолды жоғарыға бірте-бірте көтереді.

36-37-38-39. Оң жаққа тізерлеп бас иеді, қолды жоғары көтереді, сол жаққа тізерлеп бас иеді, қолдарын жоғары көтереді.

40-41-42. «Қазаққа енді аманат» сөздеріне оңға – солға – алға қарай тізені жартылай бүгіп, қолдарын көтереді.

43. Тізе бүгіп, бас иеді. Артта тұрған батырлар шабандоздармен бірге осы қимылдарды жасайды, тағзым етеді.

Күні: 01 -08.04.2022ж

Тобы: Мад «Ақкөгершін» тобы

Білім саласы: Шығармашылық

Білім бөлімі: Би, билейік. Вариатив

Тақырыбы: «Тырналар» биі

Мақсаты: Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру. Аспапты қолға дұрыс ұстауды, музыка ырғағына сай қимылдауды үйрену. Би қимылдарын есте сақтау.

Қатысушылар 10 қыз.

1. Аяқ ұшымен қадам жасау, бос аяқ тізеден бүгіліп және жоғары көтеріліп, адымдайтын аяққа жақындастырылады, такт соңында табанды жәйлап толық жерге тигізу керек, келесі тактіде сол аяқпен алға қадам жасалады. Қолдарымен құс қанатының қағылу қимылы бейнеленді.
2. Бір аяқпен ілгері басып, тізені бүгіп, денені алға еңкейтіп, қолдарымен тырнаның қанат қағуын жасайды.
3. Аяқ ұшымен жеңіл жүгіру.
4. Балалар бірдей екі топқа бөлініп төр жақ екі бұрышынан бірінен соң бірі қиғаштап қозғалады және бірінші қимылмен жүріп кеп түйседі.
5. Барлығы алға басып, қимылды орындайды.
6. Жеңіл жүгіріспен екі топ екі жаққа қарай жүгіріп, шеңбер құрайды.
7. Алға шеңбер бағытымен, екінші әректі орындайды.
8. Бірінші қимылды орындап, жұптасып бір-бірін айналып өтеді.
9. Жұптар бірінші қимылмен бір-бірін керісінше айналып шығады.
10. Жұптағылардың біреуі 1 қимылмен шеңберге енеді, орнында қалғандар 2 қимылды шеңбердің ортасына бағыттап, 2 рет орындайды.
11. Ішкі шеңбердегілер мен сыртқы шеңбердегілер бірінші қимылды орындап, қарама-қарсы жүріп, орындарымен ауысады.
12. Екі шеңбердегілер де жәйлап жүгіріп, бір шеңбер құрайды да, тең 2-ге бөлініп шетке қарай жүреді.
13. Екі жақтан ортаға қарап тұрып, 2-қимылды жасайды. Содан соң төр жақтағылар биді басынан қайта бастауларына болады.

Күні: 15 -22.03.2022ж

Тобы: Мад «Ақкөгершін» тобы

Білім саласы: Шығармашылық

Білім бөлімі: Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Торсықпен би» (1 ден – 33 ші тактіге дейін)

Мақсаты: Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Әуенді тыңдай отырып, қолдағы торсықты дұрыс ұстап, қолдана білу керек.

Қатысушылар: 6 қыз

1. залдың екі жақ қабырғасында бір – біріне қарама – қарсы тұрып, биді бастайды. Қарама – қарсы бағытта жүре отыра шеңбер бойымен ауыспалы адыммен аяқтарын жеңіл баса жүреді.
2. Қыздар екі қатарға тізеле тұрады. Торсықтарын оң жақ иыққа қойып, сол қолдарын білезік буыннан айналдырады. Оң аяқты өкшеге қойып, оң жаққа сәл иіледі, осы қимыл сол аяқтан басталады.
3. Торсықты көтере оң жақ иықпен бірге айналады. Тізерлеп отырып, торсықты екі қолмен ұстап, оң жаққа, сол жаққа әуен ырғағымен ауыстырады.
4. Алдыңғы қатар мен артқы қатар орын ауыстырады. Торсық оң жақ иықта. Барлығы отырып, торсықтарын тізелеріне қояды.
5. Бір қатарға тізіліп, үлкен шеңбер құрап ауыспалы адыммен жүреді. Бос қолдарын білезіктен бұрап, «қымыз құйғандай» қимыл көрсетеді. Буыннан айналдырады.
6. Зал ортасымен бір сызық бойымен жүріп келіп, бірінің артынан бірі тұрады. Жұп сандағылар оң жаққа, тақ сандағылар сол жақ жандарына бұрыла, бос сол қолдарын жоғары – төмен баяу қимылдатады.
7. Осы бағытпен оң және сол жаққа иіреле айналып, екі қатарға бөлінеді. Бұл кезде торсықтарын екі қолмен ұстап жоғары көтереді.
8. Торсықтарын түйістіре жоғары ұстап, екеуден бір орында айналады. Бос қолдары білезік буыннан айналады. Екі қатарға тұрып, бір – біріне қарама- қарсы бағытта шеңбер бойымен жүреді. Ауыспалы адыммен жүріп, торсықтарын оң иықтарына қойып, жеңіл қимылдайды.
9. Екі қатар түзеп, түзу сызық бойымен тұрады. Оң аяқтың өкшесі оң жаққа қойылып, сол қол төменнен жоғарыға буыннан қозғала көтеріледі. Керісінше сол аяқтың өкшесі сол жаққа қойылып, сол қол төмен түсіріліп, буыннан қозғалады.
10. Әуен соңында алдыңғы қатар тізерлеп отырып, торсықтарын иықтарына қояды. Артқы қатар түзу тұрып, екі қолымен торсықтарын жоғары көтере биді аяқтайды.

Күні: 06-13.05.2022ж

Тобы: Мад «Ақкөгершін» тобы

Білім саласы: Шығармашылық

Білім бөлімі: Вариативтік компонент

Тақырыбы: Шабандоздар биі (1 ден – 28 ші тактіге дейін)

Мақсаты: Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жігерлі, көңілді орындау. Әуеннің ырғағын сезіне отырып, аттың шабысын, қамшыны дұрыс ұстау.

Қатысушылар: 6 – 8 ұл балалар. (5-жас)

1. Әннің басталуымен, балалар қамшыны алып қатарға тұрып, дайындалады.

Қыздар төрде қолдарын бұлғап, би ырғақтарымен қимылдарды жасады.

Музыканың жылдам «серпімелі» ырғағы басталғанда, ұлдар қамшыларын сермеп шауып, залды айналып келіп ортаға орналасады, қамшыны жоғары көтеріп, көрермендерге қарап тұрады. («Қатты үлеске» қимыдар ауысып отырады.)

2. Негізгі шумақ басталғанда, ұлдар солға қарай оң аяқ тізесін бүгіп отырады.

Қыздар оң аяқтарының тізесін солға қарай бұрып, қолдарын алға созып білезіктерін түйістіреді.

3. Түзу тұрып, қамшыны жоғарыға көтереді, қыздар орындарында тұрып, қолдарын екі жанына жаяды.

4. Оңға қарай бұрылып, тізе бүгіп еңкейіп отырады. Қыздар оңға қарай тізелерімен бұрылып бүгіп, қол білезіктерін түйістіреді.

5. Бәрі түзу тұрады.

6-7. Қимылдарды алға қарап қайталайды, тік тұрады.

8-9. Гиккэй-гиккэй. 1-шумақтың аяғында оңға-солға еңкейіп, қамшыны екі қолмен ұстап, алға қарай сермейді. Қыздар бердей қозғалып, екі қолдарын алма-кезек қарама-қайшы қимылдатып, білезік пен саусақтарын майыстыра өте нәзік қимылдатады.

Күні: 20 - 27.05.2022ж

Тобы: Мад «Ақкөгершін» тобы

Білім саласы: Шығармашылық

Білім бөлімі: Вариатив

Тақырыбы: Теңізшілер биі (1 ден – ші тактіге дейін)

Мақсаты: Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жігерлі, көңілді орындау. Музыканы тыңдай отырып, музыка сипатын би қимылдарында беру.

Қатысушы: (4 қыз,4 ұл)

1. Әуеннің кіріспесінде ер балалар қолдарын арқаларына айқастыра ұстап, нық басып шығады. Шеңбер бойымен жүріп, қатарласа тұрады.
2. Алға қарай бірнеше қадам жасап, кері қарай жүреді. Алға жүргенде қолдары екі жаққа созылады, артқа шегінгенде қолдарын белдеріне қояды.
3. Қыздар қолдарын кеуде тұсына айқастыра жеңіл секіре басып толық шеңбер жасайды. Ер балалармен қатарласа тұрып, өз жұптарымен қол ұстаса жүреді.
4. Жұптар екі қатарға бөліне тұрады. Бір – біріне қарама – қарсы бағытта үш рет адымдай айналады. Осы қимыл керісінше бағытта қайталанады.
5. Жұптар қолтықтаса жеңіл секіре басып бір орында үш рет айналады.
6. Қыздар ішкі шеңберге кіріп, сағат тілінің және қарама - қарсы бағытта секіре айналады.
7. Қыздар шеңбер сыртына қайта оралып, жұптарымен қол ұстаса кең шеңбер жасай жеңіл секіре жүгіреді.
8. Жұптар бір қатарға келіп тоқтайды. Алдыңғы баланың оң иығына оң қолдарын қойып, бірге тербеледі. Сол аяқ ұшын алға – артқа бірге қозғайды.
9. Осы қалыпта аяқтарын алшақ қойып, тізіле жерге отырады. Қайықта отырғандай болып, «ескек – ескен» қимылдарын жасайды.
10. Қыздар орындарында тұрып, қолдарын белдеріне қойып, оңға – солға қимылдайды. Ер балалар алға адымдай шығып, «отырып – тұру» қимылдарын жасайды. Отырғанда қолдары белде, тұрғанда қолдарын екі жаққа созады.
11. Жұптар бір қатарға тұрады. Ер балалар тізерлеп отырады, қол шапалақтайды. Қыздар ер балаларды үш рет секіреді. Қолтықтаса қол бұлғап, қоштаса шығып кетеді.

ЖШС «Қалдықыз ана» бөбекжай балабақшасы



Вариативтік компонент

Мәнерлеп оқу

Мектепалды даярлық «Ақкөгершін» тобы

2021-2022 оқу жылы

Тәрбиеші

А.Ағайдарова

Күні 02. 09. 2021

Тақырыбы: Балабақша Р. Есенбаева

Мақсаты: Өлеңді мақамына келтіре оқуға үйрету.

Балабақша есігін,
Сәби болып ашқанбыз.
Балапандай мәпелеп,
Өсіреді бақшамыз
Балабақша базарлы үй
Көшедегі ажарлы үй
Шаттығы бар шуақты
Өз үйіміз сияқты.
Бұл екінші үйіміз
Бір туғанбыз бәріміз
Біз осы үйдің гүліміз
Біз осы үйдің сәніміз
Ойыншықты жинаймыз
Бөбектерге сыйлаймыз
Өнер-білім үйреткен
Бақшамызды қимаймыз.

Күні 09. 09. 2021

Тақырыбы: Досым артық өзімнен М. Өлімбаев

Мақсаты: Өлеңнің мазмұнын айтуға, мәнерлеп оқуға дағдыландыру.

Досым артық өзімнен! Мен

«Екі» алсам, жүреді,

Ол қызарып үнемі.

Көріспесек екі күн,

Білем дереу жетуін.

Сөзде берік тұрады,

Айтқан жерден шығады.

Аянбайды ауырдан, Аямайды

бауырдан.

Жұмыс десе тым құмар:

Екі айттырмай тындырар,

Өзім жиі сеземін,

Жатсынбайды адамды,

Жақтырмайды жаманды. Қолғабысқа

әрдайым,

Менің досым дап-дайын.

Үсті-басы тап-таза,

Міне, осындай Баққожа! «Мен

артықпын!» - демейді,

Жебер жерде жебейді.

Күні 16. 09. 2021

Мәнерлеп оқу

«Доп» Ұ. Есдәулетов

Мақсаты: тілдерін дамыту, сөздік қорын байыту.

Добым, добым, домалақ Тоқтамайсың
домалап.

Үстел үстін бүлдірдің
Ыдыстарды сындырдың,
Тентек болып кеттің деп
Тұрмын сені тепкім кеп.

Күні 23. 09. 2021

«Көбейсін жасыл көшелер» М. Зайтов

Мақсаты: Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету.

Үйеңкі, терек, қарағай...
Бойлай өсті күн сүйіп.
Көшеміз де жағалай
Жасыл шапан тұр киіп.
Көкке қарай бойласын,
Терең тартып тамырын.
Көк желекке орансын
Менің туған ауылым.

Күні 07. 10. 2021

Мәнерлеп оқу

«Комбайншы боламын» Б. Ғанибаев

Мақсаты: Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету.

Еңбек етуге талпынған,
Жаны игі жарқын жан.
Комбайншы жүр әне,
Қырмаға үйіп алтын дән.

Отанымның алабын, Сары
алтынмен көмкерген. Сол
ағадай боламын, Ер жетем
де ертең мен. Қызды
қайнап ел ісі,
Қызыл қырман жер үсті,
Елдің тойлап жүргені,
Еңбегінің жемісі.

14.10. 2021

Вариативтік компонент

Мәнерлеп оқу

Тақырыбы: «Машина» Ұ. Есдәулетов

Мақсаты: Өлеңді мәнерлеп оқуға жаттықтыру, тілдің дыбысталу мәдениетіне тәрбиелеу.

Үлкен болдым десем, де Ешім
маған сенбейді.
-Жалғыз жүрме көшеде
Кікентайсың сен, - дейді
Үлкенмін ғой, міне, мен
Ойыншықтарды жинаймын. Машинама
мінер ем
Орындығыңа сыймаймын

21.10.2021

Вариативтік компонент

Мәнерлеп оқу

«Бағдаршам» Ә. Табылдиев

Мақсаты: Балалардың тілдерін дамытып, сөздік қорын байыту.

Ашса кезек үш көзін,
Айтты деп үш сөзін:
«Токта!»
«Сақтан!»
«Жол аштық!»
Жүрме жолға таласып.
Қызыл көзін ашқанда,
Сынық сүйем баспа алға,
Сары көзін ашқанда,
Қарап қалма аспанға,
Жасыл көзін ашқанда,
Өте бергін, жасқанба!
Көзін ашып-жұмады,
Бағыт сілтеп тұрады.

28.10.2021

Вариативтік компонент

Мәнерлеп оқу

«Күзде» Е. Елубаев

Мақсаты: Балалардың тілін дамыту, сөздік қорын молайту.

Қайтқан құсты көрдің бе,
Қайтпай ұшқан әуелеп,
Күткен күзім, келдің бе,
Сыңсып бағың мәуелеп.

Қамба толды астыққа,
Алғыс саған, алтын күз!
Бір уыс дән шаштық та,
Қап-қап қауын алдық біз.

04.11.2021

Мәнерлеп оқу

«Әдептілік әліппесі» А. Асылбеков

Мақсаты: Балаларды әдепті болуға, жаман әдеттерден аулақ болуға үйрету.

Атам маған әменде Әдепті
бала бол деген.
Ата сөзі санамда,
Жасы үлкенге жол берем.
Алдын орып кісінің,
Кесіп өтпей көлденең.
Ізетімен кішінің
Сәлемдесіп қол берем. Атам
маған әменде Кішіпейіл
бол деген.
Ата сөзі әменде
Мақтанбауды жөн көрем.
Өзгелерден өзімді Санамаймын
жоғары.
Артық айтып сөзімді,
Желпінгенім жоқ әлі.
Атам маған әменде
Әділетті бол деген. Ата
сөзі санамда Жүрем тура
жолменен. Қалдыратын
ұятқа Жалғыз сөзге
төзбеймін. Жеткізеді
мұратқа, Тек шындықты
көздеймін.

11.11.2021

Мәнерлеп оқу

«Жемістер жыры»

Мақсаты: балалардың тілін дамыту, сөздік қорын молайту.

Алма:

Нарттай қызыл алмам бар,
Мәз болады алғандар.
Жазда әдемі киінем, Тілді
балдай үйірем.

Өрік: Көктемде ерте гүлдеймін,
Кешігуді білмеймін.
Піспей тұрған кезімде
«Менен аулақ жүр», - деймін. **Р. Қунақова**

Шие: Тіл үйірген шырыным,
Жемістердің бірімін.
Мен маржандай шиемін,
Ұнатамын күн нұрын. **Н. Жанаев**

18.11.2021

Мәнерлеп оқу

«Көмек» Е. Ашықбаев

Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыту және оны белсенді қолдану дағдысын жетілдіру.

Таза ұстаймын үйімді,
Менен жұмыс қала ма?
Ілгішке іліп киімді
Көмектесем мамама.
Елгезекпін – бұл анық,
Мамамды мен сыйлаймын.
Білегімді сыбанып
Ыдысты да жинаймын.

25.11.2021

Мәнерлеп оқу

«Кім болам?» Ж. Саин

Мақсаты: Сөздегі дыбыстарды таза, анық айтуға машықтандыру.

Мен ер болам, ер болам, Ермен
ертең тең болам. Айбыным
желдей есілген, Уытты болам,
өр болам.

Мен кішкентай балғын жас,
Алтын таңмен аралас, Мектепке
қадам басамын.
Оқуда алда, істе алда,
Үлгімін барлық ұланға,
Тасамын, судай тасамын!
Ертең, ертең ер жетем, Ер
боламын, күн болам!
Жарқыраған жайнаған

Күн нұрымен бір болам!
Елді, Отанды қорғайтын
Батыр ұлан мен болам!

02.12.2021

Мәнерлеп оқу
«Ата» С. Мұқамбетұлы
Мақсаты: Өлеңнің мазмұнын талдауға, мәнерлеп оқуға
жаттықтыру. Саяла аппақ сақалын, Аяла, дос қатарын.
Ойланбастан орында
Айтқаны заң – атаның.
Көп асықтан ататын,
Танығандай сақасын.
Білу керек бар бала
Жатқа жеті атасын.

09.12.2021

Мәнерлеп оқу
«Туған ел» Т. Әлімқұлов
Мақсаты: Өлеңнің мазмұнын талдауға мәнерлеп оқуға
жаттықтыру. Байтақ дала – туған жердің, Қымбат маған әр тасы.
Өзен, көлі, самал желі, Асқар тауы баршасы.
Еркелеуім сенің арқаң ,
Сенің арқаң туған ел,
Қасиетіңнен айналайын ,
Туған елім – кең далам.

23.12.2021

Мәнерлеп оқу
«Отаным менің кең-байтақ» Қ. Шаңғытбаев
Мақсаты: Сөздік қорын молайту, танымдық қызығушылығын арттыру.

Жайнаған сансыз қаласы,
Жайқалған жомарт даласы. Ел
– Отан біздің кең-байтақ,
Отанның біздер баласы.

Отан – асыл анамыз,
Ана сүтін ақтаймыз.
Есейгенде ер болып, Елді
жаудан сақтаймыз.

Арайлап таңы атады,
Жұлдызы жарық шашады.
Еседі шалқып самалы, Көлдері
көлбеп жатады.

30.12.2021

Мәнерлеп оқу

«Туған ел» Т. Әлімқұлов

Мақсаты: Олеңнің мазмұнын талдауға мәнерлеп оқуға жаттықтыру. Байтақ дала – туған жердің, Қымбат маған әр тасы. Өзен, көлі, самал желі, Асқар тауы баршасы. Еркелеуім сенің арқаң ,
Сенің арқаң туған ел,
Қасиетіңнен айналайын ,
Туған елім – кең далам.

06.01. 2022

Мәнерлеп оқу

«Бақбақ» М. Әлімбаев

Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыту. Өсімдіктерге қамқор болуға тәрбиелеу.

Аппақ, аппақ, бақбақтар
Тура киіз ақ үйлер.
Төнеді кеп жан-жақтан,
Тамашалап сәбилер.

13.01. 2022

Мәнерлеп оқу

«Аю» И. Токмакова

Мақсаты: Балалардың тілін дамыту, сөздік қорын молайту.

Тауға шықсаң – қалың қар,
Сайға түссең – қалың қар,
Шырша үсті қалың қар.
Байқандар, қар астында
Ұйықтап жатқан аю бар

20.01. 2022

Мәнерлеп оқу

«Тырналар» Қ. Баянбаев

Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыту. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.

Аспанда самғайды,
Тырналар тізіліп.
Біреуі қалмайды
Қатардан үзіліп.
Сақтайды сапарда.
Бірлікті кім мұндай.
Бұзылмас қатары,
Кәдімгі шынжырдай.

27.01. 2022

Мәнерлеп оқу
Вариативтік компонент
Мәнерлеп оқу
«Қаңтар» Н. Әлімқұлов

Мақсаты: Тақпақты мәнерлеп оқып жаттауға көмектесу.

Лебі мұздай ызғарлы,
Алып келді қыс қарды.
Қысқа түндер ұзарды,
Ұзақ күндер қысқарды.

Аяз сүйіп қарсы алған,
Жердің аппақ тұлғасы.
Қыстың айы – Қаңтардан
Басталады жыл басы.

03.02. 2022

Вариативтік компонент
Мәнерлеп оқу
Тақырыбы: «Бұлт» Ә. Табылдиев

Мақсаты: Сөздегі дыбыстарды таза, анық, айтуға машықтандыру.

-Бұлт –ау, көктен төнесің ,
Қайдан көшіп келесің ,
-Мұхит үрлесе, желемін!
Жел үрлесе, желемін!
-Қайдан қалай нәр алдың?
-Теңіз, мұхит суданмын,
Бу боп судан туғанмын! -
Ақсың, сұрсың, қарасың,
Қалқып қайда барасың?
-Жерге нөсер төгемін,
Өссін гүлдер, көп егін! -Гүл-
гүл жайнап өсер көк,
Нөсерлетсең , нөсерлет!

10.02. 2022

Мәнерлеп оқу
«Тікұшақ» Н. Айтов

Мақсаты: Таныс дыбысты сөзде ажырата білуге үйрету

Шарлайды даланы, Шолады
шалғайды.
Геолог ағаны
Көтеріп самғайды.
Малшыға көмекке,
Қолма-қол келеді,
Дәрігер керек пе –
Жеткізіп береді.
Боранда, желде де

Ұшудан тынбайды,
Кез келген жерге де
Қонуға ыңғайлы,
Көліктер жүрісін
Бақылар, жол қарап
Тікұшақ – біз үшін
Таптырмас қолқанат.

Күні 17. 02. 2022

Мәнерлеп оқу

Тақырыбы: «Почташы» Е. Ескендіров

Мақсаты: Оленді мәнерлеп оқу. Балалардың сөздік қорын дамыту.

Күні бойы жол жүріп,

Көрген емес болдырып.

Қайтады үйге алғысты,

Қапшығына толтырып.

«Телефон» К. Чуковский

аударған Қ. Мырзалиев

Күні 24. 02. 2022

Тақырыбы: «Мен дәрігер боламын» **Ө. Тұрманжанов**

Мақсаты: Өзі ұнатқанмамандығы жөнінде түсінігін тереңдетіп, қызығушылығын арттыру.

Ақ халатты киемін,

Аппақ болып жүремін.

Аппақ болып жүргенді,

Өзім жақсы сүйемін.

Дәрігермін мен деймін,

Кәрі әжемді емдеймін.

Көп-көп ішіп дәріні,

Кәрілікті жең деймін.

Құрылысшы Ө. Мұханов

Зәулім мектеп, алаңы,

Көркем үйлі қаланы, Балалардың

бақшасын

Құрылысшылар салады.

Мәрмәртасты діңгекті,

Театрды көрнекті Әсем ою, өрнекті

Құрылысшылар салады.

Күні 03. 03. 2021

Бата М. Мақатаев

Мақсаты: Өлеңнің мазмұнын айтуға, мәнерлеп оқуға дағдыландыру.

... Ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын.

Қайда барсаң жол болсын,

Ұлыс бақты болсын,

Төрт түлік ақты болсын.

Ұлыс береке берсін,

Бәле-жала жерге енсін!

Ұлыс күні қазан толса,

Ол жылы ақ мол болар.

Ұлы кісіден бата алса,

Сонда олжалы жол болар.

Қыс өтіп, қар кетіп,

Шырайлы жаз жетіп.

Шаруаның кенелген

Мейрамы ежелден

Құтты болсын, бұл наурыз!

Күні 10. 03. 2021

Тақырыбы: «Дала» С. Сейфуллин

Мақсаты:балалардың тілін дамыту, сөздік қорын молайту.

Құшағын жайған кең дала
Төсін ашқан анадай. Қаладан
келген сағынып, Бейне бір
жас баладай.

Далаға келіп көк-жасыл,
Кестелі жібек көрпедей,
Жас балаша шаттанып,
Құлай кеттім еркелей. Көк
ала кілем – жасыл шөп,
Тамылжып иісін аңқытты.
Кеудеге толып жас иіс,
Тән мен жанды балқытты...
«Кетпе» деп тағы көк
шалғын Аяғыма оралды.
Жібермей бөгеп алдымды,
Майысып гүлдер бұралды.

17.03.2022

Тақырыбы: «Он саусақ» М. Әлімбаев

Мақсаты: Өлеңді мәнерлеп оқуға жаттықтыру, тілдің дыбысталу мәдениетіне тәрбиелеу.

Жалғыз саусақ тіпті де,
Ұстай алмас жіпті де,
Екі саусақ бірікті,
Ине қолға ілікті. Үш
саусағым орамды,
Жүгіртеді қаламды...

Өнерлі екен он саусақ!

Қала салсақ, жол салсақ.

31.03. 2022

Көктем деген немене?

Мақсаты: балалардың тілін дамыту, сөздік қорын молайту.

-Көктем деген немене?

-Көктем деген көп жаңбыр.

Әнге салып әуеде,

Қарлығаш ол тұрған бір.

Көктем деген – ашылған Бұлақтардың
көзі ғой.

Ақ тұманның басында

Жаңа туған қозы ғой.

Көктем деген – балалар

Құлыншақ қой зулаған,

Еркелеген далаға,

Құрық салсаң, тулаған.

Көктем деген қыстайғы

Әніміз ғой айтатын.

Көктем деген құстар ғой

Туған жерге қайтатын.

Күні 07. 04. 2022

Қызғалдақ О. Асқар

Мақсаты: Балалардың сөздік қорын байытумен бірге есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру.

Секілді екен қарасаң,

Дейді қалып бала таң.

Жапырағы өз гүлін,

Аялаған алақан.

Жігітте бар ма тұру жай?

Бұрды мойнын бұрудай.

Гүл көрінді көйлегі,

Сусып түскен сұлудай.

«Әсем гүл» деп бұл қандай?

Қараудан еш жүр қанбай.

Қызыл ернін сүйіріп,

Сүйіскелі тұрғандай.

Егде де өтпес таң қалмай,

Салтанатты сән қандай?

Көз тартар гүл жапанда,

Жалғыз шырақ жанғандай.

Түсте де таң қаласың,

Иісінен нәр аласың.

Көзін қадап көзіңе

Тұрма деп сұлу қаласың.

Күні 14. 04. 2022

Мәнерлеп оқу

Тақырыбы: «Ас атасы – нан» Ә. Қалдыбаев

Мақсаты: мәнерлеп оқуға жаттықтыру, тілдің дыбысталу мәдениетіне тәрбиелеу.

Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде

жатса баспаңдар.

Теріп алып қастерлеп,

Торғайларға тастандар.

Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар,

Нанда адамның еңбегімен ары бар.

Нан – өмірдің ана сүті, арқауы.

Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.

Күні 21. 04. 2022

Мәнерлеп оқу

Тақырыбы: «Бал арасы» С. Тойлыбаев

Мақсаты: үлкендердің еңбегін бағалауға, еңбексүйгіштікке баулу.

Ара, ара, аралар,

Гүл қауызын жағалар.

Оны бакқан ағалар,

Шелек-шелек бал алар.

Ұшып кірсе қасыңа,

Сен тимесең, тимейді.

Қастығы жоқ досыңа.

Күні 28.04.2022 Бейсенбі

Мәнерлеп оқу

Тақырыбы: «Мен Азамат» Ә. Дүйсенбиев

Мақсаты: Балалардың тілін дамытып, сөздік қорын байыту.

Үйде жоқ анашым,

Үйде жоқ папашым,

Жинадым төсекті,

Суардым көшетті.

Сумкасын апамның,

Столын папамның

Қойдым мен тазалап, Десін

деп Азамат! Тартпасын

ашпадым, Қағазды

шашпадым.

«Мен азамат» деп алып,

Енді отырмын дем алып.

05. 05. 2022

Мәнерлеп оқу

Тақырыбы: «Бір шаңырақ астында» Н. Айтов

Мақсаты: Ауызбіршілікке, татулыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

Бір шаңырақ астында, Тату-
тәтті тұрамыз.

Бірге ішеміз асты да,

Бірге сайран құрамыз.

Ортақ болып ісіміз,

Еңбек десе тынбаймыз.

Үлкен сыйлап кішіміз,

Аға ақылын тындаймыз.

Достықты үлгі санаған,

Бір үйде біз тұрамыз.

Қалған ата-бабадан,

Бірлік асыл мұрамыз!

12. 05. 2022

Мәнерлеп оқу

Тақырыбы: «Жеңіс күні»

Мақсаты: «Жеңіс күні» ерекесінің маңыздылығын түсіндіру.

Ойлап тұрдым көп,
Сауал бердім білгім
кеп: Қуанышты мереке
—

Жеңіс күні қай күн? — деп
Атамнан да сұрадым Папамнан
да сұрадым. Ағамнан да
сұрадым,

Апамнан да сұрадым.

Тосты бәрі құлағын.

Дұрыс, - десті, -
сұрағың! Бейбіт күннің

бәрі де – Жеңіс күні,
шырағым!

19.05.2022

Мәнерлеп оқу

Тақырыбы: «Жаз» С. Оспанов

Сөздік қорларын дамыту, дыбыстарды анық , нақты айтуға дағдыландыру.

Ауыл қонды жайлауға,

Дала жатыр жадырап. Қой

қаптады қойнауға, Қозы

лақтар жамырап.

Жаздың күні шуақты,

Ойда, қырда тамаша,

Сағым перде сияқты,

Жер аумаған алаша.

Жаз жайдары алақай,

Жатыр жайнап даламыз.

Жүр, қаненки, балақай,

Шомылуға барамыз.

26.05.2022

Мәнерлеп оқу

Тақырыбы: «Өшіргіш пен қарындаш» Қ. Мырзалиев

Мақсаты: Есте сақтау, түсіну, жаттау дағдыларын дамыту.

-Кемшілікті сүйемін,

Ешкімге бас имеймін.

Бұрысыңды өшірем,

Дұрысыңа тимеймін! –

Деді өшіргіш досына,

Сен не дейсің осыма?

Бұрысты рас, сүймейсің.

Дұрысқа рас, тимейсің.

Сол дұрысты бірақ та,

Мақтауды да білмейсің! – Деді
сонда Қарындаш,
Ойлайсындар, бұл да рас!